Алатау

Газет 2001 жылдың 7 тамызынан шыға бастады

№15 (914)

19.04.2019

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

alatau_offset@mail.ru
alatau.aqparat

ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІК

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНА ҮКІМЕТТІК ДЕЛЕГАЦИЯ КЕЛДІ

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНА ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ГҮЛШАРА ӘБДІХАЛЫҚОВА МЕН БІРҚАТАР БИЛІК ӨКІЛДЕРІ АРНАЙЫ ЖҰМЫС САПАРЫМЕН КЕЛДІ. ДЕЛЕГАЦИЯ ҚҰРАМЫНДА БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРІ КҮЛӘШ ШАМШИДИНОВА, ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРІ БЕРДІБЕК САПАРБАЕВ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРІ ЕЛЖАН БІРТАНОВ ПЕН ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҚ ІСТЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫ МАРХАБАТ ЖАЙЫМБЕТОВ БАР. ҮКІМЕТТІК ТОПТЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ – ЕЛБАСЫ ТАПСЫРМАСЫНА СӘЙКЕС, «ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМҚОРЛЫҚ» АТТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ШАРАЛАРДЫ ХАЛЫҚҚА ТҮСІНДІРУ.

Жұмыс сапарын Талдықорған қалалық жұмыспен қамту орталығынан бастаған билік өкілдері атаулы әлеуметтік көмек алудың тәртібі мен талаптарын талқылап, бірқатар тапсырмалар берді. Жиын барысында облыста 2018 жылы 8294 адам жұмыспен қамтылып, оның 2681-і тұрақты жұмысқа орналастырылғаны, 3248-і қоғамдық жұмысқа тартылғаны сөз болды. Сондай-ақ, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Зайда Ілімжанова көп балалы және аз қамтылған отбасыларын қолдау мақсатында әзірленген Әлеуметтік картаны таныстырды. Жобаның маңызы туралы облыс әкімі Амандық Баталов кеңінен айтып берді. Аталған жобаға әкімдік тарапынан 3 млрд 380 млн теңгеге жуық қаражат бөлінгендігі де аталып өтті. Осы орайда, алдағы уақытта тұрмыстық қиыншылық зардабын тартып жүрген адамдарға көмек көрсету көзделіп отыр.

Келесі бағытын көрме орталығына бұрған шенеуніктер халықпен жүздесіп, мемлекеттің қазіргі жүзеге асырып жатқан «Әлеуметтік қамқорлық» бағдарламасының жай-жапсарын түсіндірді. Кездесуге көп балалы аналар, аз қамтылған отбасы мүшелері, үкіметтік емес ұйымдар, еңбек ардагерлері, мүгедектер, мұғалімдер, дәрігерлер, жастар, «Nur Otan» партиясының мүшелері, кәсіпкерлер, жергілікті атқарушы органдар өкілдері қатысты. Жиналған қала және елдімекен тұрғындары әлеуметтік мәселеге қатысты сауалдарына жауап алды.

Жалғасы 5-бетте.

ЖҰРТ ТЫНЫШ БОЛСЫН!

Бүгінде бүкіл Қазақ елі, Қазақ елін танып-білгісі келетін төрткүл дүниенің әр түкпіріндегі барша адамдарың ерекше зер салып, жіті назар аударып отырған бір шындығы бар. Ол Қазақ Елінің жаңа Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзінің ел басшысы ретіндегі алғашқы сапарларын қалай бастап, қайда баратыны және алғашқы кеңес-жиындарда қандай бағыт-бағдар ұстанатыны не айтатыны жайында.

Бұл орайда ерекше парасаттылық танытқан ел басшысы өзінің Президент лауазымындағы алғашқы сапарын киелі Түркістаннан бастап Түркістан – тек қазақ халқының ғана емес күллі түркі жұртының қасиетті мекені, аса жауапты сәттер мен күрделі саяси шешімдер қабылдайтын уақыттарда тәу ететін қасиетті орын – сан ғасырлық адамзат шежіресінің куәгері және өркениет жауһары екенін бүкіл әлемге тағы да бір паш етті.

Облыс әкімдерімен өткен кеңесте әкімдерге халыққа жақын болуды, жұртты мазалаған мәселелерге жедел жауап қайыруды тапсырды. Аудандардан бастап облысқа дейінгі барлық деңгейдегі әкімдерге қатысты бұл тапсырма әкімдерге халықпен қарым-қатынастың дереу жаңа форматына көшуді, ашық және шұғыл әрекет етуді жүктейді.

Бұрынырақта, әлеуметтік желілерде ара-тұра айтып жүрген:

– Бізге даңғазалықты доғарып, ысырапшылдықтан арылу қажет...

– Ең алдымен, қазақ тілін және орыс тілін оқыту жүзеге асырылуы тиіс. Біздің балаларымыз үшін мұның мәні зор. Содан кейін ағылшын тілін үйретуге болады, – деген ой-тұжырымдарын тағы да нақтылап, қадап-қадап тұрып ашық айтты.

Күні кеше ғана аяқталған, Ресейге барған алғашқы халықаралық сапарында салиқалы, салмақты, сындарлы саясат ұстанды.

Ал республикалық газеттерге берген «Барымыз да, бағымыз да – Тәуелсіздік» атты сұхбатында: «Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті де, ділі мен діні де – тілінде. В. Радлов айтқандай, қазақ тілі – ең таза әрі бай тілдің бірі. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал. Меніңше, тілдің тұғыры да, тағдыры да бесіктен, отбасынан басталады», – деді мемлекет басшысы.

Бұл енді қазақ қаламгері шаңырағында дүниеге келіп, қазақ тілін қастерлеп өскен нағыз азаматтың сөзі. Кезінде «Әке туралы ой-толғау» атты естелігінде Қасым-Жомарт Тоқаев былай деп жазған еді: «Әрбір перзент ата-анасын кие тұтады. Ол үшін әке-шешесі тұтынған кез келген зат қастерлі. Маған да әкей жазған кітаптар соншалық бағалы, әрі қымбат. Мезгіл сайын оларды қайталап оқимын. Сонда менің көз алдыма түннің бір уағына дейін үстел басында тапжылмай жазу жазып отыратын әкем елестейді. Оның шаршаңқы жүзін, ұсақ әріптер жеп, әбден қызарған көзін көргендей боламын. Жұмыс үстінде ол күнәһар жер бетін тастап, биік аспанда қалықтап жүргендей елестейді. Қаламгердің қолынан шыққан кітаптардың әрқайсысының өзіндік тағдыры, тарихы бар. Әкейдің әрбір жаңа кітабы біздің отбасымызға үлкен қуаныш алып келетін. Ішкі сырын ақтара бермейтін, сезіміне әрдайым ұстамды әкей, дегенмен әрбір кітабына жұмсаған ауыр еңбегі аяқталып, оқырманға жол тартарда іштейгі қанағат сезімін жасыра алмайтын...»

Енді, міне, өзінің Қазақстан халқына үндеуінде аса маңызды шешім қабылдап, Қазақстан Республикасындағы кезектен тыс сайлау 2019 жылдың 9 маусымында өтетінін мәлімдеді. Ал кезектен тыс сайлау туралы шешім қабылдау – өте маңызды әрі қажетті қадам еді. Өйткені дәл қазір бүкіл халықтық заңды сайлау өткізудің, заңды Президент сайлап алудың мәні зор. Себебі елдегі қоғамдық-саяси келісімді қамтамасыз етіп, ілгері басу үшін, қазіргі әлеуметтік-экономикалық мақсат-міндеттерді қажырлы түрде лайықты жүзеге асыру үшін бізге ең алдымен ел ішінде жүрген небір күңгірт әңгімелерді сырып тастайтын айрықша айқындылық қажет екені анық. Сондықтан да Президент осындай батыл қадамға барып отыр. Бұл дер кезінде қабылданған сындарлы да дұрыс шешім деп ойлаймыз.

– Президент халықтың таңдауымен сайланады. Мен, мемлекет басшысы ретінде, сайлаудың таза, ашық әрі әділ өтуіне кепілдік беремін! Бұл – менің берік ұстанымым! – деп қадап айтты Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына өз үндеуінде.

Ылайым, сайлау осы деңгейде өтсін деп тілейік! Бұл баршамызға барынша жауапкершілік жүктейтін сәт!

Қаламгер – қашанда халықтың, елдің тұтастығын ойлайтын халық. Саяси партиялардың да таянышы, тірегі – халық. Ендеше ел аман, жұрт тыныш болсын!

Ырым КЕНЕНБАЙ,
«Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері.

«Қазақ әдебиеті» газеті, №15, 12 сәуір

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ТАШКЕНТТЕ ТОҚАЕВ ПЕН МИРЗИЁЕВТІҢ КЕЗДЕСУІ ӨТТІ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПЕН ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ШАВКАТ МИРЗИЁЕВ «КӨКСАРАЙ» ПРЕЗИДЕНТ РЕЗИДЕНЦИЯСЫНДА КЕЗДЕСТІ. БҰЛ ТУРАЛЫ ҚАЗАҚПАРАТ АГЕНТТІГІ ХАБАРЛАДЫ.

Кеңейтілген және жабық форматтағы келіссөздер барысында екі елдің көшбасшылары саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салаларда, аймақтық және халықаралық тақырыптарда екіжақты ынтымақтастық мәселелерін талқылауды жоспарлады.

Келіссөздер соңында екіжақты құжаттарға қол қойылып, бұқаралық ақпарат құралдарына мәлімдеме жасалады деп жоспарланып отыр.

Естеріңізге сала кетсек, 14 сәуірде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік сапармен Ташкентке барған болатын.

АУЫЛДАРДЫҢ МӘСЕЛЕСІН ШЕШУГЕ 30 МЛРД ТЕҢГЕ БӨЛІНБЕК

Бұл жөнінде Сенат отырысында Қаржы министрінің міндетін атқарушы Берік Шолпанқұлов мәлімдеді.

«Бюджет нақтылаудың негізгі бағыты – Президенттің жаңа әлеуметтік шараларын іске асыру. Оларға биылғы жылы 481,3 млрд теңге бөлінді. Олар мынадай іс-шаралар бойынша: бірінші – 2019 жылы 261,3 млрд теңге шығыстар азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдауды күшейтуге жіберілді. Екінші – «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында 100 млрд теңге шығыстар аз қамтылған отбасыларды тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталады. Үшінші – 90 млрд теңге шығыстар өңірлік инфрақұрылымды дамытуға арналады. Олар жергілікті жолдар желісін дамытуға, сумен жабдықтауға, су бұру мен су шаруашылығына, газбен жабдықтау мен электр энергетикасына бағытталады», - деді Берік Шолпанқұлов.

Оның айтуынша, жаңа бағыт бойынша ірі қалалардың шет аймағының проблемаларын шешуге биылғы жылы 30 млрд теңге бөлінеді.

«Оның ішінде Нұр-Сұлтан қаласы мен Ақмола облысының қала маңындағы ауылдарына 15 млрд теңге, Алматы қаласына 10 млрд теңге және Шымкент қаласына 5 млрд теңге бөлінеді. Төртінші – 2019 жылға арналған 30 млрд теңге шығыстар «Ауыл – ел бесігі» жаңа арнайы жобасын іске асыруға бағытталады», - деді Берік Шолпанқұлов Сенат отырысында.

Жетісулық дихандар егістік маусымын жағымды жаңалықпен бастады. Атап айтсақ, Талдықорған қаласында технологиялық агропарк ашылды. Нысанның ашылу салтанатында бір өзі бірнеше жұмысты атқаратын заманауи техникалар таныстырылды.

ЖЕТІСУДА АГРОКЕШЕН АШЫЛДЫ

Мәселен, бағдарламалау арқылы басқарылатын тракторды жүргізуші емес, жұмыс процессін қадағалаушы маман бақылап отырады. Әрі тұқымды 2 см тереңдікте себу, өңдеу жұмыстарын атқарады. Бүгінде өңірде 3 техника сатылып алынған. Келешекте оның санын арттырып, қолданысқа беру көзделген. Агрокешенің аумағы 54 гектар. Оның 17 гектарына қант қызылшасы егілмек Егіс алқабына жиналған дихандарға тәтті түбірді егу, оны күтіп-баптау жолдары көрсетілді. Инновациялық әдістерді енгізіп, өнім көлемін екі есеге дейін арттыру мүмкіндіктері ұсынылды.

«Қазақ» егіншілік және өсімдік шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының директоры Андрей Агеенко: «Біздің негізгі мақсат - шаруаларды ғалымдармен бірлесе жұмыс істеуге шақыру. Дәнді дақылды соңғы ғылыми негізге сүйене отырып ексе, заманауи техникаларды пайдаланса, сонда өнім мол шығатынын, шығынның азаятынын түсіндіру», - деді. Ал, өңір басшысының орынбасары Серікжан Бескемпіров: «Осы жерге дәнді дақылдардың 15 түрі егілген. Шаруалар алысқа бармай-ақ, осында үйренсін, көрсін деп ұйымдастырып отырмыз. Облыс әкімі ақша бөлді. Бұл – облыстағы екінші технологиялық агропарк. Алғашқысы Қарасай ауданында ашылды. Ол оңтүстік өңірдегі шаруаларға көмектеседі. Ал Талдықорғандағы кешен солтүстіктегі дихандардың жер жыртып, егін егуіне жәрдемдеседі», - дегенді айтты.

Өз тілшіміз.

КӘСІБІ – НӘСІБІ

ЖЕҢІЛДЕТІЛГЕН НЕСИЕМЕН ЖЫЛЫЖАЙ АШТЫ

Жас кәсіпкер Ділдана Бөкей «Бастау» бойынша оқудан өтіп, жеңілдетілген несие алған соң, Сарқан ауданының Бірлік ауылында жылыжай ашты. Заманауи жылыжайдың аумағы 500 шаршы метр. Осылайша бұл - аудандағы ең ірі кәсіпкерлік нысандарының бірі. Осы жерде жыл бойы қызанақ, қияр және т.б. көкөкніс өсіріледі.

«Жылыжай құрылысын қыс айында бастадық. Жылу жүйесі мен тамшылап суармалауды орнаттық. Қазіргі таңда көкөністердің ерте пісетін сұрыптары егілді. Алғашқы өнімді сәуір айының соңына қарай аламыз деп күтіп отырмыз», - дейді Ділдана Бөкей.

Іскер әйелдің айтуынша, жылыжай салу туралы ой ертеректе пайда болған. Бизнес-жобаны іске асыру мақсатында «Бастау» кәсіпкерлік негіздері бойынша сабақтарына жазылып, бизнестің қыр-сырын үйренген.

«Отбамысыз үлкен. Жұбайыммен бірге бес баланы тәрбиелеп отырмыз. Ертең балаларымызға аманат болып қалатын жаңұялық бизнесті ашсақ деген арман болатын. Өткен жазда «Бастау» оқуына бардым. Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры арқылы 2,9 млн теңге сомадағы жеңілдетілген несие алып, істі бастадық», - дейді кәсіпкер.

Жылыжай аумағында жылына 3 мыңға тарта көкөніс өсіріп, оны аудан нарығына шығару жоспарланып отыр.

Айта кетейік, өткен жылы «Бастау» жобасы Алматы облысының барлық ауданында өткізіліп, 3361 азамат оқуға қатысты. Оның ішінде 916 бизнес-жоба 2,5 млрд теңгеге қаржыландырылды.

Ш. ХАМИТОВ.

НЫСАН

«ШҮКІРБҰЛАҚ» БӨГЕТІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Алматы облысында маңызды нысанның құрылысы басталды. Қытай Халық Республикасы мен елімізге ортақ «Шүкірбұлақ» су бөгетінің алғашқы кірпіші қаланды. Халықаралық жоба Қорғас өзеніне салынады.

Дәл қазір Қытай Халық Республикасы мен еліміздің өкілетті тұлғалары «Шүкірбұлақ» су бөгетінің алғашқы кірпішін қалады. Бұл – 2012 жылы еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша қолға алынған жоба. Ұзындығы – 534, биіктігі – 50 метр болатын су бөгетінің жалпы қуаты 10 миллион текше метрді құрайды. Жоспар бойынша 2021 жылы пайдалануға берілмек. Айта кетейік, «Қорғас 1» жобасы 2013 жылы басталған. Өткен бес жылда осы Қорғас өзенінің аңғары кеңейтіліп, жағалауы бектілді. Су бөгеті сол жобаның екінші кезеңі саналады. Екі елге ортақ аумақта орналасқан «Шүкірбұлақ» су бөгетін салу жөніндегі халықаралық келісім 2017 жылы жасалған болатын. Естеріңізге сала кетейік, 2015, 2016 жылдары таудағы мұздықтар еріп, су Қорғас өзенінің арнасынан асып, Қорғас халықаралық ынтымақтастық орталығына зиян келтірген еді. Шығын көлемі 2 жарым миллиард теңгені құрады. Сондықтан өзен жағалай орналасқан елді мекендерді су алып кетпеу үшін су бөгетін салу маңызды болып отыр.

А.КЕМЕЛЖАН.

ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ МЕМОРАНДУМЫ

Алматы облысы кәсіпкерлер палатасының баспасөз қызметінің хабарлауынша, Өңірлік кәсіпкерлер палатасы жастардың стартап-жобаларына консалтингтік қызмет жасап, жобаларын сүйемелдеп, кәсіпкерлермен байланыс орнатады. Аталмыш қолдау Алматы облысы Кәсіпкерлер палатасы, Талдықорған жоғары политехникалық колледжі және «Жаңғыру жолы» РЖҚ өңірлік штабы арасында қол қойылған жас кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту жөніндегі өзара ынтымақтастық туралы меморандум аясында көрсетіледі.

Келісім жастар мен бизнес арасында тиімді жұмыс істейтін өзара диалог алаңын ұйымдастыру, кәсіпкерлік саласындағы өзекті мәселелерді бірлесіп отырып қарау мен шешу, отандық бизнестің бәсекеге қабілеттілігін жетілдіру жөніндегі жүйелі шараларды іске асыруға бағытталған.

«Біз жастарды кәсіпкерлік қызметке тартуға, жастардың кәсіпкерлік әлеуетін ашуға бағытталған жобаларды іске асыру үшін бірлесіп жұмыс істеуіміз қажет. Өз кезегінде «Атамекен» жастарды кәсіпкерлік негіздеріне оқытып, оларға кеңес беріп, жобаны тіркелген сәтінен бастап іске асырылғанға дейін қолдау көрсететін болады», - деп атап өтті Өңірлік кәсіпкерлер палатасының басшысы Нариман Абильшаиков.

Қазіргі таңда колледже жастар жобаларын іске асыруға бағытталған бизнес-инкубатор құрылған. Кәсіпкерлер палатасы жас кәсіпкерлерге консалтинг қызметтер көрсетіп, жобаларын сүйемелдейді, сонымен бірге, бизнес өкілдерімен ынтымақтастықты арттырады.

Ш. БАТЫРОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

СЕРИАЛ «ЗОЛОТАЯ ОРДА» – НОВЫЙ ЭТАП РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНСКОГО КИНЕМАТОГРАФА

Исторический сериал «Золотая Орда» получил широкое внимание со стороны общественности еще до выхода на телеэкраны. Сотрудничество российских и казахстанских актеров и актрис заинтересовало в первых трейлерах сериала. Если обратить внимание на сценарий фильма, то стоит отметить, что это, прежде всего художественный фильм. Отчасти, «Золотая Орда» служит полотном для сценариста и режиссера. Здесь историческая хронология занимает лишь второстепенную роль. Поэтому критиковать идеи сценариста об его представлении периода татаро-монгольского ига будет неправильным.

Нам представлены две цивилизации с абсолютно разной культурой и укладом жизни, которые волей неволей сталкиваются друг с другом. Несмотря на данные различия, герои сериала испытывают одинаковые чувства и преследуют одну цель: либо поддаться зову сердца, либо заполучить власть. Ревность, жадность, ложь и предательство можно назвать частью всей этой игры между героями. Каждый из персонажей подверг свою сущность определённому чувству, от которого собственно страдает или получает подарок судьбы. Подобно турецкому сериалу «Великолепный век», «Золотая орда» приоткрывает завесу к жизни правящих семей, и какие секреты скрывает каждый из них.

Эпоха средневековья, которая была преподнесена зрителям, и заключалась в мельчайших деталях. К примеру, город Владимир, ставка князя Ярослава. Деревянные сооружения в виде теремов, бань и караулов, жители княжества, их манера речи помогли зрителю проникнуться атмосферой того времени. Вопреки стереотипам о кочевниках-дикарях, создатели фильма решили показать другую сторону жизни воинственных личностей монголов-татар. Быт и культуру кочевых племен, трудности женской части населения, традиционную одежду и т.д, опираясь на детали их повседневной жизни вне военных походов. Контраст природных зон двух государств показывают нам одну из причин различия уклада жизни двух народов. Через призму их обыденных действий зритель проникнется настоящими чувствами к героям. Сопереживания зрителя – это одно из лучших достижений для создателей сериала.

Акцентируя внимание на внешний облик сериала, который привлекает больший интерес, стоит похвалить работу костюмеров и постановщиков. Создать сооружения средневековой эпохи, сшить традиционные наряды заняло много времени. Качественная работа создателей сериала и актеров получила симпатию среди зрителей. Химия между актерами заставляет вас понервничать, и ждать с нетерпением следующей серии. Сериалы стали отличной площадкой для показа исторических событий, пусть и не самых достоверных, в визуальном формате. Повседневная жизнь, и переживания героев средневековой эпохи показали нам, что ценности и понятия человеческой природы остаются неизменными. Меняется лишь время и эпоха.

М. КЕНЕСОВА.

Министерством юстиции Республики Казахстан с 10 апреля по 3 мая проводится республиканские конкурсы на лучший короткий видеоролик (vine) «Нет контрафакту в Казахстане» среди молодежи от 16 до 29 лет и на лучшее эссе «Интеллектуальная собственность и модель государства 2050 года» среди детей 14-16 лет.

Условиями участия в конкурсе на лучший короткий видеоролик (vine) «Нет контрафакту в Казахстане» являются:
- открытый доступ к личному профилю участника;
- стать подписчиком @adiletgovkz;
- разместить короткий видеоролик на тему: «Нет контрафакту в Казахстане» на своей странице в Инстаграмм;
- в описании видеоролика поставить хэштег #КонкурсНЕТконтрафакту2019, отметить @adiletgovkz
- продолжительность видеоролика не более 1 минуты.

По итогам Конкурса присуждаются 2 призовых места в номинациях:
-«самое большое количество просмотров»;
-«самый содержательный видеоролик».

Условиями участия в конкурсе на лучшее эссе «Интеллектуальная собственность и модель государства 2050 года» являются:
- участники представляют эссе (прозаическое сочинение небольшого объема и свободной композиции) в бумажном и (или) электронном виде (на цифровом носителе USB, диск) на адреса (электронные адреса) Департаментов юстиции согласно приложению №2.
- о дополнительных требованиях к конкурсной работе необходимо обратиться в Департамент юстиции Алматинской области по адресу: г.Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра 38, контактные телефоны 24-39-41.

МИРОВАЯ ПРАКТИКА ПОКАЗЫВАЕТ, ЧТО КОРРУПЦИЯ ЯВЛЯЕТСЯ НЕИЗБЕЖНЫМ АТРИБУТОМ СТРАН ПЕРЕХОДНОГО ПЕРИОДА, К КОТОРЫМ ОТНОСИТСЯ И КАЗАХСТАН. ОДНИМИ ИЗ ГЛАВНЫХ ПРИЧИН КОРРУПЦИИ, ПО НАШЕМУ МНЕНИЮ ЯВЛЯЮТСЯ: НИЗКАЯ ЗАРАБОТНАЯ ПЛАТА ГРАЖДАН И В ТОМ ЧИСЛЕ ГОССЛУЖАЩИХ, НЕРАЗВИТОСТЬ И НЕСОВЕРШЕНСТВО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА, НЕЭФФЕКТИВНОСТЬ ИНСТИТУТОВ ВЛАСТИ, СЛАБАЯ КАДРОВАЯ ПОЛИТИКА ГОСУДАРСТВА, НИЗКОЕ КАЧЕСТВО РАБОТЫ СУДЕБНОЙ СИСТЕМЫ, КУМОВСТВО, ПАССИВНОЕ ОТНОШЕНИЕ ОБЩЕСТВА К СВОЕВОЛИЮ И БЕЗЗАКОНИЮ СО СТОРОНЫ ВЛАСТИ.

НАДО БЕСПОЩАДНО БОРОТЬСЯ

Коррупция является негативным явлением современного общества, требующим постоянного тщательного изучения, системного подхода, комплексного и оперативного противодействия. Уровень и масштабы существующей в стране коррупции сдерживают экономическое развитие, негативно отражаются на инвестиционном климате, снижают имидж страны, международную заинтересованность в сотрудничестве с Республикой Казахстан. В этой связи борьба с коррупцией является основным приоритетом государственной политики Казахстана.

Наша республика основываясь на нормах международного права, выразила намерение вырабатывать и применять эффективные правовые меры, направленные на предупреждение коррупции и борьбу с ней. Правовую основу противодействия коррупции в Республике Казахстан составляют Конституция РК, Уголовный Кодекс Республики Казахстан, Уголовно-процессуальный Кодекс Республики Казахстан, Закон РК «О противодействии коррупции» и другие нормативные правовые акты, предусматривающие основные направления и конкретные меры противодействия и борьбы с коррупцией.

Для Казахстана преодоление коррупции является одним из главных направлений государственной политики, приоритетность которого была четко обозначена Первым Президентом – Елбасы нашего государства Нурсултаном Абишевичем Назарбаевым, где в своем «Послании народу Казахстана» в качестве одного из семи приоритетов государства назвал решительную и беспощадную борьбу с коррупцией.

Сара ЖАНБЫРБАЕВА,
судья Талдыкорганского городского суда.

РАЗРЕШЕНИЕ СПОРА МИРНЫМ ПУТЕМ

В настоящее время суды принимает меры для примирения сторон, содействует им в урегулировании спора на всех стадиях процесса. Поэтому стороны могут урегулировать спор в полном объеме взаимных требований либо в части, заключив мировое соглашение, соглашение об урегулировании спора (конфликта) в порядке медиации или соглашение об урегулировании спора в порядке партисипативной процедуры либо используя иные способы в порядке, установленном Кодексом.

Право выбора остается за сторонами.

Судебная медиация или медиация важна по делам, когда спор (конфликт) сторон может быть исчерпан при изменении предмета и основания иска одновременно.

В Гражданском процессуальном кодексе закреплено за адвокатами право на примирительные процедуры.

Законом «Об адвокатской деятельности» предусмотрено проведение партисипативной процедуры адвокатами. Следовательно, до обращения в суд стороны могут проходить эту процедуру и в случае недостижения соглашения обратиться в суд. При таких обстоятельствах, суд обязывает стороны представить документы и доказательства, полученные в ходе ее проведения. Это значительно облегчит подготовку дела к судебному разбирательству и сократит сроки ее проведения.

Привести стороны к какому-либо соглашению гораздо труднее, чем просто вынести решение. Это требует от судьи большого жизненного опыта, больше временных и психологических затрат, необходимость знания им основ конфликтологии и психологии.

Расширение в Гражданском процессуальном кодексе применение примирительных процедур с участием медиаторов, адвокатов способствует повышению числа людей, которые разрешают свой спор мирным путем, в связи, с чем для нас важно проводить среди населения разъяснительную работу о примирительных процедурах.

Ернар КУРМАНГАЛИ,
ведущий специалист Талдыкорганского городского суда.

ГЕНДЕРНАЯ ПОЛИТИКА КАЗАХСТАНА

Основные принципы гендерной политики в нашей стране устанавливают равные права мужчин и женщин, что гарантировано Конституцией РК. Задачи гендерной политики достижение сбалансированного участия мужчин и женщин во властных структурах, обеспечение равных возможностях для экономической независимости, развития своего бизнеса и продвижение по службе, создание условий для равного осуществления прав и обязаностей в семье. Однако законодательного оформления принципы равных возможностей для обоих полов недостаточно, чтобы преодолеть исторически сложившиеся стереотипы о женском участии в политике, которые укрепились в гражданских институтах общества и положение современных женщин противоречиво, что проявляется в ее социальной экономической и политической активности, а так же в дальнейшем развитие институтах семьи.

В Казахстане женщины, можно сказать составляют больше половины населения, их положение, роль и статус имеют важное значение в обществе, поэтому вопросы гендерного равенства отнесены к числу важных социальных проблем не только в Казахстане, но и во всем мире. За годы независимости в Казахстане было проведено множество конференций и заседаний посвященных именно проблемам гендерного неравенства. Согласно мировому опыту женщины вносят особый вклад в общественную жизнь. Также приоритетной задачей должно быть широкое гендерное просвещение политической элиты по вопросам участия женщин в политических процессах, осмысление и постановка гендерных проблем, а так же разработка методов решения этих проблем по мировому опыту.

Поэтому для нашего государства огромное значение имеют вопросы теоретического обоснования и развития национального механизма, исследования институциональное развитие, политическая практика и анализ достижения гендерного равноправия. На сегодняшний день в Казахстане сложилась целая система институциональных механизмов, предназначенных для защиты прав женщин и повышения их статуса. Эти механизмы постоянно развиваются и совершенствуются, а их деятельность во всех сферах жизни становится все более действенной и эффективной.

В целом следует отметить, что одним из важных направлений современной политике по обеспечению гендерного равенства является демократизация политической системы. Социально-экономическая трансформация нашего общества требует от государства формирования политики, в большей степени учитывающей вектор изменений в международной политике гендерного равенства.

Молдир ИСЛАМОВА,
ведущий специалист Талдыкорганского городского суда.

«ТОРЕЛИК» - УНИКАЛЬНАЯ СИСТЕМА

В современных условиях возрастает потребность в оперативном поиске и получении информации, требуется оптимизация и ускорение любых, в том числе судебных процедур, автоматизация бизнес-процессов.

Уникальность новой системы «Торелик» состоит в том, что она позволяет вести автоматизированный учет и контроль соблюдения сроков при регистрации, рассмотрении исковых заявлений (жалоб) и в целом за соблюдением всех процессуальных сроков.

Система осуществляет доступ ко всем необходимым в процессе отправления правосудия информационным базам государственных органов. «Торелик» позволяет выполнить сразу три задачи: эффективно организовать работу судей, облегчить и упростить доступ к судебной защите, обеспечить новые возможности для контроля и исключения человеческого фактора, в том числе любых не процессуальных контактов.

Использование информационно-коммуникационных технологий в судебной деятельности дает ряд огромных возможностей и преимуществ:

- освобождение судей и судебных работников от рутинного, непроизводительного и не требующего больших интеллектуальных затрат труда, ускорение «бизнес-процессов», формирование и использование больших по объемов и разнообразных по содержанию статистических и аналитических данных;
- повышение возможностей эффективного мониторинга и контроля за судопроизводством, как со стороны самого суда, так и со стороны общественности, что стимулирует объективное и беспристрастное отношение к организации;
- облегчение доступа к правосудию, сокращение судебных издержек и расходов на содержание судебной системы;
- повышение открытости правосудия за счет расширения доступа к актуализированной и полной судебной информации, обеспечение «обратной связи» судов с населением, что в конечном итоге влияет на степень доверия к судебной власти;
- обеспечение режима правовой определенности, через формирование и доступ к единообразной судебной практике по разрешению конкретных судебно-правовых споров, что непосредственно отражается на стабильности и предсказуемости правовых отношений.

Жумаш АКБЕРГЕНОВ,
судья Алакольского районного суда.

ПАРТИЙЦЫ ОКАЗЫВАЮТ ПОМОЩЬ НАСЕЛЕНИЮ

По словам представителей первички, партия «Nur Otan» - стала ключевым звеном между исполнением задач поставленных Елбасы и защиты интересов народа. «Наши общественные приемные выполняют функцию связующего элемента деятельности государственных органов и обращении жителей. Мы направляем граждан для получения услуг без препятствий, разъясняем и помогаем в решении их вопросов. В рамках проекта специалисты общественных приемных партии «Nur Otan» оказывают услуги и помощь всем слоям населения. В их числе консультации по самым разным вопросам: от оформления социальных пособий - до разъяснения юридических норм. Первый заместитель Талдыкорганского городского филиала партии Аманжол Жазыкбаев на собрании первички выразил свое мнение по поводу проведения внеочередных выборов Президента страны.

«Подобный шаг является очередным подтверждением свободного, демократического пути развития нашего общества, выбор в сторону которого был сделан нашей страной с самых первых шагов обретения Независимости» - делится мнением Аманжол Токтарулы.

В завершении собрания члены первички «Жарык» единогласно поддержали инициативу Главы государства К.К.Токаева по проведению внеочередных выборов и избрали делегатов на конференцию городского филиала партии.

Национальные проекты партии - основа для развития нации. К такому единому мнению пришли на собрании ППО первички Енбекшиказахского района Алматинской области. Партийцы с уверенностью говорили о результатах своей работы с начала года. Так к примеру в рамках проекта «Бақытты отбасы» есть положительные результаты, оказана материальная помощь многодетным матерям района и приобретено жилье двум многодетным семьям. «Партия сегодня становится ключевым связывающим звеном между населением и государственными органами. Проекты предусматривают не только непосредственную поддержку малообеспеченных семей, но и предупреждение их неблагополучия на основе создания возможностей самостоятельного решения жизненных проблем.

Целью проекта «Ауыл – ел бесігі» является создание условий для обеспечения активного участия молодежи в социально-экономическом развитии села, модернизации предпринимательской деятельности и повышения качества жизни сельских жителей», - разъяснила в своем выступлении председатель первичной парторганизации «Тургень» Бота Елеусизова.

Также с разъяснительной речью выступил первый заместитель председателя районного филиала партии Куат Байгоджаев и призвал всех партийцев активно участвовать в предстоящей избирательной кампании.

На собраниях «первичек» вторым вопросом повестки дня являлся избрание делегатов, на которых будет формироваться список делегатов на внеочередную XXI Конференцую районного филиала партии «Nur Otan».

Напоминаем, что 23 апреля текущего года в городе Нур-Султан партийцы выдвинут кандидата от партии для участия в выборах Президента РК.

Ш. БАТЫРОВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕЛ БОЛАМЫН ДЕСЕН ЭКРАНЫҢДЫ ТҮЗЕ

Бүгінгі оқиға – ертеңгі тарих. Бүгін не істеп жүрміз, қандай амал жасаудамыз, барлығы келер ұрпаққа тәлім-тәрбие. Әсіресе, кітап, телеарна, әлеуметтегі жазбалар – болашағымыздың айнасы болмақ. Басқасын айтпағанда, тіпті, жұрт сенген, ел аузына қарап отырған белгілі тұлғалардың ойланбай айта салған сөздері, парықсыз ойлары өмір бойы жинаған абыройын қашырып, көрерменді теріс айналдыра бастағандай. Оған дәлел, қоғамда үлкен шу тудырған «Қалаулым», «Кел, келінім», «Өз ойым» сынды бағдарламалар.

Арзан абырой, баянсыз танымалдылық, пайда қуу, жалған мақтан, қолдан жасалатын рейтингілер үшін қазақ телевизиясы бұзылып бара жатқандай. Осыған мысал ретінде, Айнұр есімді қара домалақ қызымыздың «7 арнадағы» «Өз ойым» ток-шоуына шығып, пәктігін сатамын деп жаһанға жар салуы болса, екіншісі аталған телебағдарламаның жасанды кейіпкер болуға шақырғанын айдай әлемге жайғаны болды. Әлеуметтік желілер де мұны іліп әкетіп, талқылаулар әлі толастаған жоқ. Ең сорақысы сол, қытайлық сайттардың да осы оқиғаны жарыса жазғандары болып отыр.

Түсінікті болу үшін осы арада жалған кейіпкер ретінде арын саудалаған Айнұрға қатысты оқиғаны қысқаша баяндап өтелік. Жас қыздың аңқаулығын пайдаланған рейтинг құғыштар бастан-аяқ не айтып, не қоятынына дейін жазып береді. Онымен қоймай, бағдарламаға өз еркімен келгендігі туралы қағазға да қол қойдырып алады. Бағдарлама шыға салып, халық Айнұрды кінәлап, туыстары бас тартады. Тіпті, оқудан шығарып жібереді. Осы екі ортада жайдарманшы Нұрболхан Шарапов бар шындықтың бетін ашып, халыққа барынша нақты ақпарат берді. «...Өз ойым» мен ойлағандай емес екен. Мен жай бергі жағын ғана көріп жүр екенмін. Айтпағым мынау: кешегі бағдарламада кейіпкер болған қыз бағдарламаның арғы жағын айтып берді, сондағы бар шындық видеода. Қаршадай қыздың аңғалдығын пайдаланып, Ләйлә Сұлтанқызының атын араға салып, қызыл-жасыл дүниеге қызықтырып, «Осы рөлді ойнап берсең, қызық қылып, өз-өзіңді бұзық қылып, жұрт қарайды көздерін сүзіп тұрып, подписчик көбейеді деп құнықтырып», басқа да уәделерді тізіп тұрып алдап соққан ғой шіркінді.

Осы жағдайдан кейін «Өз ойым» бағдарламасын «MARVEL» компаниясына ұқсаттым. «MARVEL» қоғамға Халк, Тор, Өрмекші адам, Темір адам, Супермэн сияқты кейіпкерлерді қолдан жасап берсе, «Өз Ойым» бағдарламасы да трансвестит, гей, жезөкше, арын сатқыш сынды кейіпкерлерді қолдан жасап, экраннан жариялап отыр. «Өз ойымның» кейіпкерлері өз ойын айта алмайды екен. «Өз ойым» – сөз ойыны екен», - деп, туыстары мен оқу басшылығына Айнұрға түсіністікпен қарауды сұрады.

Ал, арын саудаға сатпақ болды деп елді шулатқан қыз болса өзінің алданғанын айтып, қазір өкінетінін жеткізген еді. «Келістім. Бірақ мынадай рөл аламын деп ойлаған жоқпын. Келесі күні хабарласып: «Сіз қыздығымды сатамын деп шығасыз, халықты шулату керек қой. Осылай айтсаңыз, ел дүрлігеді, бағдарламаға барған кезде осылай айтасың» дегендерін айтты.

Қоғамда қызу талқыға түскен осы жағдайға елге танымал журналистер, белгілі тұлғалар, өнер адамдары мен блогерлер де бейжай қалмады. Қазақтың тексті болмысына қара таңба болатын осындай пайдасыз бағдарламалардың жабылуын талап етіп, арна ұжымын, жүргізушілерді ашық әңгімеге, халықтан кешірім сұрауға шақыруда. Әсіресе, «Әйел бақыты» сынды белгілі бағдарламамен танылған Ләйла Сұлтанқызының үнсіз қалғанына күйінуде. Оның үстіне халықтың күтетіні пайдалы ақпарат, тәрбиеге толы бағдарламалар. Көзі ашық, көкірегі ояу теле көрермендер бүгінде ненің ақ, ненің қара екенін ажырата алады. Өресі биік көрерменге керегі басқа. Тыңдарман да оқырман да терең зерттеулерге, танымдық дүниелерге, жұртты тәнті етіп, жүректі тебіренткен адами оқиғаларға зәру екені күн өткен сайын көрініп отыр.

Г. ЕРДАУЛЕТОВА.

Асхат САДЫРБАЙ, журналист:

«Қоғамда ондай бар, біз оны халыққа көрсетуіміз керек» деген сөзді естісем құсқым келеді. Кешіріңіздерші. Ол миссияны кім берді саған? Көке, қоғамың кім, көрермен халқың кім, сен кім? Кім кімге ақыл айтып, кім кімге не көрсетіп, кім кімнің көзін ашпақшы? Сен өмір сүріп жатқан қоғамда өзгелер де өмір сүріп жатыр. Халықтың көзі ашық, кейбіреулері сенен әлдеқайда артық біледі көп нәрсені. Бір бағдарламаға жүргізуші болу – көшбасшы, көсем, жол бастаушы болдың деген сөз емес. Сен де сол халықтың ішінен шыққан, сен де сол қоғамнан шыққан адамсың. Өзіңді олай тым артық, ақылды қылып, көптің арасынан бөлектеп, көкірек керіп сөйлегенді қою керек. Қоғамда болып жатқан нәрсе қоғамда болып жатыр. Ол дертпен күресу үшін жалпақ жұртқа жар сала жариялап, жамыраудың қажеті жоқ. Бәрі білетін нәрседен жаңалық жасап, жерден жеті қоян табу күлкілі. Мысалы, бір жерден от шықса оған барып құм немесе су себеді. Ал, бұлар жанып жатқан отқа бензин шашып күйдіреді ғой. «Біз өртті өшіріп жатырмыз, сөйлемендер, хайпажор болмаңдар» дейді. Соларға ақиқатты көздеріне шұқып тұрып көрсетіп, ақыл айтатын адам жоқ па айналаларында? Олар батып бара жатқан Титаникте отырып алып «Бұл жерде кеменің кінәсі жоқ» деп мұхиттың түбіне кетіп бара жатқандарын түсіне ме?

Бибігүл ДӘУЛЕТБЕКҚЫЗЫ, журналист:

Маулен Ашимбаев, мына қыздың өмірі енді не болмақ?! Айтыңызшы?! Бүкіл елге қарабет болған қыз осы «Жетінші» арнадағы «Өз ойым» жасанды шоудан кейін оқуынан шығарып жіберген. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеттің ректоры бұндай сорақыға шыдамаған болуы керек. Оқу орнының атына кір келтіргеп деп шығарған. Оларды да түсінуге болады. Қайдан білсін, бұл жас қыздың зымияндардың құрығына түскенін?!

Ішім сезеді бұл кейіпкерді «Өз ойым» ұжымы келісімшартқа қол қойғызып, ертеңгі күні әлгі жүргізушілер судан ақ, сүттен таза болып шығады.

Жас қызды оңбай алдаған «Өз ойымның» ұжымы, ел алдында кешірім сұрап, заң алдында жауап берсін!

«Жетінші» арна басшысы қайда қараған?! Обал болды ғой мына қызға. Үйінен де қуып жіберген.

Енді бұл қыздың өміріне қауіп төніп тұрмағанына кім кепіл?! Өмірде небір жайттар болып жатыр. Сондай оқиғаға ұшыраса, кімнен сұраймыз?!

ТӘРБИЕ БАСЫ - ТАЛБЕСІК

Халқымыз «Адам ұрпағымен мәңгі жасайды» дегенде, ұрпағынан зор үміт күтетіндігі белгілі. Ал, ол үмітті ақтау үшін білім мен тәрбиені, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре білген.

Қазақ ойшылы Жүсіп Баласағұнның өзінің «Құтты білік» атты еңбегінде тәрбие жайлы: «...Баланың мінез-құлқы жақсы тәрбиеден туындайды. Отбасы тәрбиесі бала мінез-құлқы мен психологиялық бейнесін қалыптастыру негіздерінің негізі. Сондықтан оны балғын шағынан оқытып, жақсылап тәрбиелеу керек. Ақылды, білімді етіп тәрбиелеу үшін әке-шешесі баласын үнемі назарда ұстауы тиіс. Балаларды қолөнерге баулу, ғылым-білімге қызықтыру – ата-ананың қасиетті парызы. Үлгілі тәртіптің негізі – білім, әдет-дағдыға машықтану. Сондықтан баланы кішкентайынан тіл алғызу, үлкендерді сыйлауға, ағайын-туысты, ата-ананы қастерлеуге үйрету керек», – дейді. Тәрбиені қашанда құнды байлыққа балаған халқымыз бала тәрбиесіне ешқашан жүрдім-бардым қарамаған. Тәрбие адамдардың пайда болуымен бірге туындаған. Баланың мінез-құлығындағы кемшіліктері – бұл тәрбиені дұрыс бермеу нәтижесі деп есептеледі. Халық баланың жас ерекшеліктерін және психологиясы туралы білімді ғасырлар бойы зерттеп жинаған. Баланың болашақта қалыптасуы бірінші үлкендермен қарым-қатынасына байланысты болады. Мәселен, көптеген халықтар қыздың тәрбиесіне көп көңіл бөледі және оны жоғары бағалайды. Өйткені, қыз балаға ертеңгі ұрпақтың анасы, тәрбиешісі деп қараған. Халық педагогикасы тәрбиенің көптеген әдістерін қолданған. Ғасырлық тәжірибеде балаға тәрбиенің әсер ету әдістері мынадай: түсіндіру, оқыту, мадақтау, қолдау, көндіру, жеке үлгі, жаттығуды көрсету, ымдау, тұспалдау, жазалау болып тізбектеле береді. Тәрбие ұрысу немесе кеңес беру арқылы емес, қайта бала жанына жақын әрекетте қолданылғаны жөн. Бір ғана дерек келтіретін болсақ, бала ойын арқылы өзінің қуанышын, ренішін, арманын бейнелесе, ертеңгі күні, яғни болашақта сол арманын жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Бүлдіршіндердің білімді, білікті, саналы болуында ойынның алатын орны ерекше. Жалпы ойынның қандай түрі болса да атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырады. Ұлттық ойындардың негізгі мақсаты – бала бойына өнердің нұрын себу. Сол ойындардың заман талабына сай өзгертіліп, жаңартылып отырғандары өте орынды. Сондай-ақ, ұлттық тәрбие қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, қиын балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашақорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие арқылы біздер, аға буын өкілдері ел болашағын қалыптастырамыз.

Болашағымызды бала шағынан бойына ұлттық тәрбиені сіңіру арқылы тәрбиелеу аса тиімдірек. Бала шыбық тәрізді, қайдан жарық шықса, соған қарай бұрылып өседі. Оған қоса, балаға әсер ететін тартымды әуен екенін ескеріп, ұлттық аспаптармен орындалатын әндерді, күйлерді ақырын ғана қосып қойып, санасына әсер ететіндей, құлағын үйрете берген дұрыс. Әр түрлі ою-өрнектермен әшкейленген суретті кітапшаларды халықтық музыка әуенімен біртіндеп ашып, көзін жаттықтыра беру керек. Халық жырауларының термелерін, ертегілерді тыңдату – бала бойына патриоттық сезімін ұялататын бірден-бір тәсіл болмақ. Бала тәрбиесіне жіті көңіл бөліп, әр жас ерекшелігіне қарай білім берумен сабақтастырған орынды деп ойлаймын. Халқымыздың сан ғасырлардан келе жатқан ұлттық мұрасын оқу-тәрбие ісімен сабақтастыра отырып тәрбиелеу, ұмыт қалған салт-дәстүр, ұлттық ерекшелігімізді насихаттап, олардың бойына ұлттық психологияны қалыптастыру – әрбір ұстаздың адами міндеті, кәсіби парызы болып қала бермек.

Халқымыздың тәлім-тәрбие беретін әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлері мәдени құндылықтарымыздың ажырамас бір бөлігі болып табылады. Қазақ отбасында ұлттық тәрбиенің негізі – халықтық педагогика болғандықтан, баланы ұлттық салт-дәстүрлер аясында тәрбиелеген орынды. Мәселен, бойымыз үйренген Наурыз мерекесін тек атап өту мақсатында емес, содан тәрбиелік таным бергіміз келсе, түп тамырынан түсіндіріп үйреткен абзал. Бір тұрғыдан қарапайым көрінгенмен сол ұлттық мерекеміз Наурыздың өзінен жастардың алар өнегесі мол. Құяр сағасы ұрпағының тәрбиесін ұлттық тәліммен ұштастыра білу екендігін естен шығармағанымыз жөн. Қазақ халқының ұлттық мейрамдарында айтылатын өлең-жырларға дейін адамға жақсылық, қайырым жасау, табиғатқа, жан-жануарларға сөз құдіретімен оң ықпал ету көзделгендігін көреміз. Батырлар жырлары мен лиро-эпостық жырларда, ертегінің түрлерінде де көзделетін мақсат келер ұрпақты батыр, қырағы, алғыр азамат етіп тәрбиелеу болып табылатындығы шындық.

«Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлттың тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» – деп, кезінде ғалым Мағжан Жұмабаев айтып өткеніндей, ұлт тәрбиесін білім алушыға дұрыс деңгейде бере білсек, бүгінде белең алып жатқан жастар арасындағы келеңсіз оқиғалардан арылуға жол салған болар едік.

Перизат АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ,
«Е.Берліқожаұлы атындағы №11 орта мектебі» КММ,
қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНА ҮКІМЕТТІК ДЕЛЕГАЦИЯ КЕЛДІ

Жалғасы. Басы 1-бетте

Кездесуге келген жергілікті жұрт негізінен өздерін мазалаған баспана алудың тиімді жолдары, атаулы әлеуметтік көмек, кәсіпкерлікке арналған төмен пайызды несие, мүгедек адамдарға жасалатын қамқорлық түрлері бойынша бірқатар сұрақтарға жауап алды. Басқосуда Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев аз қамтылған отбасыларын қолдау мен халықтың кірісін ұлғайтудың қолға алынған жаңа шаралары туралы баяндама жасады.

Делегация құрамы облыстағы білім мен денсаулық, спорт пен мәдениет басқа да салаларда жасалып жатқан игі істермен танысты. Шаһардағы жаңадан бой көтерген Б. Римова атындағы драма театрдың ғимаратын аралап, сәні мен салтанаты жарасқан мәдениет ордасына жоғары баға берді. Талдықорғандағы №28 IT мектептегі өнертапқыш оқушылар жасаған жаңа құрылғыларды көріп, жас өрендердің тапқырлығына тәнті болып қайтты.

БАҚ өкілдері алдында сөз алған Гүлшара Наушақызы: «Жалпы Алматы облысында жақсы жұмыс жасалып жатыр. Алдағы үш жылда бұл аймақтан 109 медициналық мекеме, 18 мектеп бой көтерін болады. Облыс демографиялық тұрғыдан да өсіп келеді. Бүгінде облыста 40 мың көп балалы ана бар. Соның 18 мың отбасы, яғни 87 мың адам көмек алады. Олардың басым көпшілігі балалар. Ал, тұрғындарға көмекті дер кезінде көрсету үшін мұнда әлеуметтік карта жасалған. Мамыр айынан бастап, 80 отбасыға арендалық үй беріледі. Ол жұмыс та басталып кетті», – деп атап айтты.

Сондай-ақ, ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Гүлшара Әбдіқалықова мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев «Nur Otan» партиясының Алматы облыстық филиалында қоғамдық қабылдау өткізіп, мәселелерімен келген тұрғындарға бағыт берді. Атаулы әлеуметтік көмек алып отырған бірнеше отбасына барып, олардың тұрмыстық жағдайын сұрап білді. Көмекке мұқтаж отбасы мүшелері қоғамдық көлікте тегін жүру және басқа да әлеуметтік төлемдерге жеңілдіктер қарастырылғанына ризашылықтарын білдірді.

Билік өкілдері көпсалалы облыстық балалар ауруханасының неонаталдық орталығына барды. Орталықтағы қазіргі заманғы құралжабдықтар балалар мен жаңа туған нәрестелерге мамандандырылған хирургиялық, травматологиялық көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Орталық бала өлімін азайтуға, патологияны ерте сатыда анықтау мен алдын алуға бағытталған. Жаңадан іске қосылған емхана жұмыс бастағалы 189 операция жасалса, оның 18-і жаңа туған нәрестелер.

Жұмыс сапарының соңында Премьер-Министрдің орынбасары «Қаратал» шағынауданындағы студенттерге арналған жатақхана құрылысының жобасымен танысты. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Лаззат Тұрлашов: «Бұл ғимарат бұрын құрылысы аяқталмаған қонақүй болатын. Енді оны 2,4 млрд теңге қаражат бөліп, қайта жаңғырту арқылы 288 орындық заманауи студенттік жатақханаға айналдыру көзделген. Сонымен бірге Жетісу мемлекеттік университеті өз қаражатымен тағы бір жатақхана салу жоспарлануда», -деді.

Сапар барысында ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Гүлшара Әбдіқалықова журналистерге сұхбат беріп, Алматы облысында әлеуметтік-экономикалық дамудың оң динамикасы байқалатынын айтты. Әсіресе, Елбасының «Әлеуметтік қамқорлық» жаңа әлеуметтік шараларының өңірде орындалу барысындағы жақсы көрсеткіштерін, көп балалы және аз қамтылған отбасыларын қолдауға арналған Әлеуметтік карта жасалғанын атап өтті.

Өз тілшіміз.

Республикалық пікірсайыс турнирі

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ҚАРАСАЙ АУДАНЫ ҚАСКЕЛЕҢ ҚАЛАСЫНДА ОРНАЛАСҚАН СҮЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ XVII РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПІКІРСАЙЫС ТУРНИРІ ӨТТІ.

«Турнирдің басты мақсаты – еліміздегі шешендік өнер саласындағы жас қоғамдық саясаткерлерді, пікірталас жүргізе алатын өзіндік көзқарасы қалыптасқан, өз тобының қызығушылығын сауатты аргументтермен қорғай алатын жастарды іздестіру және оларды қолдау. Қазақстандағы пікірсайыс қозғалысы белсенділеріне ықпалдасу, жастар бойында төзімділік пен азаматтық көз қарастарды қалыптастыру. «Nur Otan» партиясының ауыспалы кубогіне арналған пікір-сайыс турниріне өңірлік іріктеу турнирінің жеңімпаздары қатысты», – дейді облыстық «Жас Отан» ЖҚ төрағасы Еркебұлан Ақболатов.

«2019 жыл – еліміз үшін маңызды жыл, үлкен белестермен жетістіктер уақыты, себебі бұл жастар жылы. Еліміздің Тұңғыш президенті, Елбасы, партия Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Жас Отан» жастар қанатының II-ші съезінде «Жастар «маған мемлекет не береді» деп емес, «мен елім үшін, жұртым үшін не істеу керекпін» деген ұстанымда болуы керек. Сонда ғана біз гүлденеміз», – деп атап өткендей, қазіргі Қазақстанның жастары әрдайым бәсекеге қабілетті, әрі ел өркендеуіне үлес қосуға дайын тұратын жауапты азаматтар болуы қажет» – деп ой бөлісті облыстық партия филиалы төрағасының орынбасары Серік Нұрқадырұлы.

Пікір-сайыс турнирі қазақ және орыс тілдерінде 3-6 бөлім аралығында Американдық парламенттік форматта өткізілді, топтардың ойыннан ығыстырылуы бірде төрт кезеңінен немесе жартылай финалдан басталды.

Республикалық турнирге еліміздің барлық өңірлерінен 20 топ қатысты. Әр топта 50 қатысушы. Сөз сайысында жалпы, орыс лигасында 6 топ, қазақ лигасында 14 топ ойын көрсетті. Төрешілер құрамы университеттің пікір сайыс клубының тарапынан құралды.

Сайыс соңында үздіктер анықталды. Қазақ лигасында жүлделі бірінші орынды Шымкент қаласының құрамасы алса, орыс лигасында Ақмолалық жастар жүйрік атанды. Екінші орындар қос лигада да Алматы қаласының құрамаларының еншісіне тисе, үшінші орында екі лигада да Жамбыл облысының қатысушылары ие болды. Барлық қатысушылар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Ш. ХАМИТОВ.

Дүйсенбі - Понедельник, 22 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Senbilik tan»
07.00 «TANSHOLPAN»
09.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.25 AQPARAT
10.00, 03.25 «HIT QAZAQSTAN»
11.00 «Apta»
12.05, 21.50 Т/х «ҮЗІЛМЕС ҮМІТ»
13.15, 18.40 «Konil tolqyny»
13.35, 22.50 Т/х «Өмірдің өзі новелла. Бәрінен де сен сұлу»
14.35,19.10 Т/х «Іздедім сені»
15.30 «SHANYRAQ»
17.15 Д/ф «Көшпенділер»
17.40, 02.55 «MENIN QAZAQSTANYM»
18.15, 04.15 «ARNAIY JOBA»
20.55 «QAREKET»
22.45 Т/с «Ертұғырыл»
23.45, 04.35 «TUNGI STUDIO»
01.15 Т/х «Достар»
01.40 Т/х «Жүрекке жол»
02.25 «Ұлт мақтанышы»

ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00, 19.30 Т/х «Шашу»
10.25 Д/ф «Журналистік зерттеу»
10.45 Премьера!!! NationalGeographic представляет «Марс»
11.30 «Символы нашей Родины»
12.10»Біздің назарда»
12.30 Д/ф «Мектеп»
13.10 Т/с «Дом с лилиями»
15.00 «Давайте говорить!»
15.50, 00.10 Т/х «Батыл жүрек»
16.45, 01.00 «Тағдыр тартысы»
17.15 Д/ф «Бір туынды тарихы»
17.45 «Bilim»
18.15 Т/х «Ережесіз әңгіме»
19.00 Т/х «Тергеушілер»
20.00, 23.40 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Online»
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Күләш»
22.20 Т/с «На крыльях любви»
23.10 «Бетпе-бет»
01.30 «Ауырмайтын жол ізде»
02.00 Әсем әуен

АСТАНА

06.00 «Kaznet»
06.30 «Сырты бүтін...»
07.00 Аружанмен бой жазу
07.10, 21.00 Т/х «Таңдауым сен»
08.10 Разминка с Аружан
08.20 «Избранное за неделю»
09.05 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Абысындар»
11.00 Т/с «Келін бақыты»
13.00 «Біздің уақыт»
14.00 Күндізгі жаңалықтар
14.20 «MoneyTime»
14.40 «Тенгемания Next»
15.00 Т/с «Склифосовский»
17.30 «Ruh.kz»
18.00 Т/х «Бір туған»
19.00 Т/х «№309»
20.00, 03.00 Жаңалықтар
20.30, 03.30 Новости «20.30»
00.00 Т/х «Қара нан»
02.00 «Көріпкел»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.20 «ӘН ДАРИЯ»
06.40, 04.05 «Той заказ»
07.10 «TAMADA BATTLE»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Поле Чудес»
12.00 «Қалаулым»
16.55 «Пусть говорят»
18.00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
18.45, 02.20 Пендеміз ғой
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Невский»
22.00, 01.35 «П@УТІNA»
00.40 «Зорге»

КТК

07.05 «Дау-дамайсыз»
07.30 Т/х «Қайсар жесір»
08.30 Т/х «Тағдыр қосқан асыл жар»
09.30 «Юрмала»
10.20 «Лидия»
12.40 Х/ф «Закон сохранения любви»
14.30 Х/ф «Восточные сладости»
16.35, 01.30 Т/х «Саодат»
18.00 Т/х «Махаббат пен жаза»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.50 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Лесник»
23.40 Х/ф «Дожить до любви»
02.30 Т/х «Сүйікті Дениз»
04.35 «Әйел қырық шырақты»
05.20 «Көріпкел»
06.10-06.30 «Мерекелік концерт»

ЖЕТІСУ

07. 05 Ән әлемі
07.30 «Таңжарық» ақпараттысазды бағдарлама
09.00 Апта (қаз)
09.50 Ән әлемі
10.00 Апта (рус)
10.50 Спорт тайм (қаз)
11.15 Полиция қызметі
11.50 Ән әлемі
12.00 Зерде
12.50 Тарих
13.00 Ән шырқайық
13.50 Концерт «Құс жолы»
16.05 Білек пен жүрек
16.45 Ем болсын
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Organic Life
18.00 Шашу
18.45 Organic Life
19.00 Әкім сағаты Тікелей эфир
20.00 Бай қуатты болайық
20.30 Жаңалықтар
21.00 Туржорық
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Ақ күң»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

05.40, 06.00, 12.30 Т/с «Жігіттер»
05.58 «ҚР ӘНҰРАНЫ»
07.00, 20.00 Информбюро
08.00, 04.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
10.00 М/с «Маша и медведь»
10.30, 21.00 Т/с «Махаббатым, кеш мені»
14.30 М/с «Аладдин»
15.00 «Джон Картер»
18.00 Т/с «Отель Элеон»
23.00 «Әзілдер жинағы»
01.00 «WhatsUp?»
02.00 «Келіндер байгесі»
02.40 «Өзіл студио»

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00 «Айнаонлайн»
08.00, 20.00, 03.00 Т/х «Элиф»
09.00 М/ф «Чебурашка»
10.50 «Смеяться разрешается»
12.30 «Юморина»
14.30, 18.50 Скетчком «Qazaq eli»
15.00, 03.45 Ток-шоу «Өз ойым»
16.40 Х/ф «Я знаю твои секреты»
19.00 Т/х «Ата-ана бала-шаға»
21.00 Лотерея 777
21.05 Скетчком «Няня аға»
21.40 Сериал «Балабол-2»
23.50 Х/ф «Плохие парни-2»
05.00 «Жеңіп көр»

Сейсенбі - Вторник, 23 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.35 Әнұран
06.05 Концерт
07.00 «TANSHOLPAN»
09.00 AQPARAT
10.00 «HIT QAZAQSTAN»
10.55 М/х «Элвин мен Алақоржындар»
11.15 «Kim bilgir?»
12.05, 21.50 Т/х «Үзілмес үміт»
13.00, 17.00, 20.00, 00.25 AQPARAT
13.15, 18.50 «Konil tolqyny»
13.35 Телехикая «ӨМІРДІҢ ӨЗІ НОВЕЛЛА». «ЖҰЛДЫЗДАР СӨНІП БАРАДЫ»
14.35, 19.10 Телехикая «ІЗДЕДІМ СЕНІ»
15.30 «SHANYRAQ». ТОК-шоу.Тікелей эфир
17.15 «Көшпенділер». Деректі фильм, 5 бөлім. «Түркия қазақтары: жолсерік».
17.40«Jan jylyy» Әлеуметтік тележурнал
18.05 «KIM BILGIR?»
20.55 «QAREKET»
22.45 Т/х «Ертұғрыл»
23.45, 03.35 «TYNGI STUDIO»
01.15 Т/х «Достар»
01.40 Т/х «Жүрекке жол»
02.25 «Hit Qazaqstan»
03.15 «Jan jylyy»
04.10 Д/ф «Көшпенділер»

ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00, 19.00 Т/х «Тергеушілер»
10.30, 19.30 Т/х «Шашу»
11.10, 22.30 Т/с «На крыльях любви»
12.10 «Біздің назарда»
12.30, 01.25 «Алтын бесік»
13.10 Т/с «Дом с лилиями»
15.00 «Давайте говорить»
15.45, 23.50 Т/х «Батыл жүрек»
16.45, 00.50 «Мектеп»
17.15 «Ұлы дала өркениеті»
18.00 «Народный контроль»
18.15 «Ережесіз әңгіме»
20.00, 23.20 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Online»
21.00 Итоги дня
21.30 Спецвыпуск

АСТАНА

06.00, 20.00, 03.00 Жаңалықтар
06.30, 20.30, 03.30 Новости «20:30»
07.00 Аружанмен бой жазу
07.10, 21.00 Т/х «Таңдауым сен»
08.10 Разминка с Аружан
08.20 М/ф «Маша и медведь»
10.30, 22.00 Т/х «Абысындар»
12.30 «Келін бақыты»
13.30 «Ел аузында»
14.00 Күндізгі жаңалықтар
14.20 «MoneyTime»
14.40 Т/с «ТенгеманияNext»
15.00 Т/с “Склифосовский”
17.30 «Ruh.kz»
18.00 Т/с «Бір тұған»
19.00 Т/х «№309»
00.00 «Қара нан»
02.00 «Көріпкел»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.20 «Ән Дария»
06.40, 04.05 «Той заказ»
07.15, 18.00 «Басты жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 Т/с «Торгсин»
12.00 «Қалаулым»
15.00 «Лучше, чем люди»
16.55 «Пусть говорят»
18.45, 02.20 «Кеш қалмайық»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Невский. Чужой среди чужих»
22.00, 01.35 «П@УТІNA»
00.35 «Зорге»

КТК

07.00 ӘНҰРАН
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Т/х «Қайсар жесір»
08.30 Т/х «Тағдыр қосқан асыл жар»
09.50 Новости
10.30, 21.40 «Лесник»
12.30, 23.40 Х/ф «Дожить до любви»
14.30 Х/ф «Восточные сладости2»
16.35,01.30 Т/с «Саодат»
18.00 Т/с «Махаббат пен жаза»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.50 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
04.35 «Әйел қырық шырақты»
05.20 «Көріпкел»
06.10-06.30 Мерекелік концерт

ЖЕТІСУ

07. 05 Ән әлемі.
07.30 «Таңжарық» ақпараттысазды бағдарлама
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Ем болсын
10.20 Net.laik
10.30 Бай қуатты болайық
11.00 Телесериал «Ақ күң»
12.00 Шашу
12.50 Туржорық
13.10 Док/сериал «Кровь на снегу»
14.05 Ә.Жамбыловқа арналған айтыс
16.45 Ем болсын
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Organic Life
18.00 Шашу
18.45 Organic Life
19.00 Тұжырым
19.30 «Оқырман» әдеби клубы
20.15 Net.laik
20.30 Жаңалықтар
21.00 Тарих парақтары
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Ақ күң»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

05.40, 06.00, 12.30 Т/с «Жігіттер»
05.58 «ҚР ӘНҰРАНЫ»
07.00, 20.00 «Информбюро»
08.00 «Әзілдер жинағы»
10.00 М/с «Маша и медведь»
10.30, 21.00 Т/с «Махаббатым кеш мені»
14.30 М/с «Аладдин»
15.30 Т/с «Воронины»
18.00 Т/с «Отель Элеон»
23.00 «Әзілдер жинағы»
01.00 «WhatsUp?»
02.00 Келіндер бәйгесі
02.40 Әзіл студио
04.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00, 19.00 Т/х «Ата-ана бала-шаға»
08.00, 20.00, 03.00 Т/х «Элиф»
09.00, 21.40 Т/с «Балабол-2»
11.15 «Смеяться разрешается»
13.30, 01.00 Т/с «Ловушка»
14.30, 18.50 Скетчком «Qazaq eli»
15.00 Ток-шоу «Өз ойым»
16.40 Т/с «Я знаю твои секреты»
21.00 Лотерея 777
21.05 Скетчком «Няня аға»
23.50 Т/с «Спецотряд. Кобра11»
03.45 «Өз ойым»
05.00 «Жеңіп көр»

Сәрсенбі - Среда, 24 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт.
07.00 «Таңшолпан». Таңғы ақпаратты-сазды бағдарлама
09.00 Ақпарат
10.00 «HIT QAZAQSTAN»
10.55 «Элвин мен Алқоржындар». Мультхикая 13-бөлімі
11.15 «Kim bilgir?» (1-маусым. 26 бағдарлама)
12.05, 21.50 Телехикая «Үзілмес үміт»
13.00, 17.00, 20.00, 00.25 AQPARAT
13.15, 18.50 «Konil tolqyny»
13.35 «Өмірдің өзі новелла»
14.35, 19.10 Телехикая «Іздедім сені»
15.30 «Shanyraq» Ток-шоуы
17.15 ELDEN HABAR
17.30 «AQSAYYT»
17.15 «Көшпенділер». Деректі фильм, 6 бөлім. «Түркия қазақтары: тері илеушілер»
17.40, 03.45 «Aqsayyt»
18.05 «KIM BILGIR?»
20.55 «QAREKET»
22.45 Телехикая «ЕРТҰҒЫРЫЛ»
23.45 «TUNGI STUDIO»
01.15 Телехикая «ДОСТАР»
01.40 Телехикая «ЖҮРЕККЕ ЖОЛ»
02.45 «Hit Qazaqstan»
03.15 «Tungi studio»
04.10 «Көшпенділер». Деректі фильм, 7 бөлім. «Иран қазағы: Горган».

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Әнұраны
06.00 «Тамаша»
07.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00, 19.00Т/х «Тергеушілер»
10.30, 19.30 «Шашу»
11.10, 22.20 Сериал «На крыльях любви»
12.10 «Важно знать »
12.35 «Бабалар ізімен»
13.10 Т/с «Дом с лилями»
15.00 «Давайте говорить»
15.50, 00.30 «Батыл жүрек»
16.50, 00.10 «Тағдыр тартысы»
17.30, 00.40 «Өмір жолы»
18.00 «Біздің назарда»
18.15 Тұсаукесер «Ережесіз әңгіме»
20.00, 23.40 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Online»
21.00 Итоги дня
21.30 Телехикая «Күләш»
23.10 Новый сезон! «Сана»
01.10 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00, 20.00, 03.00 «Жаңалықтар»
06.30. 20.30, 03.30 Новости «20:30»
07.00 Аружанмен бой жазу
07.10,21.00 Т/х «Таңдауым сен»
08.10 Разминка с Аружан
08.20 М/ф «Маша и медведь»
10.30, 22.00 Т/х «Абысындар»
12.30 «Келін бақыты»
13.30 «Ел аузында»
14.00 Күндізгі жаңалықтар
14.20 “Money Time”
14.40 “ТенгеманияNext”
15.00 Т/с «Склифосовский»
17.30 “Ruh.kz”
18.00 Т/х«Бір туған»
19.00 Т/х “309”
00.00 Т/х«Қара нан»
02.00 Д/ф«Көріпкел»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.20 «Ән дария»
06.40, 04.05 «Той заказ»
07.15, 18.00 «Басты жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «ТОРГСИН»
12.00 «Қалаулым»
15.00 «Лучше, чем люди»
16.55 «Пусть говорят»
18.45, 02.20 «Пендеміз ғой»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Невский. Чужой среди чужих»
22.00, 01.35 «П@УТІNA»
00.35 «Зорге»

КТК

07.00 Әнұран
07.05 «Кешкі жаңалықтар»
07.30 Т/х «Қайсар жесір»
08.30 Т/х «Тағдыр қосқан асыл жар»
09.50 Новости
10.30, 21.40 «Лесник»
12.30, 23.30 «Дожить до любви»
14.30 Х/ф «Восточные сладости»
16.35 «Саодат»
18.00 Т/х «Махаббат пен жаза»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00, 03.50 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Лесник»
23.40 «Дожить до любви»
01.30 Т/х «Саодат»
02.30 «Сүйікті Дениз»
03.50 «Астарлы ақиқат»
04.35 «Әйел қырық шырақты»
05.20 «Көріпкел»
06.10-06.30 «МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ»

ЖЕТІСУ

07. 05 Ән әлемі.
07.30 «Таңжарық» ақпараттысазды бағдарлама
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Ем болсын
10.20 Net.laik
10.30 Тұжырым
11.00 Телесериал «Ақ күң»
12.00 Шашу
12.50 Тарих парақтары
13.10 Док/сериал «Кровь на снегу»
14.05 «Оқырман» әдеби клубы
14.55 М.Егінбаевтың шығармашылық кеші
16.45 Ем болсын
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Organic Life
18.00 Шашу
18.45 Organic Life
19.00 Ұлт пен рух
19.30 Құтты қонақ
20.10 Парасат
20.30 Жаңалықтар
21.00 Арнайы репортаж
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Ақ күң»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

05.40, 06.00, 12.30 Т/с «Жігіттер»
05.58 «ҚР ӘНҰРАНЫ»
07.00, 20.00 «Информбюро»
08.00 «Әзілдер жинағы»
10.00 «Маша и медведь»
10.30 Т/с «Махаббатым кеш мені!»
14.30 М/с «Аладдин»
15.30 Т/с «Воронины»
18.00 Т/с «Отель Элеон»
23.00 «Әзілдер жинағы»
01.00 «WhatsUp?»
02.00 Келіндер бәйгесі
02.40 Әзіл студио
04.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00,19.00 «Ата-ана, бала-шаға»
08.00, 20.00, 03.00 «Элиф»
09.00 «Балабол-2»
11.15 «Смеяться разрешатся»
13.30 Сериал «Ловушка»
14.30, 18.30 Скетчком «Q-eli»
15.00, 03.45 Ток-шоу «Өз ойым»
16.40 «Рэкетир»
18.50 Лотерея 6/49
21.00 Лотерея 777
21.05 Скетчком «Няня аға»
21.40 Т/с «Шуберт»
23.50 Т/с «Спецотряд кобра 11»
01.00 Т/с «Ловушка»
03.45 «Өз ойым»
05.00 «Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЗЕЙНЕТАҚЫ КАЛЬКУЛЯТОРЫ

БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНДА (БҰДАН ӘРІ – БЖЗҚ, ҚОР) ТҰРҒЫНДАРҒА КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ САПАСЫН ЖАҚСАРТУ МАҚСАТЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ІСКЕ ҚОСЫЛҒАН. СОНЫҢ КӨМЕГІМЕН ӘРБІР САЛЫМШЫ ӨЗІНІҢ ДЕРБЕС ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖОСПАРЫН ҚОРДЫҢ ENPF.KZ САЙТЫНЫҢ «ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ» – «ЗЕЙНЕТАҚЫ КАЛЬКУЛЯТОРЫ» БӨЛІМІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРА АЛАДЫ.

Қор сайтында екі зейнетақы калькуляторы орналастырылған. Оның бірі – «Ағымдағы зейнетақы калькуляторы» деп аталады. Ол таяу жылдары зейнеткерлікке шығуға дайындалып жүрген азаматтарға арналған. Сол арқылы ай сайын берілетін зейнетақының болжамды мөлшерін анықтауға болады. Екіншісі – «Болжамдық зейнетақы калькуляторы». Сол арқылы зейнетке шығуға дайындалып жүрген азаматтар да, бүгінгі жас мамандар да болашақта алатын зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептей алады. Сонымен қатар бұл калькулятор зейнетақының қандай төлемдерден құралатындығын, табыстылық пен инфляция өзгерген жағдайда оның болжамды көлемінің қандай болатындығын көрсетіп береді.

Болжамды калькуляторға болашақ зейнетақыны есептеу үшін: туған күні, жынысы, еңбек өтілі, жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі, жинақтардың ағымдағы сомасы және айлық жалақы мөлшері секілді барлық қажетті деректерді енгізу қажет. Содан кейін «Есептеу» түймешігін басамыз.

Бір айта кететін жәйт, егер болжамды калькуляторды сайттың Жеке кабинеті арқылы ашатын болсаңыз, онда нысандар автоматты түрде толтырылады. Сөйтіп «Есептеу» түймешігін басу арқылы анағұрлым дәл көрсеткіштерге қол жеткізуге болады.

Егер сіз Жеке кабинетте тіркелмеген болсаңыз, болашақ зейнетақыны ағымдағы калькулятор арқылы есептеу барысында оған зейнетақы жинақтарыңыздың ағымдағы сомасын енгізу қажет. Бұл ақпаратты: БЖЗҚ сайты, Қордың ұялы қосымшасы, электрондық үкімет порталы және электрондық пошта секілді бірнеше тәсілмен тегін алуға болады. Сондай-ақ салымшы Қордың кез келген бөлімшесіне жүгіне алады. Бұл ретте жеке басты куәландыратын құжат немесе электрондық цифрлық қолтаңбасының (ЭЦҚ) өзекті кілті болуы керек.

Болжамды калькулятор болашақ зейнетақыны «Пессимистік», «Реалистік» және «Оптимистік» деп аталатын үш сценарий бойынша есептейді. Әрбір сценарийде жинақтардың инфляциямен салыстырғандағы табыстылық деңгейі көрсетіледі.

«БЖЗҚ» АҚ-ның Алматы қаласындағы филиалының директоры Амренов Нурлан Слямбекович түсіндіргеніндей, – «Есептеу барысында калькулятор салымшының тек жеке жинақтарын ғана емес, басқа да деректерді қолданады. Өйткені зейнетақы калькуляторының міндеті – болашақ жиынтық зейнетақының мөлшерін есептеу.

Сонымен жиынтық зейнетақы бірнеше төлемнен: мемлекеттік бюджеттен төленетін ортақ және базалық зейнетақыдан және Қордан берілетін зейнетақы төлемінен құралады. Ортақ зейнетақыны 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін кемінде алты ай еңбек өтілі бар азаматтар алуға құқылы. Базалық зейнетақының мөлшері еңбек өтілі мен жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне тәуелді. Ал БЖЗҚ-дан берілетін төлемдер салымшының зейнетақы жинақтары есебінен қалыптасады.

Ерікті зейнетақы жарналарын аударатындардың жиынтық зейнетақысы осы жарналардың есебінен елеулі түрде ұлғаятындығын айта кеткен жөн.

Зейнетақы калькуляторы жинақтарыңыздың қанша жылға жететіндігін, құрметті демалысқа шығар алдында шамамен қанша мөлшерде жалақы алатыныңызды есептейді, әрі жалақыны жиынтық зейнетақымен ауыстыру коэффициентін көрсетеді».

Таяуда enpf.kz сайтының «Зейнетақы калькуляторы» бөлімінде «Жинақтарды өмірді сақтандыру бойынша компанияға аудару» деп аталатын жаңа қызмет іске қосылды. Сол арқылы өмірді сақтандыру бойынша компаниямен зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін шоттағы зейнетақы жинақтарының ең төменгі жеткілікті сомасын есептеуге болады. Бұл калькулятор ең төменгі зейнетақы мөлшерін ескере отырып, зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін зейнетақы жинақтарының сомасы қандай болу керектігін есептейді. Сіз тиісті бағанда жынысыңызға қатысты мәліметті белгілеген соң, шарт жасасуға қажетті жас мөлшері автоматты түрде көрсетіледі. Ол ерлер үшін – 55 жас, әйелдер үшін биыл – 51 жас.

Одан әрі кепілді мерзімді белгілейсіз. Бұл осы мерзім ішінде сақтандыру компаниясынан төлемдерді тұрақты алып тұруға ниет білдіргеніңізді білдіреді. Әрі қарай калькулятор ағымдағы жыл бойынша ең төменгі зейнетақы мөлшерін ескере отырып, зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін зейнетақы жинақтарының сомасы қандай болу керектігін есептейді. Қазіргі уақытта зейнетақы аннуитеті шартын жасасу үшін әйелдердің шотындағы зейнетақы жинақтарының сомасы кемінде 13 млн 580 мың теңге, ал ерлерде кемінде 9 млн 710 мың теңге болуы керек. Бұл әрине, ағымдағы күнтізбелік жылға арналған болжамды сома. Ал нақты соманы сақтандыру ұйымынан білуге болады.

Айтпақшы, есептеу барысында сайтта сақтандыру ұйымдарының іс жүргізуге қатысты шығындары есепке алынбайды. Бұл шығындардың көлемі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2015 жылғы 20 қазандағы №194 қаулысына сәйкес сақтандыру сыйақысы мен әрбір сақтандыру төлемінің 0 пайызынан 3 пайызына дейін құрауы мүмкін.

Егер барлық есептеулерден кейін, болашақ зейнетақы мөлшері күтілген сомадан аз болып шықса, оны ерікті зейнетақы жарналарын аудару арқылы ұлғайтуға болады. Қазір Қорда ерікті зейнетақы жарналары есебінен шамамен 50 мың шот ашылған. Зейнетақыны жоспарлау деген осы. Құрметті демалыста лайықты өмір сүргісі келетін әрбір адам, зейнет жасына дейін қанша ақша жинау керектігін осы бастан білуі қажет.

Қор өз кезегінде болашақ зейнетақыны қалыптастыру жолында әрбір салымшыға дербес кеңесші болуға тырысады және бұл үшін барлық мүмкіндіктерді ұсынады.

«Зейнетақы калькуляторы» қызметімен «БЖЗҚ» АҚ сайтында мына сілтеме бойынша танысуға болады: https://www.enpf.kz/kz/elektronnye-servisy/calcs.php

ОҚЫРМАН СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП

1. Зейнетақы шотын ашу үшін не істеу керек?

2019 жылдың 8 қаңтарынан бастап БЖЗҚ-да міндетті зейнетақы жарналарын (МЗЖ) есепке алу бойынша жеке зейнетақы шотын (ЖЗШ) ашу үшін жеке тұлғаға ЖЗШ ашу жөніндегі өтінішті рәсімдеу үшін БЖЗҚ-ға, оның ішінде Қордың веб-сайты арқылы жүгінудің қажеті жоқ. Енді жеке тұлғаның БЖЗҚ-да МЗЖ есепке алу бойынша ашылған зейнетақы шоты жоқ болса, алғашқы жарна келіп түскен кезде зейнетақы шоты Қордың ақпараттық жүйесінде автоматты түрде ашылады.

Бұл ретте жеке тұлға МЗЖ аудару кезінде төлем тапсырмасының электрондық форматында көрсетілген дербес деректер (тегі, аты, әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, туған күні) бойынша сәйкестендіріледі. Ал жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері бойынша қажетті мәліметтерді Қор мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен алатын болады.

2. Инвестициялық табыс деген не және ол қалай есептеледі?

Инвестициялық табыс салымшылар мен алушылардың шоттарына күн сайын есептеледі. Оның көлемі шоттағы жинақ ақшаның сомасына және оған түсетін жарналардың мөлшеріне және олардың тұрақты аударылуына тәуелді.

Инвестициялық табысты есептеу шартты зейнетақы бірлігінің (ШЗБ) құнына байланысты. Әрбір жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтары теңгеде және шартты зейнетақы бірлігінде есепке алынады. Зейнетақы шотына түскен әрбір зейнетақы жарнасының сомасын Қордағы шартты зейнетақы бірлігіне бөлу арқылы ШЗБ саны есептеп шығарылады. Мысалы, Сіздің жеке зейнетақы шотыңызға 10 000 теңге көлемінде зейнетақы жарнасы келіп түсті делік. 2019 жылдың 20 ақпанына қарай ШЗБ құны – 748 теңге дейтін болсақ, Сіздің шотыңызға есептелетін ШЗБ саны 13,4 бірлік болады (10 000 теңге/ 748 теңге).

Ал 2019 жылдың 21 ақпанындағы жағдай бойынша ШЗБ құны 750 теңге болды делік. Бұл ретте шотқа есептелген инвестициялық табыс ескерілді. Енді осы күнгі ШЗБ санын есептеп шығару керек. Сіздің шотыңызға есептелген ШЗБ саны ШЗБ-ның ағымдағы құны негізінде былайша қайта бағаланады: 13,4 ШЗБ * 750 теңге = 10 050 теңге. Осылайша Сіздің зейнетақы жинақтарыңыз 2019 жылдың 21 ақпанына қарай 10 050 теңге болады. Бұл ретте зейнетақы жинақтары инвестициялық табыстан (50 теңге) және есептелген жарналардан (10 000 теңге) құралады.

Сонымен зейнетақы жинақтары инвестициялық табысты есептеуге байланысты көбейді. Соның арқасында ШЗБ құны 2 теңгеге артты (750 теңге – 748 теңге). Зейнетақы жинақтары мен инвестициялық табыстың мөлшері жарналардың сомасы мен аударылу кезеңіне тәуелді. Сондықтан жарналарды жеке зейнетақы шотына уақытылы және толық көлемде аудару өте маңызды мәселе.

3. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы шотын кімдер аша алады?

Қазақстанның кез-келген азаматы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына ерікті зейнетақы жарналарын аудара алады. Ерікті зейнетақы жарналарының мөлшерлемесі, оларды төлеу, сондай-ақ, зейнетақы төлемдерін жасау тәртібі шарт тараптарының өзара келісімі бойынша белгіленеді. Бұл ретте жарналардың мөлшерінен гөрі, олардың тұрақты аударылғандығы маңызды. Ерікті зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан жинақтар болашақта Қордан қомақты мөлшерде зейнетақы төлемдерін алуға септігін тигізеді. Жеке тұлға бұл жарналарды өз табысы есебінен төлейді және өз атына немесе үшінші бір тұлғаның атына аудара алады. Бұл ретте заңды тұлғалар да жеке тұлғалардың, яғни өз жұмыскерлерінің атына ерікті зейнетақы жарналарын аударуға құқылы. Мұны көп жағдайда өздерінің қол астындағы мамандарын еңбекке ынталандыру мақсатында жасайды.

Кәмелетке толмаған тұлғалар да ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасаса алады. Бұл ретте шарқа кәмелетке толмаған тұлғаның атынан оның заңды өкілі қол қояды.

Салымшы ерікті зейнетақы жарналары есебінен шот ашу үшін Қорға өзі келген жағдайда жеке басын куәландыратын құжат тапсырады. Егер шарт үшінші тұлғаның пайдасына жасалатын болса алушы да Қорға келуі тиіс. Бұл ретте салымшының (алушының) заңды өкілі немесе оның орнына нотариат куәландырған сенімхат негізінде сенім білдірілген тұлға өтініш бере алады. Өз пайдасына ерікті зейнетақы жарналарын аудару үшін салымшы (алушы) жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқа) тапсырса, үшінші адамның пайдасына шарт жасау үшін алушы да жеке басты куәландыратын құжат (түпнұсқа және көшірме) тапсырады. Заңды тұлғалар үшінші адамның пайдасына шарт жасасу үшін тиісті құжаттар топтамасын ұсынады. Қажетті құжаттар тізімі Қордың enpf.kz сайтында көрсетілген.

2018 жылдың шілдесінде Қор сайтының Жеке кабинеті және «Электрондық қызмет көрсету» бөлімінде жаңа қызмет іске қосылды. Ол – «Ерікті зейнетақы жарналары есебінен (өз пайдасына) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасу қызметі» деп аталады. Оны пайдалану үшін электрондық цифрлық қолтаңбаның өзекті кілті қажет. Сол арқылы тіркеліп, тиісті нысандарға қажетті деректер енгізіледі. Кейін осы электрондық цифрлық қолтаңбаның кілтімен қол қойылады. Бүкіл операция бірнеше минут уақытты ғана алады. Ерікті жарналар бойынша шотты сайт арқылы ашу – уақытты үнемдеуге мүмкіндік береді. Бір айта кететін жәйт, салымшылар Қор сайты арқылы шотты әзірге өз пайдасына ғана ашуға құқылы.

4. Зейнетақы төлемдері қалай рәсімделді?

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 9 қазандағы қаулысы негізінде «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қағидаларын және зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуді жүзеге асыру әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы қаулысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.

Осы күннен бастап зейнеткерлік жасқа толған азаматтар жасына байланысты зейнетақы төлемдері мен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ) есебінен қалыптасқан зейнетақы төлемдерін алу үшін бірыңғай өтінім мен құжаттар топтамасын тек бір жерге – «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының Халыққа қызмет көрсету орталығына (ХҚО) тапсырулары қажет.

Зейнетақы төлемдерін рәсімдеу жөніндегі өтініш негізінде алушыға (үнсіз келісім бойынша) мемлекеттік кепілдік бойынша айырма сомасын (инфляция деңгейін ескере отырып, зейнетақы жинақтарының сомасы және нақты енгізілген МЗЖ мен МКЗЖ сомасы арасындағы айырма) төлеуге қатысты алдын алу қызметі көрсетіледі. Яғни, бұл үшін бөлек өтініш берудің қажеті жоқ.

Қазіргі уақытта БЖЗҚ-дан зейнетақы жинақтары есебінен төлемдерді алу жөніндегі өтініштер тек мына жағдайларда ғана қабылданады:

– шетелге тұрақты тұруға кетуге байланысты;

– I және II топтардағы мүгедектік мерзімсіз болып белгіленген жағдайда;

– жерлеуге және мұрагерлікке байланысты біржолғы төлемді жүзеге асырған жағдайда;

– ерікті зейнетақы жарналары есебінен құралған жинақтарды алу құқығы туындаған кезде;

– сақтандыру ұйымымен зейнетақы шартын жасасқан жағдайда.

Сонымен қатар БЖЗҚ-ның міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптасқан ай сайынғы зейнетақы төлемдерін есепке алу, есептеу және стратегиялық міндеттері сол өзгеріссіз күйінде қалады.

5. Зейнетақы жинақтарының сақталуына мемлекет тарапынан қандай кепілдік берілген?

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңында зейнетақы жинақтарының сақталуына мемлекет тарапынан кепілдік берілетіндігі туралы бап 2003 жылы пайда болды. Бұл механизм 2009 жылдан бастап белсенді түрде жүзеге асырыла бастады. Өйткені осы кезеңде қаржы дағдарысы салдарынан зейнетақы активтерінің табыстылығы азайған болатын. Сонымен мемлекет зейнетақы жарналарының нақты енгізілген мөлшерінде сақталуына кепілдік береді. Мұнда мемлекеттік кепілдік бойынша біржолғы айырма төлемі есептеледі. Ол инфляцияны есепке ала отырып, зейнеткердің шотындағы бүкіл жинақтардың сомасы мен сол шотқа енгізілген бүкіл жарналардың сомасын өзара салыстырғанда айқындалатын айырма сомасы. Біржолғы айырма төлемін зейнеткерлік жасқа толған азаматтар, I және II топтардағы мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленген жандар, шетелге тұрақты тұруға кеткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар және осы төлемді алуға құқығы бар адам қайтыс болған жағдайда, оның мұрагерлері алуға құқылы. Бұл ретте Қорда зейнетақы жинақтары бар, I және II топтардағы мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленген жандар және шетелге қоныс аударған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар зейнетақы жинақтары есебінен төлемдерді алу үшін Қорға жүгінеді. Ал мемлекеттік зейнетақылар мен мемлекеттік кепілдік бойынша айырма төлемін алу үшін бір өтінішпен «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының Халыққа қызмет көрсету орталығына өтініш береді. Ал зейнет жасына толған азаматтар 2018 жылдың қазан айында енгізілген Композиттік қызмет аясында мемлекеттік зейнетақылар мен Қор төлемдерін және мемлекеттік кепілдік бойынша айырма төлемін алу үшін бірыңғай өтінішті тек бір жерге – осы Мемлекеттік корпорацияға тапсырады. Айырма төлемін алу үшін бөлек өтініш берудің қажеті жоқ.

Мемлекеттік корпорация зейнеткердің жинақтары туралы Қордан алынған мәліметтерді оның жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысқан бүкіл кезеңіндегі инфляцияны ескере отырып, осы кезеңде енгізілген зейнетақы жарналарының сомасымен салыстырып тексереді. Егер алушының зейнетақы жинақтарының инвестициялық табысты қоса есептегендегі жалпы сомасы инфляцияға тең және одан жоғары болса, айырма сомасы төленбейді. Ал егер инфляциядан төмен болса, Мемлекеттік корпорация айырма төлемін есептейді. Бұл сома біржолғы төлем ретінде республикалық бюджет есебінен алушының банк шотына 10 жұмыс күні ішінде аударылады.

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЕКІ ҚЫР

Ардақ таңертең жұмысына шықпақшы болып киініп жатқан. Шалбарын қолына алған кезде кідіріп қалды. Олай-бұлай қарады. Жарыққа апарып тағы тексерді. Содан соң ас үйде құрбысымен шай ішіп отырған Қырмызыға зілсіз ғана дауыспен айқай салды.

***

Ол кезде неке дегенді білді ме? Түсіндіретін адам болған жоқ қой.

Адамдардың есі шығып кеткен тоқсаныншы жылдар еді. Бәрі тез болды ғой, әйтеуір. Жоқ әлде бәрі тым баяу болды ма?!

Уақыт Қырмызы екеуіне тез өткен шығар. Бірақ Ақмарал үшін олай болмағаны анық. Ардақтың өзіне де оңай тиген жоқ.

Қырмызы мінезді қыз еді. Ештеңеден қаймықпайтын. Қыз болып, бой түзегеннен жігіт деп білгені Ардақ қана болды. Екеуінің әкелері де дос еді, бала кезде қонаққа ертіп апарғанда бірге ойнайтын. Мектепке барған соң онша араласпай кетті де, жоғары сыныпқа барғанда жігіт пен қыз болып кездесе бастады. Кітаптарды кезектесіп оқып жүрді, ауылға концерт келсе бірге баратын. Қырмызы жазда көрші ауылдағы нағашыларына кетсе, Ардақ соңынан іздеп барып жүрді.

Ардақ мектепті бітіріп, қалаға оқуға кеткеннен кейінгі екі жыл Қырмызы үшін тым көңілсіз өтті. Ол енді студенттердің каникулын есептеумен жүретін әдет тапты.

Ал Ардақ қалаға барып, Ақмаралмен танысты.

Ақмарал Қырмызыға мүлде ұқсамайтын. Тіпті Ақмаралға Ардақтан басқа жігіттер онша көңіл аударған да жоқ. Олар ашық мінезді, сұлу қыздарға қызықты. Ардақ болса шашы бұйралау келген, ұзын бойлы, қарапайым киінетін, боянбайтын, көп сөйлемейтін Ақмаралға жақындай берді. Сабақта қатар отырды. Әңгімелесті. Қырмызы екеуі көбіне әзілдесіп, ойнап, жөнді сөйлесуге уақыттары жетпей қалатын. Ал Ақмарал ұстамды және бәрін айтқызбай түсініп отырады. Ардақ бара-бара Ақмаралға еркелейтінді шығарды. Қарны ашқан кезде күндіз болсын, түн болсын жатақханаға барып, Ақмаралдың қолынан тамақ ішетін болды. Ауылда Қырмызы бар екенін бірге оқитын студенттерге алғашқы кезде-ақ айтқан, Ақмарал да білетін. Бірақ ол туралы екеуі ешқашан сөйлескен емес.

Каникул болса, Ардақ ауылға келіп бір мерекелейтін. Ол кезде оқуға түсіп, алысқа кеткендер көп болмаушы еді. Ардақты туыстары мен достары күнде қонақ қылады. Сонда да Қырмызымен амалын тауып күн сайын жоқ дегенде бір рет кездесетін.

Екінші курс бітірген жылы әкесі Қырмызыға құда түсті. Ардақ қарсылық білдіре алған жоқ. Тек оқу бітірген соң бір-ақ үйленгісі келетінін айтқан. Бірақ әкесі «түн ұзарса, түс көбейеді» деді. Расында да қала жағдайында екеуі үш жыл бойы бірге жүруі қиын еді. Әкесі бәрін түсініп, тура болжап, дұрыс шешім қабылдаған екен.

Сол екі жылдың ішінде Ақмарал құлпырған қызға айналған-ды. Екеуі бірінсіз бірі тұра алмайтын. Енді Ардақ каникулға келгенде Ақмаралды қатты сағынушы еді. Ал үйленетін болғаннан кейін есіне түссе жүрегі сыздап кететін болды. Оңашаланып отырып, жылағысы келетін. Бірақ жылай алмай қойған. Басы зеңіп кететін.

Қырмызыға көңілі суыған жоқ. Сезімдері тым тәтті тұғын. Оның үстіне әбден үйренісіп қалған. Бәрінен де үлкен себеп – шегінерге жол баяғыда-ақ жабылған еді.

Тойдан соң екеуі қалаға аттанды. Қырмызы оқуға түсті. Ал Ардақ университетіне сол күйі барған жоқ. Көшеде тұрып ұсақ-түйек заттарды сата бастады. Саудасы жақсы жүрді. Оқудан шыққанын әкесіне Қырмызы босанғанда бір-ақ айтты. Әкесі бірер жылда есейіп кеткен ұлына қарады да, ойланып отырып қалды. Бірақ ашуланған жоқ. Немеренің иісі мен Ардақтың жаңа көлігі де көңілін орнықтыруға сеп болғандай еді.

Сол үлкен ұл он алты жасқа келгенде Ақмаралды интернеттен тауып алды. Суретін көрген кезде жүрегі атқақтап кеткені. Жап-жас. Тура баяғы түрі.

Алғашқы жылдары таныстардан сұрап, хабарын біліп отырушы еді. Ол кезде тұрмысқа шықпаған деп еститін. Кейін хабар үзілген.

Желіде дос болуға өтінім жіберіп еді, тез қабылдады. Ол да қуанды ма екен… Компьютеріне ентелей түсті.

Ардақ сол күні шаруасын тоқтатты. Кездесулері кейінге ысырылды, ақшалары аударылмай қалды. Бизнес серіктестері кешке дейін қоңырау шалып, Ардақты ала алмай, мазалары қашты.

Ол интернетте отырып Ақмаралмен сөйлесті. Не деген бақытты да, қасіретке толы күн еді. Бақыты сол, Ақмаралды тапты. Қасіреті – Ақмарал әлі тұрмысқа шықпапты. Ардақтан басқаға көңілі сол күйі құламаған екен. Бірақ оның бәрін бірден айтып салған жоқ. О баста амандық сұрасқан соң, Ардақ осы уақытқа дейін ең болмаса кешірім сұрай алмағанын, тіпті көрінуге жүрегі дауаламай, университеттен шығып кеткенін айтып, ұзақ хат жазып, кешірім сұрап еді, Ақмаралдан «кешірмеймін» деген жауап келді. Бұл он жеті жылдық азаптың бір-ақ ауыз сөзбен сыртқа шыққаны еді.

Кейін екеуі жақсы тіл табысып кетті. Сол жылы қыста Ақмарал да өзінің туған қаласына ауысып кеткен екен. Ал қазір ол да Ардақ сияқты Астанаға көшіп келіпті. Екеуі бір қалада тұрады екен. Осы уақытқа дейін қалай кезігіп қалмағандарын айтып, таңғалысты. Енді «кездесейік» деді. Ақмарал бұрынғыдай бұл жолы да Қырмызы туралы жақ ашқан жоқ.

Екеуі кездесіп, әңгімелесті. Бірақ Ардақ тіпті Ақмаралдың қолынан ұстауға да бата алмады. Осы уақытқа дейін тұрмысқа шықпаса да, біреуі болған шығар деген ой келгенде, алақаны ысып, көзі қарауытып кеткендей болды. Сұрауға дәті бармады. Соны сезгендей Ақмарал бір ыңғайы келгенде ол мәселені өзі қозғады. Ұялып күлімсіреп отырып, әзер айтты. Ардақтың көзіне жас келді. Сол күні іштей шешім қабылдады.

Бұрындары күн сайын көбейіп келе жатқан ақшаның буы қысып, өзі секілді бизнесмендермен көңіл көтеретіні бар еді. Ондай кезде апталап жоғалып кетіп, үйге қайтып оралғанда да Қырмызыдан онша ұялмайтын сияқты еді. Кейін өмірге басқаша қарай бастағалы көлденең жүрісті сап тиған. Балалар өсіп, жауапкершілік артқан сайын саябыр тарта бастаған еді. Енді Ақмаралмен сөйлескелі Қырмызының алдында қатты қуыстанатынды шығарды. Бәрін айтуға бекінсе де, сәтін таба алмай-ақ қойды. Ақыры бір күні түнде ұйықтай алмай, түрегеп отырған еді, бір мезгілде Қырмызы оянды. Ардақтың арқасынан сипады да, «Біздің шалға не болған» деп әзіл бастады. Үш ұл тауып берген, туыс-туған мен Ардақтың арасын байланыстырып, берекелі келін болып қалған Қырмызы күйеуін бұрынғыдан да қатты жақсы көретін.

Ардақ орнынан тұрып, шамды жақты. Қырмызы Ардаққа қарап, не болғанын түсінбей отырып қалды. Ардақ болса төсекті айналып, Қырмызының жанына келді де, қолынан ұстап еденге отыра кетті. Басын көтеріп, төсектің шетінде өзіне бұрылып отырған әйеліне қарады.

Қырмызы әлдебір өзгеріс келе жатқанын жан-жүйкесімен сезгендей болды. Ардақтың қарасында махаббат та, алаң да, жалыныш та бар екен. Қабылданған шешімнен ширығу да байқалады.

Жағдайды естіген соң, Қырмызы ұзақ жылады. Ақмарал туралы нақты білмесе де, бұрыннан сезгенін айтты. Ардақ ештеңе дей алмады. Еркінен айрылып, басын төмен салған күйі отыра берді.

Келесі күні екеуі сөйлескен жоқ. Қырмызының көзі ісіп, көгеріп кеткені сонша, бөлмеден шықпай қойды. Балаларға да көрінген жоқ. Ардақ киініп алған соң, төсекте теріс қарап жатқан әйелінің жанына келіп, үндемей отырып-отырып, шаруасына кетті.

Кешке келгенде Қырмызы тамағын дайындап қойған екен. Дастархан басында балалар ғана сөйледі, екеуі үнсіз отырды. Тек балалар тұрып кеткен соң барып, Ардақ Қырмызының қолынан ұстап еді, ол булығып жылап жіберді. Шешім қабылдаған екен. Келісетінін айтты. Бірақ той-томалақ, құдайы астарға тек өзі барғысы келетінін жеткізді. Басқа уақыт болса Ардақ әйелінің бұл мінезіне күлер еді. Бірақ қазір Ардақта күлетін шама жоқ. Қырмызыны бөлекше сезіммен жақсы көріп, жүрегі езілді.

Келіншегін көндіріп алған соң, Ақмаралға ұсыныс жасады. Екеуі тағы кездесіп, бірге түскі ас ішкен. Ардақ сөзін бірден айта алмай, іркіле берді. Ақыры Ақмарал жұмысына асыға бастаған соң, күмілжіп-күмілжіп, әзер дегенде ойындағысын айтты. Ақмарал «менімен ақылдаспай, неге әйеліңе айтасың» деп ренжи ме деген. Жоқ, Ақмарал әдетінше ренжісе де, іштей тынды. Үндемей отырып қалды. Жүзі түнере түсті. Содан соң барып, қыстығып жылай бастады. Ардақ бұрын Ақмаралдың жылағанын көрмеген еді. Он жеті жыл ішінде менсіз неше рет жылады екен деп ойлады. Іші алай-түлей болып, не қой дей алмай, не жұмысыңа кешігесің, апарып тастайын дей алмай, тағы да отыра берді. Бірақ Ақмаралдың келісетінін сезді. Келіспесе, келіскенше жалынбақшы болды.

Ақмарал келісті. Тек әкесі естігенде, қатты қарсы болды. Бірақ қызының талай түнді жылаумен өткізгенін білетін шешесі оны көндіріпті. Мұның бәрін Ардақ Ақмаралдан естіп, соңын күтіп қана жүрді. Ақыры бәрі реттелгенде барып, Ақмаралдың үйіне өзі барды. Сөйтіп, Ардақ Ақмаралды отыз жетіге келгенінде некелеп, әйел қылып алды.

Қырмызы да жаңа өмірге үйренді. Екі әйелі бар еркектің бәйбішесі атанғалы туыстуған, жора-жолдастың алдында абыройы бұрынғыдан да өскендей көріне бастады. Біреу сұраса, әзілдеп қана жауап қатады.

Ақмарал болса, былтыр қыз туды. Ардақтан аумайды. Қазір ол үйге барғанда қызын айналшықтап, Ардақ жөндеп тамақ та ішпейді. Ақмарал балаға қарасын деп, кейінгі кезде киімін де ол үйге жуғызбауға тырысып жүрген.

Бірақ кеше мына шалбарды жуылып тұрған жерінен сол үйден өтектетіп киіп шыққан. Енді бүгін Қырмызы қайта өтектеп қойыпты. Қараса, екеуі екі жерден қыр салған. Былтыр да бір шалбарды өстіп еді.

– Қырмызы, мына шалбарға тағы екі қыр салып тастағансыңдар ма? – деді дауыстап. Ас үйде құрбысымен шай ішіп отырған әйелі іле-шала жауап берді:

– Енді, саған біреу екі әйел ал деді ме?

Құрбысы сықылықтап күліп жіберді. Осылай деп жауап беретінін біліп тұрып сұраған өзіме де сол керек деп ойлады Ардақ.

Арман ӘЛМЕНБЕТ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Новелла

Бейтарап

Айдаһардай ысқырып, табан астындағы қара жерді тітіркенте теңселтіп, қозыкөш жерден түтіні будақтаған пойыз көрінді. Ақ көде баяу желмен тербелген, бұталардағы бозторғайлар әнін бұзған ащы айғай сайын даланы дірдек қақтырды. Шырт ұйқыда жатқан самофорлар көзін жыпылықтатып, теміржол вокзалы маңындағы міз бақпас рельстер дірілдеп кетті.

«Құрметті жолаушылар! Бірінші жолға Астана – Алматы жүрдек пойызы келе жатыр. Сақ болыңыздар!» деген коммутатордың дауысы перронды түгел шарлап кетті. Әні-міне дегенше жолаушылар вокзалдан сөмкелерін сүйрете шығып, бой көрсете бастады. Сәлден соң жауынқұрттай шұбатылған пойыз мен келе жатырмын дегендей ащы дауыспен айғай салды.

Бұл кезде құлаққап киіп, жүрегінің қағысынан дүрсілі көп музыкаға еліткен Балпаң рельстерге жақындап қалғанын аңғарған жоқ. Пойыз вокзалдың етегіне келіп жеткенде әлгі сабаз қаперсіз теріс қарап, ән тыңдап тұрды. Кенет біреу ту сыртынан асқан жылдамдықпен өзіне тартып қалды. Анау болса шапшыған; құлақ қабын шешіп, алға ұмтыла бергенде денесін жанай өткен пойыздың құлақ тұндырар дауысын естіп, шошып кетті.

– Саған не керек? – деп алға өршелене түсті. Мұртты жігіт сасқан жоқ:

– Көзіңе қарасаңшы, пойыздың астына түсіп кете жаздадың ғой, – деді. Балпаң мойнын бұрып, тым жақын өтіп бара жатқан пойызды көз шалғанда шошып кетті. Жүрегі атқақтай соғып, сергек сезімталдықпен алға қарай бірнеше қадам жасап үлгерді.

– Ох, әкең!... – деді сосын, маңдайынан бұрқ етіп шыққан терді сүртіп. Қараса, қарсы алдында тұрған мұртты жігіт сөмкесін иығына асып, сапырылысқан адамдардың арасына сіңіп үлгеріпті. Жұрттың бәрі өз вагондарын іздеп сабылып кеткенде, Балпаң әлі есеңгіреп, бір орнында тапжылмай, мүсіндей қалшиып қалып еді. Жолаушылардың бәрі вагондарға кіріп, сыртта тек жолсеріктер қалғанда ғана есін жиды. Жақын маңда тұрған жолсеріктің бірі:

– Сіздікі нешінші вагон еді? – деп сұрағанша міз бақпастан тұра берер ме еді?

– А-а, қазір қарайын, – деп қалтасын түгел адалап шықты. Билет жоқ. «Жоғалтып алмасам жарар еді» деп портмонесін, сөмкесінің қалтасын қарап шықты.

– Қазір пойыз жүреді, тездетіңіз. Есікті жабамыз, – деді вагон тұтқасынан ұстап, басқыштың үстіне шыққан жолсерік. Балпаң қипақтап қалды.

– А, міне, мында екен... Так... менікі бесінші вагон.

– Бесінші вагон пойыздың ана басында, – деп жолсерік айтып үлгергенше, пойыз қозғалып кетті. – Тездетіп, вагонға секіріп мініңіз, әйтпесе қалып қоясыз, - деп дауыстады. Балпаң ауыр сөмкесін қолына ұстап жүріп кеткен пойыздың соңынан жүгіре жөнелді. Қолы тұтқаны ұстап, аяғы басқышқа ілінгенде пойыз зымырай жөнелді.

– Пойыздың басына дейін жүре беріңіз, – деді жолсерік. – Тамбурға жетіп, вагондар қосылған жерден өткенде байқаңыз.

Балпаң бірнеше вагонның ішімен жүріп келе жатты. Теңселіп келе жатқан пойызда тепе-теңдік сақтап, қарсы алдынан ыстық шәй құйылған күрешке ұстаған бір әйел көрінді. Пойыз жүрісін үдеткен сайын дүдік-дүдік, дүдік-дүдік деп тактілі тарсылдауы жиілеп, рельстер қосылған тұсқа жеткенде екілене дірілдеп кетеді. Балпаң шайқатылып кеткен вагонмен бірге ырғалып, әйелмен жанаса өте бергенде стақанды шынтағымен қағып жіберді.

– Үйбай, көзіңе қарамайсың ба? Күйдік қой, – деген әйел қызыл шоқ ұстап алғандай баж ете қалды. Бірі сөзжұмбақ шешіп, бірі шемішке шағып отырған жұрттың бәрі жалт қарады. Стақан ұстаған оң қолына тиген ыстық тамшылар күйдіріп барады. Қабақ шытқан әйел күрешкесін екінші қолына алмастырып, күйген қолын үфілеп салқын демін үрлей бастады.

Түн ортасы ауған. Вагонның төбесіндегі көмескі жарық болмашы сәуле шашып тұр. Жұрттың көбі шырт ұйқыда. Балпаң ауыр сөмсесін мықшыңдай көтеріп, билетіне қарады. Алтыншы орын екен. Қараса, мұның орнында біреу қорылдап ұйықтап жатыр.

– Тұрыңыз, бұл менің орным, – деп жұлқылап оята бастады. Ұйықтап жатқан еңгезердей адам шошып оянып:

– Не, Алматыға келіп қалдық па? – деді ұйқылы-ояу күйі.

– Жоқ, бұл менің орным, орнымнан тұрыңыз, – деді Балпаң.

– Мен Астанадан бері келе жатырмын, – деген ол қабырғада ілініп тұрған кәстүмінің төс қалтасынан билетін ашып шықты. – Міне, билетім Алматыға дейін. Төртінші вагон, алтыншы орын.

– А, бұл төртінші вагон ба? – деп Балпаң сасқалақтап қалды. – Кеш... ірің... із.

– Өй, сенде! – еңгезердей адам қолын бір сілтеп, ұзақ есінеп, теріс бұрылып, жатып қалды.

Балпаң бесінші вагонға келіп, орнына жайғасты. Ауыр сөмкесін үшінші қабатқа қоймақ болған. Мықшыңдап жоғары көтере алмай, біраз әбігерге түсті.

– Балам, сен осында жата бер, – деді майор Меңтай. Сосын Балпаңға қарап: – Сіз сөмкеңізді төсегіңіздің астындағы жүк салатын орынға қойсаңыз. Түнде төбемізге құлап кетер.

– Құламайды, пойызбен талай жүріп жүрміз ғой, – деді сөмкесін жоғары қабатқа қойып, ырсылдай дем алған Балпаң. Әлі ентігі басыла қоймаған.

Майор келе сала жайбарақат кейіп танытқан бейтаныс жолаушының жауабын ұнатпаса да, үндемеді. Төрт жасқа келіп қалған баласын төменгі қабатқа орналастырып, өзі екінші қабатқа жайғасты. Жолсерік «Қазақстан темір жолы» деген жолақ жазуы бар, целлофанға оралып, крахмалданған жайманы, жастықтың қабын әкеп берді. Балпаң әрі-бері жүріп, сүт пісірім уақыт өткенде ғана төсегін салып, орнына жантайды.

Меңтай көпке дейін ұйықтап кете алмады. Тозығы жеткен пойыз дүрсілдеген сайын құлағы шуылдан тұнып қалады. Екі көзі үшінші қабатқа қойылған бейтаныс жолаушының жүк сөмкесінде. Сөмкенің сырты қатты, дөңгелегі бар, сүйретпелі. Салмағы отыз келіден кем тартпайды. Балпаң оны әупірімдеп төбеге шығарғанша қара терге түскен.

– Сөмкеңізді жерге қоясыз ба? Сырғып бара жатыр, – деді майор.

– Түк те етпейді, өзін зорға шығардым. Құламайды, – деп Балпаң қаперсіз қайта жастыққа бас қойды. Есінеп, ауызын арандай ашқан күйі қорылға басты.

– Майор мойнын бұрып, баласына мейірлене қарады. Әйелі екеуі шаңырақ көтергелі жиырма жылға жуықтаса да, бір перзент сүймей, қапаланып жүр еді. Жары қаралмаған дәрігер, тәуіп біренсаран шығар-ау! Ақыры жұбайы қырықтан асқанда торсықтай ұл сүйгізген. Меңтай ағайын-туысқа үш күн дүркіретіп той жасады. Әріптестері алдында еңсесі биіктей түсті. «Міне, менің әулиетімді жалғастырар бір ұл бар» деп мақтанышпен жар салған.

Өткен аптада әйелі қатты науқастанып, Алматыдағы ақылы емханалардың біріне түскен. Баласы «Әке, мамамды қатты сағындым» деп қыңқылдап қоймаған соң жолға өзімен бірге ерте шыққан. Соңғы кезде құқық қорғау органдарына шабуыл жасау оқиғасы жиілеп кеткен соң қорғаныш үшін заңдастырылған тапаншасын беліне байлап шықты. «Қазіргі заманда ешқандай тәртіп жоқ. Ешкімге сенуге болмайды. Әрқашан қауіпсіздікті ұмытпау керек» – деді майор өзіне өзі күбірлей. Меңтай ертең әйелімен кездесетінін, баласы анасын көріп, қуанатынын ойлап, тәтті қиялға беріліп, ұйықтап кетті.

Кенет түн ортасы ауғанда гүрс еткен дауыс естілді де, бала баж етіп бақырып жіберді. Іле сілтідей тынған. Майор төсегінен басын жұлып алғанда маңдайын төбеге соқты. Жалма-жан төменге қарады.

– Балам! – Майор бар дауысымен ақырып жіберіп, екінші қабаттан мысықша секіріп түсті. Баласының үстіне құлаған ауыр жүк сөмкені бар күшімен жұлқи тартып, еденге лақтырып жіберді. Жан баласын жұлқылап оята бастады.

– Балам, балам! Саған не болды? – деп мойнын бұрды да, айғай салды: – Проводник, жарықты жақ!

Бұл жаншошырлық айғайдан жұрттың бәрі ұйқысынан оянып кетті. Өз бөлмесінде қалғып-мүлгіп отырған жолсерік оқыс дауыстан есін тез жинап, жарық тетігін басып кеп жіберді. Төбедегі шам жарқ етіп, вагон ішіне нұр құйылды. Майор баласының еш қимылсыз, сүлесоқ жатқанын көріп, қол-аяғы дірілдеп кетті. Қаны басына шауып, есеңгіреп қалған.

– Балам, балам, тұра ғой! – Бірақ баласы қозғалмақ түгіл, кірпігін қимылдатқан жоқ. Тыныс алуы да сезілмеді. Әкесі баласының кеудесіне құлағын тосып, бір үміт күтті. Сағатша сырт-сырт соғатын жас жүрек үнсіз қалған еді. Әке не істерін білмей, құдайдан тілеп алған жалғыз ұлының жантәсілім еткеніне сене алмай мәңгіріп, меңіреу күйде мелшиіп тұрып қалды. Ұлының аузына айна тақап еді, жылтырдың бетін бу бүркемеді. Денесі суып үлгерген екен.

– Балам! Мұрагерім! – Әке баласын көтеріп, жылап жіберді. Көзінен бұршақ-бұршақ жас ытқыды. Тамағын ащы өксік қарып өтті. Енді өмірінің еш мәні қалмағандай сүлесоқ күйде сілейіп отыра кетті. Баласын жайма үстіне қайта жатқызып, дірдек қаққан саусақтарымен маңдайынан сипап, көздерін жұмды.

Сол сәтте майордың бойын ашу кернеп, не болғанын түсінбей ұйқылы-ояу күйі отырған Балпаңға оқ жанарын қадады.

– Сұмырай! Баламды сен өлтірдің?! – деді Майор тістене. Жемтігін шеңгеліне алған бүркіттей қос қолымен күнәһардың тамағынан қыса түсті. Тұншығып бара жатқан Балпаңның көзі шарасынан шыға жаздады. Қырылдап әрең тілге келген.

– Ммм... мен? Мен өлтірді дейсің бе? Жоқ, мен оған қолымның ұшын да тигізгем жоқ.

– Мен саған сөмкеңді жоғары қойма дегенім қайда?! Сен мені тыңдамадың?! Сөмкең жоғарыдан құлап, баламды басып өлтірді! Баламның өліміне сен кінәлісің, білдің бе?!

– Жоқ, жоқ, мен емес. Кездейсоқ жағдай. Менің бұған түк қатысым жоқ, – деп Балпаң орнынан атып тұрып еді, майор оны құлақ-шекеден салып кеп жіберді. Балпаң ауыр соққыдан есеңгіреп, қабырғаға басын соқты.

Ызаға булығып, жарылардай болған әкенің санасын кек тұмшалап алды. Жалғыз ұлынан айырылып, өмірден түңілген майор беліндегі пистолетін алып, Балпаңның жүрек тұсын көздеп атып жіберді. Тарс еткен дыбыс вагон ішін шарлап кетті. Оқ қаперсіз адамның қабырғасын қақырата, жұқалтаң қабырғаны тесіп өтіп, жолсеріктің айнасын қиратып кетті. Іле салдыр-гүлдір етіп қираған әйнек жерге гүрс етіп, шаңқ еткен дауыс естілді. Оқыс дауыстан шошып кеткен жұрт үрпейісіп, жүректері атқақтай жөнелді. Бұл кезде майор пистолетін басына тақап, шүріппені басып кеп жіберді. Қансыраған әке баласының үстіне құлай кетті. Лезде шашыраған ыстық қан қабырғадан сырғанай жөнеліп, үш адамның рухы көкке қарай ұшып бара жатты...

Асхат ӨМІРБАЕВ.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

Почтальон Людмила Калиткина: «Главное – любить свою работу, остальное приложится»

Всегда внимательная и приветливая. Она всегда находит общий язык с любым собеседником, поговорит, выслушает. И ее везде ждут! Людмила Калиткина работает в Казпочте 42 года и сегодня является самым уважаемым почтальоном города Текели. В Казпочту попала случайно, но именно здесь нашла свое призвание. Ее участок состоит из 17 организаций и более 100 жилых домов. В среднем, в день Людмила Владимировна преодолевает до 9 км пути. На что, кстати, совсем не жалуется. О буднях современного почтальона мы побеседуем с Людмилой Владимировной:

- Что вас побудило стать почтальоном? Расскажите, как попали в Казпочту?

- История очень простая. Как- то очень давно наш сельский почтальон Валентина предложила мне сменить ее на этом посту. Она собиралась на пенсию, и очень хотела передать свой участок, так сказать, в «хорошие руки». До сих пор помню, как она с восхищением рассказывала о своих клиентах. Очень сожалела, что с уходом на пенсию останется без общения с ними. Еще помню, как говорила, что не представляет свою жизнь без сумки почтальона и очень не хотела с ней расставаться. Я решила попробовать ее заменить. Думала, что это будет временно, но очень быстро втянулась.

- Что вам больше всего нравится в работе почтальона?

- Общение с людьми. Все новости, все, что происходит в городе, я узнаю практически первой (Смеется – ред.). Особенно общительны пенсионеры. Обычно к ним заходишь только газету или журнал вручить, а по факту проводишь в их доме не менее 20 минут. Рассказывают о жизни, о родственниках, детях. Иногда бывает очень интересные истории. Например, перед 9 мая, все участники войны рассказывали, как они воевали. Это очень интересно и приятно.

- Говорят, работа почтальона связана с риском, действительно ли это так?

- Лично я не сталкивалась с неприятностями в своей работе. Меня знает и уважает практически весь город. Все знают, что я занимаюсь только добрым делом, доставляю людям только радость, поэтому я спокойна. Меня всегда очень ждут пенсионеры, особенно в период пенсии. Если бы я столкнулась с неприятностями, скорее всего, уже бы не работала в Казпчоте. Но за 42 года своей работы, все всегда было спокойно. Даже дворовые собаки со мной предпочитают дружить и ни разу меня не облаяли. Знают, что я могу угостить их пирожками или печеньем. В основном, получаю только приятные эмоции и благодарность жителей города. Например, у меня на участке есть дедушка – рыбак от Бога, он ловит рыбу ведрами. Когда я прохожу мимо его двора, он всегда меня угощает рыбой. В таких количествах, что я уже не в состоянии ее съедать, даже кот мой уже закормлен рыбой. А дедуля обижается, когда я не беру рыбу, поэтому я уже стараюсь пройти мимо его двора так, чтобы он меня не заметил.

- Как изменилась почта в Казахстане за время Вашей работы?

- Сама почта и ее инфраструктура существенно цифровизировалась. Почтальонам выдали смартфоны и велосипеды. В крупных городах работают цифровые офисы и супермаркеты посылок, а в отдаленные села прессу доставляют беспилотниками. Кто бы мог подумать об этом еще пять лет назад. Все отделения, включая сельские сейчас компьютеризированы. Но принципы работы почтальона все равно остались прежними.

Кстати, если в 2000-х годах мы наблюдали резкий спад подписки на печатную прессу, то сейчас, наоборот, я вижу обратный процесс. Особенно популярность набирает детская периодика. Родители все больше стараются детям выписывать журналы, раскраски, чтобы отвлечь их от компьютера и телевизора. Дети любят рисовать, вырезать из бумаги, а компьютерные игры такую возможность им не дают. Много журналов выписывают детские дома и детские сады.

Кроме того, увеличивается количество деловой корреспонденции, все больше мы доставляем заказных писем. Суды, судебные исполнители, налоговая служба, пенсионный фонд направляют очень много писем. И когда говорят, что писем стало меньше – это неправда, просто изменился их характер. Согласна, что личной корреспонденции стало меньше. Но, судя по отчетности, которую нам почтальонам приходится вести, общий объем корреспонденции стал больше.

- То есть личную переписку люди сейчас вообще перестали вести?

- Нет, это не так. Личных писем стало гораздо меньше, но они не исчезли полностью. Письма пишут пенсионеры и студенты. На моем участке много студентов Текелийского профессионального колледжа. Много писем девчатам приходит из армии. Их легко узнать, они чаще всего с сердечками. Также студентам приходит много мелких пакетов из интернет-магазинов. Люди поздравляют друг друга открытками с праздниками. Организации поздравляют своих ветеранов регулярно.

- Вы сказали, что Казпочта постоянно цифровизируется. Удается ли Вам также быстро осваивать новые технологии?

- Для повышения уровня квалификации мы, почтальоны, постоянно проходим онлайн-обучение. По новым проектам, программам, услугам. Уровень знаний почтальона должен соответствовать современным требованиям, поэтому мы постоянно учимся новому, и мне это очень нравится, поскольку мы постоянно развиваемся.

- Говорят, у почтальонов очень маленькая зарплата. Что вы можете сказать об этом?

- Ну если я 42 года работаю почтальоном, значит, жить можно. Дело же не в размере зарплаты, а в запросах. Те, кого такая зарплата не устраивает, они не идут в почтальоны. Что касается меня и моих коллег, у нас очень сплоченный коллектив, все довольны и работой и зарплатой, уходить никто не собирается, и, кстати, вакансий у нас тоже нет. Зарплата растет, пусть и не намного, но каждый год, также мы периодически получаем премии.

- Какими качествами, на ваш взгляд, должен обладать человек, чтобы стать хорошим почтальоном?

- Главное – любить свою работу, а все остальное приложится. Коммуникабельность, вежливость и терпение – это основные качества хорошего почтальона. У людей бывает разное настроение, но главное всегда сохранять спокойствие, терпеливо выслушивать, доброжелательно отвечать.

- Людмила Владимировна, спасибо Вам, что в любую погоду ответственно выполняете свою работу и радуете своих клиентов!

Айна СМАГУЛОВА,
Главный специалист
Сектора управления сетью
Алматинского ОФ АО
«Казпочта».

Студент – это факел, который нужно зажечь!

Лишь тот достойный человек,
Кто смог сберечь чужие души,
Кто иногда сумел послушать,
Дать вовремя свой правильный совет.

В жизни каждого человека есть тот, кто всегда подскажет, поможет, вовремя протянет руку помощи, но зачастую просто выслушает и даст своевременный совет. Такие люди мудры, и мудрость они познали лишь пройдя свой личный долгий и тернистый путь «через тернии к звездам». Сегодня, накануне 80-летия хотелось бы поведать миру о великом человеке, прошедшей тяжелый путь к становлению известной личностью в области химии экстракции неорганических веществ - Танашевой Маруан Рахметовне.

Свой путь она начала 29 апреля 1939 года в селе «Үлгілі» Иртышского района Павлодарской области. Ее школьные годы прошли в селе Железинка. Она была дочерью первых коммунистов, которые организовывали колхозы на павлодарщине. Ее отец - Рахмет Танашев – хотел организовать обучение на родном казахском языке, за что в годы Голощекина был осужден и отправлен в Сибирь. Несмотря на это Маруан Танашева была во всем лидером: и в учебе, и в спорте, и в жизни комсомола. Она была секретарем комсомольской организации школы, являлась неоднократным призером и чемпионом по лыжным гонкам среди школьников Павлодарской области и неоднократно завоевывала медали за первенство.

В погоне за знаниями она в 1959 году отправляется в Алма-Аты и несмотря на высокий конкурс, поступает на химический факультет КазГУ им. С.М.Кирова (ныне КазНУ им. аль-Фараби).

Стремление на личном примере показывать, что все возможно привело к ее увлечению альпинизмом. Маруан неоднократно покоряла вершины Алатауских гор. Но ее увлечения не ограничивались лишь покорением горных вершин, она также увлекалась театральными постановками и художественными выставками.

Окончив в 1964 году химический факультет, начинается ее долгая педагогическая деятельность. Она прошла все этапы от ассистента до профессора. В процессе она защищает кандидатскую (1970 г.) и докторскую (1988 г.) диссертации. Ее научная деятельность отражена более чем в 500 научных работах. Но наибольшим показателем ее трудовой деятельности являются ее ученики, которые трудятся в различных отраслях большой химической науки.

Заботливый наставник, прекрасный лектор и любимый педагог Маруан Рахметовна заслуженно пользуется уважением многих поколений выпускников химического факультета. Девизом всей педагогической деятельности профессора М.Р. Танашевой является изречение «Студент – это не сосуд, в который нужно влить, а факел, который нужно зажечь», поэтому каждый день она несет в аудиторию к студентам свой огонь сердца – огонь «Прометея», заслуживая любовь и уважение окружающих.

За свой неутомимый труд в области образования Республики Казахстан М.Р. Танашева заслуженно награждена нагрудным знаком «Отличник народного образования Республики Казахстан (1999г.)», премией международного научного Фонда Сороса, в 2000 г. признана «Женщиной года», ей присвоено звание «Лучший преподаватель ВУЗа 2009 года».

Маруан Рахметовна более полувека посвятила химической науке, образованию, подготовке химических кадров, химическому факультету КазНУ им.аль-Фараби и неустанной работе с молодежью. Но она не только крупный ученый и педагог, но также добрая и заботливая мама и бабушка своих сыновей и внуков.

В этом году Танашева М.Р. отмечает свой 80-летний юбилей, но драгоценные грани талантливого педагога и ученого, неутомимость характера и впредь будут служить интересам науки.

БЕЙСЕМБАЕВА Л. К.,
ПОНОМАРЕНКО О. И.,
МАТВЕЕВА И. В.
преподаватели кафедры
общей и неорганической химии
КазНУ им. аль-Фараби
Сыдыкбаева С.А. преподаватель
кафедры химии и биологии
ЖГУ им И. Жансугурова

Бейсенбі - Четверг, 25 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.40 Әнұран
06.05 Концерт
07.00 «TANSHOLPAN»
09.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.25 AQPARAT
10.00, 02.30 «HIT QAZAQSTAN»
10.55 «Элвин мен Алақоржындар »
11.15, 18.05 «Kim bilgir?»
12.05, 21.50 Т/х «Үзілмес үміт»
13.15, 18.50 «Konil tolqyny»
13.35 «Өмірдің өзі новелла». «Оралу»
14.35 «Іздедім сені»
15.30 «SHANYRAQ»
17.15, 04.15 «Көшпенділер»
17.40, 03.50 «KELBET»
17.55 «KIM BILGIR?»
20.55 «QAREKET»
22.45 «Ертұғырыл»
23.45, 03.20 «TYNGI STUDIO»

ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.00 М/с «Тобот»
07.30, 08.10, 09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00, 19.00 Т/х «Тергеушілер»
10.30, 19.30 Т/х «Шашу»
11.10, 22.20 «На крыльях любви»
12.10 «Білу маңызды »
12.40 «Балаларға өмір сыйла»
12.50 «Art global»
13.10 Т/с «Дом с лилиями»
15.00 «Тайны. Судьба. Имена»
15.50. 00.30 «Батыл жүрек»
16.50, 01.20 «Мектеп»
17.25 «Өмір жолы»
18.00 «Народный контроль»
18.15 Тұсаукесер «Қарақатпен шай»
20.00, 00.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Журналистік зерттеу»
20.50 Открытый диалог
21.00 Итоги дня
21.30 Т/х «Күлаш»
23.10 «Ұлы дала өркениеті»

АСТАНА

06.00, 20.00, 03.00 «Жаңалықтар»
06.30, 20.30 ,03.30 Новости «20:30»
07.00 Аружанмен бой жазу
07.10, 21.00 «Таңдауым сен» т/с
08.10 Разминка с Аружан
08.20 М/ф «Маша и медведь»
10.30, 22.00 Т/х «Абысындар»
12.30 «Келін бақыты» т/х
13.30 «Алдар Көсе»
14.00 Күндізгі жаңалықтар
14.20 «Moneytime»
14.40 «Тенгемания NEXT»
15.00 Т/с «Склифосовский»
17.30 «Ruh.kz»
18.00 «Бір тұған»
19.00 Т/х «№309»
00.00 «Қара нан»
02.00 «Көріпкел»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.20 «Ән дария»
06.40, 04.05 «Той заказ»
07.15, 18.00 «Басты жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 Т/с «Торгсин»
12.00 «Қалаулым»
15.00 «Лучше, чем люди»
16.55 «Пусть говорят»
18.45, 02.20 «Бір сұрақ»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.45, 23.00 Т/с «Невский»
22.00, 01.35 «П@УТІNA»
00.35 Ночной кинотеатр. Премьера «Зорге»

КТК

07.05 «Кешкі жаналықтар»
07.30 Т/х «Қайсар жесір»
08.30 Т/х «Тағдыр қосқан асыл жар»
09.50 Новости
10.30, 21.40 «Лесник»
12.30, 23.40 «Дожить до любви»
14.30 Х/ф «Восточные сладости-2»
16.35,01.30 Т/с «Саодат»
18.00 Т/с «Махаббат пен жаза»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00,03.50 «Астарлы ақиқат»
21.00 Вечерние новости
02.30 «Сүйікті Дениз» телеТ/с
04.35 «Әйел қырық шырақты»
05.20 «Көріпкел»
06.10-06.30 «Мерекелік концерт»

ЖЕТІСУ

07. 05 Ән әлемі.
07.30«Таңжарық» ақпараттысазды бағдарлама
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Ем болсын
10.15 Парасат
10.30 Ұлт пен рух
11.00 Телесериал «Ақ күң»
12.00 Шашу
12.50 Net.laik
13.00 Арнайы репортаж
13.25 Құтты қонақ
14.05 Док/сериал «Кровь на снегу» 3 серия
15.00 А.Мұсаходжаеваның концерті
16.45 Ем болсын
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Organic Life
18.00 Шашу
18.45 Organic Life
19.00 Тұжырым
19.30 Зерделі отбасы
20.10 Экорейд
20.30 Жаңалықтар
21.00 Тастүлек
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Ақ күң»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

05.40,06.00,12.30 «Жігіттер»
05.58 «ҚР ӘНҰРАНЫ»
07.00, 20.00 Информбюро
08.00 «Әзілдер жинағы»
10.00 М/с «Маша и медведь»
10.30, 21.00 Т/с «Махаббатым, кеш мені!»
14.30 «Алладин»
15.30 «Воронины»
18.00 Т/с «Отель Элеон»
23.00 «Әзілдер жинағы»
01.00 «What's Up?»
02.00 «Келіндер бәйгесі»
02.40 Әзіл студио
04.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
07.00,19.00 «Ата-ана.Балашаға»
08.00,20.00,03.00 «Элиф»
09.00, 21.40 «Шуберт»
11.15 «Смеяться разрешается»
13.30 Т/с «Ловушка»
14.30 «Q-елі»
15.00, 03.45 Ток-шоу «Өз ойым»
16.40 Т/с «вторая жизнь»
21.00 Лотерея 777
21.05 «Няня аға»
21.50 «СПЕЦОТРЯД КОБРА 11»
21.05 Скетчком «Няня аға»
01.00 The Эфир
01.30 «KZландия»
05.00 «Жеңіп көр»

Жұма - Пятница, 26 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.00,05.05 Әнұран
06.05 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт
07.00 «TANSHOLPAN» бағдарлама
09.00 AQPARAT
10.00,03.45 «HIT QAZAQSTAN»
10.55 М/х. «Элвин мен алақоржындар»
11.15 «Кім білгір?»
12.05 Т/х. «Үзілмес үміт»
13.00,17.00,20.00,01.40 AQPARAT
13.15,18.55 «Көңіл толқыны»
13.35 Т/х. «Өмірдің өзі новелла», «Қиянат»
14.35,19.10 Т/х. «Іздедім сені»
15.30 Ток-шоу «Shanyraq»
17.20 Serpin
17.50 «Balanyn konili» Деректі драма
18.05 «Кім білгір?»
20.55 «QAREKET»
21.50 «Өзіл әлемі»
22.45 Т/х «Ертұғырыл»
23.45 «Parasat maidany»
00.25 «Jangyryq» авторлық музыка
02.30 Т/х. «Достар»
03.00 Т/х. «Жүрекке жол»
04.35 «Тұлға» Ә.Тарази

ХАБАР

06.00,02.00 ҚР Әнұраны
06.00 Тамаша
07.00 М/с. «Тобот»
07.30,08.10,09.10 «Таңғы хабар»
08.00, 12.00 Жаңалықтар
09.00, 13.00 Новости
10.00, 18.35 Т/х. «Тергеушілер»
10.30,19.30 Т/х. «Шашу»
11.10 Сериал «На крыльях любви»
12.10 «Сені іздедім»
13.10 Сериал «Дом с лилиями»
15.00 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
15.50,01.10 Т/х. «Батыл жүрек»
16.40 Д/ф. «Тағдыр тартысы»
17.10 «Бабалар ізімен»
17.30 Новый сезон «Сана»
18.00 Біздің назарда
18.15 «Менің арманым»
20.00,00.40 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Бетпе-бет»
21.00 Итоги дня
21.30 Х/ф. «Медальон»
23.00 Khabar boxing

АСТАНА

06.00,20.00,03.00 Жаңалықтар
06.30,20.30,03.30 Новости «20:30»
07.00,21.00 Т/х. «Таңдауым сен»
08.10 Разминка с Аружан
08.20 М/ф. «Маша и медведь»
10.30, 22.00 «Абысындар» т/х
12.30 Т/х. «Келін бақыты»
13.30,02.30 «Kaznet» ғаламторға шолу
14.00 Күндізгі жаңалықтар
14.20 М/ф. «Алдар көсе»
15.00 Сериал «Склифосовский»
17.30 Ruh.kz
18.00 Т/х. «Бір туған»
19.00 Т/х. «№309»
00.00 «Келіндер» жобасы
00.30 Шоу «Ой мен ойын»
01.30 Т/х. «Қара нан»

ЕВРАЗИЯ

06.00,03.35 Ән дария
06.45, 18.00 Басты жаңалықтар
07.45 Жұма уағызы
08.00 Доброе утро
11.00 Сериал «Торгсин»
12.00 Қалаулым
15.00 Х/ф. «Портрет второй жены»
16.50 «Жди меня» Казахстан»
18.45,02.35 «Заң сәйлесін»
20.00 Главные новости
20.45 Поле чудес
21.50,00.00 Х/ф. «Чужие и близкие»
23.00,01.50 Паутина

КТК

07.00 ҚР ӘНҰРАНЫ
07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 «Қайсар жесір» Т/х
08.30 Т/х. «Тағдыр қосқан асыл жар»
09.50 Новости
10.30 Х/ф. «Лесник»
12.30 Х/ф. «Дожить до любви»
14.30 Х/ф. «Восточные сладости-2»
16.35,01.10 Т/х. «Саодат»
18.00 Т/х. «Махаббат пен жаза»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00,03.30 Астарлы ақиқат
21.00 Вечерние новости
21.40 Х/ф. «Шанс на любовь»
02.10 Т/х. «Сүйікті Дениз»
04.10 «Әйел қырық шырақты»
05.00 «Көріпкел»
05.50-06.10 Мерекелік концерт

ЖЕТІСУ

07.05 Ән әлемі
07.30 «Таңжарық» ақпараттысазды бағдарлама
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Ем болсын
10.15 Экорейд
10.30 Тұжырым
11.00 Телесериал «Ақ күң»
12.00 Шашу
12.50 Нетлайк
13.00 Зерделі отбасы
13.40 Тастүлек
14.00 Док/сериал «Кровь на снегу» 4 серия
15.00 Концерт «Әсетпен сырласу»
16.45 Ем болсын
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Organic Life
18.00 Шашу
18.45 Organic Life
19.00 Диолог. Прямой эфир
19.30 Болмыс
20.15 Экономика
20.30 Жаңалықтар
21.00 Ел мен жер
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Ақ күң»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

05.40, 06.00,12.30 Т/х. «Жігіттер»
05.58 ҚР Әнұраны
07.00,20.00 Информбюро
08.00,23.00 Әзілдер жинағы (каз)
10.00 М/с. «Маша и медведь»
10.30,21.00 Т/х. «Махаббатым, кеш мені»
14.30 М/с. «Алладин»
15.30 Сериал «Воронины»
18.00 Сериал «Отель Элеон»
01.00 «Whats Up?»
02.00 «Келіндер бәйгесі»
02.40 Әзіл студио
04.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
06.30,03.00 Т/х. «Себебі сен»
08.30 «Айнаонлайн»
09.00 «Смеяться разрешается»
10.50 М/ф. «Чебурашка»
13.00 «Национальная безопасность»
15.00,20.40 Скетчком «Q –елі»
16.20 Скетчком «Келінім, сен тында»
18.00 Скетчком «Няня аға»
19.00 Япыр-ай
19.30 Премьера «Япыр-ай»
20. 00 «Теле Бинго»
21.00 Лотерея «777»
21.05 Х/ф. «Рэкетир»
22.40 Х/ф. «Рэкетир-2»
01.10 Гадалка
04.30 Гу-гулет
05.00 Жеңіп көр!

Сенбі - Суббота, 27 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.00,04.50 Әнұран
06.05 «Ulttyq arnada – umytylmas ander»
07.30 Т/х. «Айналайын»
08.40,03.35 Көңіл толқыны
09.00 Дара жол
10.10 «Senbilik tan»
11.10 «Шипагер»
12.00, 02.45 «HIT QAZAQSTAN»
13.00 «Дастархан»
13.30 Әзіл әлемі»
15.15 Т/х. «Мұздағы жалын»
17.50 «Jaidarman» үздік әзілдер
20.00,04.15 «MASELE»
20.40 Тұсаукесер ток-шоу «BEY»
22.10 «QAIYRLY KESH QAZAQSTAN»
23.40 «JANGYRYQ» авторлық музыка
00.55 Драма «28 күн»

ХАБАР

06.00,04.00 ҚР Әнұраны
06.00 Ұят болмасын
06.45 Концерт «Шаңырақтың шырақшылары»
08.45 Өзін өзі тану
09.00,02.50 «Мен – чемпион»
09.30 М/с. «Юху и его друзья»
09.45 Сказка «Соленая принцесса»
10.45 National Geographic ұсынады «Марс»
11.30 Тайны. Судьбы. Имена
12.15 Д/ф. «Бір туынды тарихы»
12.45 Сені іздедім
13.30 Жұлдызды жекпе-жек
15.15 Х/ф. «Война богов: бессмертные»
17.15 Т/х. «Шашу»
19.15 «Қызық таймс»
20.15 «Миллион кімге бұйырады?»
21.00 Жеті күн
22.00 Д/ф. «Бокс стилі»
22.50 Профессиональный бокс
01.20 Сериал «Вишневый сезон»
03.20 Әсем әуен

АСТАНА

06.00 KazNet ғаламторға шолу
06.30, 21.00 Т/х.«Таңдауым сен»
07.30 М/ф. «Алдар көсе»
08.00,12.40 М/ф. «Маша и медведь»
09.30,12.00 Money Time
09.45,12.20 ТенгеманияNext
10.00,22.00 Т/х. «Абысындар»
13.00 М/ф. «Кунг-фу Панда: удивительные легенды»
14.00 «Шымкент шоу» әзілдері
16.30 Көркем фильм «Кешір»
18.00 Т/х. «Бір туған»
19.00 Ел аузында
20.00 Біздің уақыт
20.45 «Ғажайып Қазақстан»
23.00 Х/ф. «Пираньи 3 DD»
01.00 Деректі драма «Сырты бүтін»
02.00 Драма «Көріпкел»
03.00 Әзілстан
03.30 «Ой мен ойын» шоуы

ЕВРАЗИЯ

06.00 Сериал «В розыске»
07.00,03.00 Тамаша сити
07.50 Басты жаңалықтар
08.40,03.45 Ұшқалақ
08.50 Сериал «Мирт обыкновенный»
12.35 «Фабрика грез»
13.00,23.00,01.00 Паутина+
13.40 Лучше всех
15.10 Х/ф. «В тесноте да не в обиде»
17.00 Сериал «Вызов»
21.00 Басты бағдарлама
21.45,02.00 Кешкі кездесу
00.00 Х/ф. «Другой мир: войны крови»

КТК

07.00 ҚР Әнұраны
07.05 Көркем фильм «Тосын сый»
08.20 «Біздің концерт»
09.20 Х/ф. «Соседи»
13.45 Х/ф. «Процесс»
18.00 Е.Айдардың ән шашуы
21.00 Большие новости
22.00 Х/ф. «От судьбы не зарекайся»
01.30 Көркем фильм «Махаббат азабы»
03.00 Біздің концерт
04.00 Мерекелік концерт
05.00-06.00 КТК қоржынынан

ЖЕТІСУ

07.30 «Таңжарық» ақпараттысазды бағдарлама
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Ем болсын
10.15 Мультфильм «Ақсақ құлан»
10.30 Диолог.
11.00 Телесериал «Ақ күң»
12.00 Шашу
12.50 Net.laik
13.00 Болмыс
13.50 Ел мен жер
14.15 Док/сериал «Кровь на снегу» 5 серия
15.15 Концерт «Елім-ай»
17.00 Жаңалықтар
17.20 Новости
17.35 Organic Life
17.50 Ән әлемі
18.00 Зерде
18.45 Organic Life
19.00 Медкеңес
19.20 Құтқару қызметі
19.40 Полиция қызметі
20.00 Ауылдағы ағайын
20.30 Жаңалықтар
21.00 Бағбан
21.30 Новости
22.00 Зерделі отбасы
22.40 Әлем халқы мен елі
23.00 Жаңалықтар
23.25 Новости
23.50 Ән әлемі

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Әнұран
06.00,01.30 Алдараспан. Нысана. Шаншар әзілдері
08.00,02.30 Whats Up?
09.00 М/с. «Маша и медведь»
09.30 Готовим с Адель (повтор)
10.00 Готовим с Адель
10.30 Кино «Любовь по наследству»
12.30,00.00 Әзілдер жинағы
14.00 Х/ф. «Мулан»
16.00 Х/ф. «Мулан-2»
17.40 «Астерикс на олимпийских играх»
20.10 Х/ф. «Движение вверх»
23.00 Айта берсін
03.20 Әзіл студио
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00 Қыздар арасында
06.30,03.00 Т/х. «Себебі сен»
08.30 «Айнаонлайн»
09.00 «Смеяться разрешается»
10.50 М/ф. «Чебурашка»
13.00 «Национальная безопасность»
15.00,20.40 Скетчком «Q –елі»
16.20 Скетчком «Келінім, сен тында»
18.00 Скетчком «Няня аға»
19.00 Япыр-ай
19.30 Премьера «Япыр-ай»
20. 00 «Теле Бинго»
21.00 Лотерея «777»
21.05 Х\ф «Очень плохие мамочки»
23.10 Х\ф «Очень плохие мамочки -2»
01.10 «Гадалка»
05.00 «Жеңіп көр»

Жексенбі - Воскресенье, 28 сәуір

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Қайырлы кеш, Қазақстан!»
07.25 Т\х «Айналайын»
09.05 «Ақсауыт»
09.30 «Таңшолпан»
10.50, 01.30 «Дара жол»
12.10 «Ұлы дала сазы»
13.30 «Беу» ток-шоу
15.10, 03.25 «Тұлға»
15.40, 04.15 Т\х «Жаңа қоныс»
17.00 ,Сүйген жүрек» комедия
18.35 «Көңіл толқыны»
19.00, 02.35 «Мінбер»
20.00Апта
21.00 «Жаһан сапар»
21.20 КТА
23.05 Т\х «Ертұғырыл»
00.05 Концерт
03.55 «Ақсауыт»

ХАБАР

06.00 «Ұят болмасын»
06.45 «Тамаша»
07.25 Концерт
08.45 Самопознание
09.00, 09.15 М/с
10.45 «Сделано из вторсырья»
11.15 «Тарих. Тағдыр. Тұлға»
12.00 «Қызық таймс»
13.00 «Қарақатпен шай»
13.45 «Миллион кімге бұйырады?»
14.30 Х/ф «Авиатор»
16.20 Т\х «Күляш»
19.20 «Жұлдызды жекпе-жек
21.00 «Жеті күн»
22.00 Хф «Прежде, чем я усну»
23.45 Сериал «Вишневый сезон»
01.30 Концерт
03.00 «Тағдыр тартысы»
02.15 Драма «Мектеп»

АСТАНА

06.00 «Казнет»
06.30, 21.10 Т/х «Таңдауым сен»
07.30,08.00, 11.40, 13.00 М\ф
09.30, 11.00 «Монеу тайм»
09.45, 11.20 «Тенгемания»
10.00, 22.10 «Абысындар»
14.00 К\ф «Жоғалған бақ»
16.00 «Үмітінді үзбе»
18.00 «Бір туған»
19.00 «Ел аузында»
19.40 «Репортер представляет»
20.00 «Избр. за неделю»
20.45 «Бірегей»
23.10 Х\ф «Скайлайн»
01.30 «Көріпкел»
02.30 «Әзілстан»
03.00 «Ой мен ойын»
03.30 «Күлдірген»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Сериал «В розыске»
06.55, 02.35 Тамаша сити
07.45 «Басты бағдарлама»
08.30 «Ұшқалақ»
08.40 «Воскресеные беседы»
08.50 Х\ф «Любить и верить»
12.35 «Контент»
13.15 «Жизнь других»
14.15 Х/ф «Помощница»
16.00 Сериал «Райский уголок»
20.00 «Аналитика»
20.55, 02.00 «Паутина +»
21.30 Т\х «Махаббатым жүрегімде»
23.20 Х\ф«Альпинисты»
01.20 «Теория заговора» Ошибки после поста
03.20 «Тамада Батл»

КТК

07.05 «Жүрегім сен келгелі бақытты»
08.20, 04.20 «Өнім сен едің»
09.30 «Юрмала»
11.40 Х/ф «Позднее раскаяние»
15.30 Х/ф «Гадкий утенок»
19.30 «Дау-дамайсыз»
20.00 «Аптап»
21.00 «Портрет недели»
22.00 «Слуги народа»
22.30 Х/ф «Страшная красавица»
00.30 «Я стесняюсь своего тела»
02.00 «Тезірек жет, Джамшид» көркем фильмі
03.20 Концерт
05.10 «КТК қоржынынан

ЖЕТІСУ

09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 Мультьфильм
10.10 Балдаурен
10.45 Құтқару қызметі
11.00 Ауылдағы ағайын
11.25 Медкеңес
11.50 Ән әлемі
12.00 Бағбан
12.25 Зерде
13.15 Концерт «Жанған жұлдыздар»
14.50 К/ф «Менің атым Қожа»
16.20 Ел мен жер
16.45 Туржорық
17.05 Экорейд
17.30 Ұлт пен рух
18.00 Зерде
18.50 Ән әлемі
19.00 Спорт тайм
19.30 Балдаурен
20.15 Полицейская служба
20.30 Апта (қаз)
21.30 Апта (рус)
22.20 Концерт «Күреңбел»

31 КАНАЛ

06.00, 00.00 Алдараспан. Нысана. Шаншар.
08.00, 02.30 Wha,sApp
09.00 М/ф
09.40 Х\ф «Леди и бродяга»
11.30 Айта берсін
12.00 «Әзілдержинағы»
12.30 Фильм –концерт
14.30, 23.00 «Әзілдер жинағы»
15.20 Х/ф «Братец медвежонок-2»
17.00 Кино «Корпорация монстров»
19.00 Кино «Университет монстров»
21.10 Кино «Монстры на каникулах - 2»
03.20 «Әзіл студио»
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00 «Қыздар арасында»
06.30, 03.00 Т\х «Себебі сен»
08.30 «Айнаонлайн»
09.00 «Юморина»
10.50 Сериал «Дилетант»
15.00 К\ф «Егіз жігіттер»
17.10 «Бастық боламын-2»
20.30, 04.30 «Гу-гулет»
21.00 «Лотерея 777 »
21.05 Х\ф «Очень плохие мамочки»
23.10 Х\ф «Очень плохие мамочки -2»
01.10 «Гадалка»
05.00 «Жеңіп көр»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БІТІМГЕРШІЛІК

МЕДИАЦИЯ - ТАТУЛАСУ КЕПІЛІ

Қазіргі таңда халықтың аузынан, бұқаралық ақпарат құралдарының беттерінен «медиация» сөзі түспейді. Яғни, әлемдегі оның ішінде ТМД елдерінде қарқынды дамып келе жатқан институттардың бір. Индустриалдық және ақпараттық сұраныс, өрлеу және жаһандану заманында даулар мен жанжалдар санының өсуі олардың күрделенуіне әкеліп, және оны реттеудің басқа тетіктерін іздеу қажеттігі туындады.

Бүгінде бітімгерлік рәсімін қолданумен: АҚШ-та – 90%-ға жуық, Ұлыбританияда – 87%, Словенияда – 40%, ал Қытайда – 30% даулар шешіледі. Яғни, бұл тәсілді қолдану арқылы дауды шешудің тиімділігі халықаралық тәжірибемен өз дәлелін тапқан.Медиация – өзара қолайлы шешімге келу мақсатында медиатордың бейтарап жақ көмегімен тараптар арасында дауды (жанжалды) реттеу тәртібі. Медиацияның мақсаты – тараптардың шиеленіс деңгейін төмендету және даудың екі жақты да қанағаттандыратын шешіміне қол жеткізу. Медиация жеке немесе заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы, қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар және атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастарда қолданылады.

Даулар медиация рәсіміне қатыспайтын үшінші тұлғалардың және сот әрекетке қабілетсіз, не әрекетке қабілеті шектеулі деп таныған адамдардың мүдделерін қозғаса немесе қозғауы мүмкін болса, тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларға (дау-шарларға), сыбайлас жемқорлық қылмыстар және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы өзге де қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша медиация рәсімі қолданылмайды.

Медиатор медиация тарабы болып табылмайды және медиацияны соттан тыс, сондай-ақ дау сотта қаралып жатқан уақытында да тараптардың біреуінің өтініші бойынша және міндетті түрде екі жақтың келісімімен жүргізілуі мүмкін.

Әсел ҚАСЕНОВА,
Талдықорған қалалық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы.

ЗАМАН ТАЛАБЫ

Еліміздегі сот жүйесін одан әрі дамытуға арнайы жасалған жеті басым бағыты бойынша «Сот жүйесінің 7 түйіні» жобасы яғни, сот жүйесінің құндылығы, қазіргі заманда сот төрелігінің құндылығы сонау ғасырлардан қазақ билерінің төреліктерімен сабақтасып, үндесіп жатқандығы біздерде көп нәрсені меңзесе керек.

СОТ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ

Қазақстан Республикасындағы үшінші билік – сот билігі. Жалпы алғанда, сот жүйесінде атқарылып жатқан шаралардың негізгі мақсаты – соттар жұмысын тиімді ұйымдастыру болып табылады. Әлбетте, біздің қоғам бір орнында тұрмайды, ол әрдайым өсу ретінде. Сот жүйесі де заман талабына сай өзгеріп, даму үстінде. Жалпы алғанда, алдағы уақытта қоғамымызда мінсіз судьяның келбеті мен оған қойылатын басты талаптар анықталып, төуелсіз сот

Сот жүйесін дамытуға арналған жобаның 7 бағыты: «Мінсіз судья», «Үлгілі сот», «Әділ процесс», «Е-СОТ», «Оңтайлы орта», «Сапалы нәтиже», «Сотсыз татуласу орталығы» түгелдей талқыға салынып, жобаның 2020 жылға дейінгі сот жүйесін дамыту тұжырымдамамен үлесіп жатқаны баршамызға мәлім. Сот жүйесін жаңа даму деңгейіне көтеруі туралы аталған жобалардың негізгі ортақ міндеті – қоғамның соттарға деген сенімін арттыру атап айтуды жөн санадым. Құқықтық мемлекеттік белгісінің бірі сот билігінің заң шығарушы және атқарушы билік тармақтарына тәуелсіз қызмет атқаруы болып табылады.

төрелігінің халықаралық стандарттары негізінде қазақстандық қоғамның сұранысына сай жоғары кәсіби сот корпусы қалыптасып, сот төрелігін атқару кезіндегі судьялардың сыртқы және ішкі тәуелсіздігін заңнамалық, құқықтық және материалдық кепілдіктерін арттыру жұмыстары ойдағыдай жүзеге асып, сот саласы жаңа бір сапалық сатыға көтерілетініне сенім мол!

Мерей ТОҚТАҒҰЛОВА,
Алматы облысының №1 кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы.

ТАҒАЙЫНДАУ

ЖАҢА ТӨРАҒАНЫ ТАНЫСТЫРДЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен Алматы облыстық сотына төраға тағайындалды. Нұр-Сұлтан қаласынан арнайы келген Жоғарғы Соттың қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Абай Рахметуллин өңірлік соттардың судьялары мен облыстық соттың қызметкерлеріне Еліс Әбдіқадыровтың өмір жолын таныстырып, жаңа төрағаның еліміздің сот жүйесіне сіңірген еңбегі мен жасаған жұмысын паш етті.

Жоғарғы оқу орнын бітірген соң транспорттық, әскери прокуратураларында, еліміздің Бас Прокуратурасында, ҚР Әскери Соттың судьясы, Әскери Соттың басқарма төрағасы, Жоғарғы Соттың судьясы, Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы сынды жауапты қызметтерді атқарған Еліс Нұрқасымұлы Әбдіқадыров 1961 жылы 1 қаңтарда Алматы облысында дүниеге келген. Еліміздің сот жүйесіндегі еңбек өтілі 27 жылдан асатын жаңа төрағаны таныстырған Абай Жамбылұлы:

– Өмірін сот жүйесіне түбегейлі арнаған жан ретінде Еліс Нұрқасымұлының Алматы облыстық сотының төрағалығына тағайындалуы мемлекеттік саясаттың өңірлермен байланысын білдіреді. Оның тәжірибесі мен білімі еліміздің сот жүйесінің дамуына және Жетісу жерінде әділеттіліктің өркендеуіне үлес қосары анық. Сондықтан оның жұмысына табыс тілей отырып, өздеріңізбен бірге азаматтардың құқы мен бостандығын бірлесе қорғайды және қоғамның сенімін арттырады деп сенеміз. Ендеше, жаңа қызметіңіз құтты болсын! – деп өз тілегін арнады.

Одан соң сөз кезегін алған облыс әкімі Амандық Баталов жаңа төрағаның қызметіне құтты болсын айтты.

– Арамызға Еліс Нұрқасымұлының келуіне қуаныштымын. Жұмысына табыс тілеймін! Соттардың жазылмаған заңы әділеттілік орнату жолында талмай еңбектенуіне тілектеспін, – деген өңір басшысы Жетісу жерінің қиындығы мен мүмкіндігін саралап берді. – Тұрғындарының саны 2 миллионнан асқан облыс аумағында еліміздегі ең ірі мегаполистің бірі – Алматы қаласы орналасқан. Көршілес Қытай Халық Республикасымен, Қырғызстан Республикасымен шекарасы шектесетін өңір көпұлттылығымен де ерекшеленеді. Өзге облыстарға қарағанда Жетісу жеріне атажұртқа оралған қандастар көптеп келеді. Осындай ерекшеліктердің бәрін реттеу облыс басшылығы үшін үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бұған құқық қорғау органдарының қосар үлесі мол. Осы уақытқа дейін бізбен тығыз жұмыс жасаған Мейрамбек Таймерденовке ризашылық білдіремін. Сіздің де өңір жұртшылығымен тығыз қарым-қатынас орнататыңызға сенемін.

Бұдан соң судьялар мен облыстық сот ұжымының алдында сөз сөйлеген Еліс Нұрқасымұлы артылып отырған сенім үдесінен шығарына уәде беріп, артылған жауапкершілікке ризашылық білдірді.

Мәди АЛЖАНБАЙ.

СОТ КАБИНТІ

КӨПШІЛІККЕ ҚОЛАЙЛЫ СЕРВИС

Сот кабинеті – бұл электрондық ақпараттық сервис, ол сот органдарының онлайн сервисіне қолжетімді бірыңғай терезе болып саналады, сот ісін жүргізуді жеңілдету және азаматтар үшін сот жүйесінің қол жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында іске асырылған. Осы сервистің негізгі ерекшелігі азамат, оның заңды өкілі, адвокат немесе заңгер кез келген ыңғайлы уақытта, үйінен немесе кеңседен шықпай-ақ интернет желісі арқылы сот құжатын, сондай-ақ істегі мәртебесін қарай алады және сот актісін басып шығара алады.

Сот кабинеті сервисі арқылы заңды тұлғалардың мемлекеттік баж төлеу мәселесі шешімін тапты, жеке тұлғаның төлем карточкасы арқылы бажды төлеу, сондай-ақ төлем құжатының сканерден өткен көшірмесін беру мүмкіндігі бар. «Сот кабинеті» және «Сот құжаттарымен танысу» электронды сервистері Жоғарғы Соттың www.sud.kz ресми сайтында іске қосылған. Аталған қызметтерді электронды цифрлы қолтаңбасы бар азамат қана тұтына алады.

Қазіргі таңда сотқа заңды тұлғалардан келіп түсетін талап арыздар 100 пайыз электронды түрде түседі. Ол соттың да, сотқа жүгінген тұлғалардың да уақыты мен жұмысын азайтады. Мысалы, азамат немесе оның заңды өкілі өзінің уақыты мен қаражатын кетірмей, үйінен талап-арыз жіберсе, ол электронды түрде соттың базасына түседі. Сот қызметкері дайын электронды түрде түскен арызды тіркейді. Ол үшін ол құжаттарды сканерден өткізіп, базаға салып жатпайды, өйткені олардың барлығы дайын түседі. Айтып өтетін жайт, ол сот жүйесі қызметкерлерінің азаматтармен байланысын азайтады және сыбайлас жемқорлыққа бейімділікті азайтуға ықпал етеді.

Бұған қоса, Жоғарғы Соттың және жергілікті соттардың сайтында «Сот құжаттарымен танысу» сервисі іске қосылған. Аталған сервис сот өндірісінің жеделдігі мен қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сайтындағы электронды сот құжаттарымен танысуға мүмкіндік береді. Сотқа жүгінген азамат талап-арызы тіркелгені туралы талон алады, бірнеше күннен кейін оның ұялы телефонына оның арызы бойынша сот құжаты шыққаны туралы хабарлама келеді. Бұл ретте азаматтар сот құжатын алуға сотқа барып уақытын кетіріп, қаражатын шығындап, әуреге түспейді.

Жаңалықтар сервисі, істерді қарау тізімдері сервисі, нақты сот органы бойынша таңдап алу мүмкіндігімен тағайындалған сот отырыстары туралы ақпаратты (өткізу күнін, орнын және уақытын) онлайн режимде табуға мүмкіндік береді, тапсырылған құжаттар сервисі, қосымша пайдаланушысына мобильдік қондырғыға жүктеу мүмкіндігімен сот органдарына Сот кабинеті веб-сервисі арқылы жолданған барлық барлық құжаттарды көруге мүмкіндік береді.

Абзал ШАКУАЛ,
Алакөл аудандық сотының судьясы.

КҮРЕС

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Әділет тілесе атаның болса да айыбын айт» деп дана халқымыз бекер айтпаса керек. Ежелден жаны өтірікті, әділетсіздікті сүймейтін қазақ халқы әділдікті қалап, тіпті туған бауырының да айыбын жасырмаған. «Шындық жоқ жерде сұмдық көп» деп өскен ұрпақпыз. Алайда уақыт өте келе бабадан қалған тура жол да, әділдік те жоғалды. Басқа дамушы елдер сияқты біздің жас мемлекетімізді де жегі құрттай сыбайлас жемқорлық кеселі айналып өткен жоқ. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың Конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде.

Әрине,сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке қоғам болып атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

Г. ЕСІМБЕКОВА,
«Алтынемел» МҰТП-нің кадр инспекторы.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ

Тәуелсіздік алғалы бері жиырма жеті жыл ішінде заман өзгерді, дәлірек айтсақ заман түзелді, еліміз тәуелсіздік алып, қазақ тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болды. Соның нәтижесінде оған деген қамқорлық, қолдау күш санап күшейіп келеді.

КӨП БОЛЫП ҚОЛҒА АЛУ ҚАЖЕТ

Бірақ тек тіл мемлекеттік мәртебе алумен іс бітпейді екен. Тілдің қолданылу аясын кеңейту, тіл үйрету, іс қағаздарын ана тілімізде жүргізу және тағы да басқа проблемалар алдан шықты. Мемлекеттік тілдің сот жүйесіндегі аясын кеңейту мәселесіне де мән беруді көп болып қолға алғанымыз жөн сияқты. Мәселен, сотқа жіберілетін айыптау актілерін, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы толтыруға құқылы құзырлы органдар тарапынан мемлекеттік тілде толтыруын қатаң бақылауға алып, іс жүзіне асырса, мемлекеттік тілдегі қаралатын істердің саны да көбейіп, мәртебесі де артатыны сөзсіз. Себебі, көбінесе сотта қаралатын істер бойынша бір байқағаным, құқық бұзушының ұлты қазақ болса да тергеуші тарапынан, немесе полиция қызметкері тарапынан айыптау актілері мен әкімшілік хаттамалар орыс тілінде толтырылып, құқықтары да орыс тілінде түсіндіріліп жатады, ал сол құқық бұзушы сотқа келген жағдайда «мен орыс тілін жетік білмеймін, кейбір сөздерді түсінбеймін, полиция қызметкері хаттаманы орыс тілінде толтырған соң, хаттамаға қол қойдым» деген уәждерін айтып жатады. Сол себептен, әрбір Ішкі Істер қызметкері осы мәселеге келгенде өзіміздің ана тіліміздің аясын кеңейтіп, құқық бұзушылардың құқығын бұзбаса деген ұсыныс айтқым келеді.

Ертіс ОМАРОВ,
Талдықорған қалалық сотының судьясы.

БАЙҚАУ

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен
2019 жылдың 10 сәуір мен 3 мамыр аралығында «Қазақстанда контрафактіге орын жоқ» «Ең үздік қысқа бейнеролик (vine) 16-дан 29 жасқа дейін және 14-16 жас аралығындағы балалар арасында «2050 жылғы зияткерлік меншік және мемлекет модель» атты үздік эссеге республикалық конкурстар өткізіледі.

Қысқа бейне ролик (vine) конкурсына қатысудың шарттары:

♦ қатысушының Instagram желісіндегі жеке парақшасына ашық қол жеткізу;
♦ @adiletgovkz парақшасына жазылу;
♦ «Қазақстан контрафактіге орын жоқ» атты тақырыбына Instagram желісіне қысқа бейне ролик (vine) түсіріп, орналастыру;
♦ Бейне баянның сипаттамасында #КонкурсНЕТконтрафакту2019, @adiletgovkz орнату;
♦ Бейне роликтің ұзақтығы 1 минуттан аспайды.

Конкурс қорытындысы бойынша 2 жүлделі орын келесі номинациялар бойынша беріледі:

- «саны жағынан ең көп қаралған»;
- «ең мағыналы бейне ролик».

«2050 жылғы зияткерлік меншік және мемлекет модель» ең үздік эссесінің конкурсына қатысудың шарттары:

♦ қатысушылар конкурстық жұмыстарын қағаз және немесе электрондық форматта сандық тасымалдағышта USB, диск эссенің шағын көлемді және еркін композицияның прозалық құрамы №2 қосымшасына сәйкес тұратын жері бойынша Әділет департаменттеріне мекенжайына (электрондық мекенжайға) ұсынады.

♦ конкурсқа қатысуда туындаған сұрақтар бойынша төмендегі мекенжайға хабарласыңыздар: Алматы облысының Әділет департаменті. Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі 38 үй, байланыс телефоны 24-39-41.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

КҮРЕҢБЕЛ ӨҢІРІНІҢ ҚАЙСАР ҰЛЫ

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР СОҚПАҒЫ

Күреңбел өңірінің тарихына есімі алтын әріптермен жазылып қалған Ұлы Отан соғысының ардагері, колхоз құрылысының шебер ұйымдастырушысы Игібай Базарбаев тірі болса, биыл мамыр айының 10 жұлдызы күні 100 жасқа толар еді. Небәрі 67 жыл ғана өмір сүрген Игібай ата – соңында өшпес жақсы істердің тарихын жазып кеткен ұлтжанды абзал азаматтардың бірі. Есімі тіршілігінде-ақ аңызға айналған Игібай Базарбаев 1919 жылы 10 мамырда қазіргі Алматы облысы Кербұлақ ауданы Балғалы разъезінде кедей отбасында дүниеге келген. Ата-анасынан ерте айырылған ол Шұбар ауылындағы балалар үйінде тәрбиеленген. Кейін жетіжылдық мектепті бітірген соң Түргендегі жұмысшылар факультетінде оқып жүрген кезінде әскер қатарына шақырылады. 1939 жылы Мәскеу қаласы маңындағы 49 армияның 18 Гвардиялық дивизиясының полктік мектебіне алты айлық оқуға жіберіледі. Оны жақсы бітірген соң бөлімше командирі болып тағайындалады. Бұл кезде фашисттік Германия соғыс ашады деген дақпырттар жиі-жиі айтыла бастаған еді. Сондықтан, әскер қатарында міндеттерін өтеп жүрген жауынгерлердің дайындығын жақсарту туралы шұғыл шаралар жүргізілген болатын.

1941 жылдың 22 маусымы күні неміс басқыншылары соғыс жарияламастан бейғам жатқан біздің елдің шекарасын бұзып кірді. Игібайдың әскери дивизиясы Мәскеу түбіндегі Варшава тас жолымен жылжып келе жатқан неміс басқыншыларының қарулы күшіне төтеп берді. Олар Яхрамин, Клин, Юхнов, Калуга қалалары үшін жан беріп, жан алысқан қанды шайқастарға қатысты.

1942 жылдың шілде айында Игібай Базарбаев Калуға облысы Алексеевка қаласындағы әскери училищесінде саяси дайындықтан өтіп, лейтенант шенін алып, дивизияға қайтып оралды. Ол бірден барлаушылар тобының командирі болып тағайындалды. Бұл қарыс қадам жер үшін қиянкескі болып жатқан соғыстың өрті лаулап жанған ең қатерлі кезең еді. Алайда, жаужүрек қазақтың қайсар ұлы Игібай бастаған барлаушылар тобы 1942 – 1943 жылдар аралығында от пен оққа оранған майдан шебінің алдыңғы қатарынан отыздан астам «тіл» ұстап алып келіп, біздің әскер штабын аса маңызды мәліметтермен қамтамасыз етті. Осындай маңызды ақпараттардың көмегімен алға қарай ентелеген жаудың әскері мен техникасына бір сәт болсын тойтарыс беріліп отырды. Сол жылдары аса қауіпті тапсырманы орындау кезінде көрсеткен көзсіз ерлігі үшін Игібай Базарбаев әскери «Қызыл Ту» орденімен марапатталды.

1943 жылдың соңында Смоленск түбіндегі қанды шайқаста жау тылына барып, кезекті тапсырманы орындап қайтып келе жатқан Игібайдың барлаушылар тобы жауған оқ пен жарылған снаряд астында қалды. Қатты жараланып әскери госпитальға түскен Игібайдің өмірін сақтап қалу үшін дәрігерлер сүйегі уатылып кеткен сол аяғын кесіп тастады. Калуга, Прокопьевск қалаларында ауыр жарақатынан емделген жаралы жауынгер санитарлық эшалонмен Сібірдің Томск қаласында орналасқан госпитальға жөнелтілді. Сол қалада 1,5 жыл емделген жауынгер ілестіріп жіберген медбикенің көмегімен 1944 жылдың 10 мамыры күні жолаушы поездімен Сарыөзек станциясына келді.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР МЕРЕСЬЕВІ

Балалар үйінде тәрбиеленген жас жігіт Күреңбел өңірінде өзін ешкім қарсы алмайтынын ойлап қатты қиналып қалған. Не болса да балалықтың бал дәуренін өткізген туған жерді көру көп жылғы арманы еді. Вагоннан балдағымен әрең түскен жас жігіт алыстан мұнартқан Матай тауларын көріп көзіне жас алған. Туған жерінің ауасын кеудесін кере жұтқан жігіттің бір сәт қатты толқып кеткені бар. «Келуін-келдім-ау, енді қайда барамын?» деген сұрау көңілінде жазылып қалды. Одан кейін туған ауылы Шанханайға жетуді ұйғарды. Ол медбикенің көмегімен станцияның алаңына шыққанда бір қарияны көрді. Ол кісі балдақты жігітті танымай қалды. Ал, Игібай қарияны бірден таныды. Өзі тәрбиеленген балалар үйінің директоры Серәжі Әуелбеков майданнан қайтқан жігітті қарсы алу үшін жедел жетіпті. Осылайша жалғыз аяғымен туған жердің төсіне табан тіреген майдангер жігіт үшін енді басқаша өмір басталды.

Соғыс оты Батыста әлі өше қоймағандықтан майданды азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселесі аса маңызды еді. Ауылдарда жұмысшы күші жетіспегендіктен, барлық ауыртпашылық әйелдер мен балалардың мойнына жүктелген уақыт. Осыны көріп, жан дүниесімен түсінген Игібай қос балдақпен жүрсе де дереу өз еркімен еңбекке араласты. Сол жылдардан бастап Шанханай МТС-інің бастауыш партия ұйымының хатшысы, Ақсу ауданы Көкөзек МТС-інің директорының орынбасары, Панфилов аудандық партия комитетінің екіншісі хатшысы және осы ауданның атқару комиеті төрағасының орынбасары, Гвардия аудандық атқару комитетінің төрағасы, Шоқан атындағы колхоздың бастығы болып жауапты қызметтер атқарды.

Қаһарлы соғыстың отжалынында шыңдалған солдатты өзінің пешенесіне жазылған мүгедектігі де, өмірде кездескен қиыншылықтар да мұқалта алған жоқ. Қайта Игібайдың өмірге деген құштарлығы артты. Барлық өзіне жүктелген жауапты қызметтерді үлкен абыроймен атқарды. Отбасын құрды, бала сүйді, ағаш екті. Саналы ғұмырының 15 жылы бойы Жетісу жеріндегі Шоқан атындағы шаруашылықты басқарып, өңірдің экономикасының дамуына өлшеусіз үлес қосты. Жерлестері ол кісіні «Қазақтың қайсар Мересьеві» деп мақтанышпен атады.

Игібай Базарбаевтың еңбегі жоғары бағаланып, оның омырауына Ленин, Еңбек Қызыл ту, Оқтябрь революциясы, Құрмет белгісі ордендері тағылды. «Қазақ ССР-нің халық ағарту ісінің озық қызметкері», «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері» атақтарына ие болып, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Игібай атаның тағы бір үлкен айта кететін жақсы қасиеті ауыл жастарын қолдап, білім алуларына жағдай жасап, мамандардың қызмет бабында өсуіне тікелей ықпал етіп отырды. Сол жылдары атағы елімізге белгілі болған кілең сауыншы қыздар еңбек еткен тауарлы-сүт фермасын құрды. Колхозда тиянақты еңбектерімен көзге түскен бас маман, орта буынды мамандарға қатты қамқорлық көрсетті. Колхозшылар, малшылар, сауыншылар үкімет наградаларымен марапатталып жатты. Солардың қатарында Зылиха Тамшыбаева, Тоқсанбай Әріпов, Нұхитжан Құсайнов, Ахмет Әбдрахманов, Сыдықбек Дуанаев және басқа да еңбегімен ел құрметіне бөленген қыз-жігіттер болды.

ШОҚАН ЖАҚҚАН ЖҰЛДЫЗ

Игібай бала кезінен бастап Алтынемел тауының баурайындағы көне бейітте жатқан ақ мәрмәр тастағы жазуды сан қайталап оқитын. Ол бейітке жерленген ғалым Шоқан Уәлихановтың ғұмыр жолымен жете танысқан Игібай енді ойлана бастады. Шоқанның небәрі отыз жыл ғана өмір сүріп, жұлдыздай ағып өткенін білді. Білді де қатты сүйсінді. Ол жылдары да Абылай ханның шөбересі жас сұлтан Шоқанды айта беруге белгілі бір шектеу болғаны айдан анық.

Алайда 1957 жылы болған республикалық жиында көкшетаулық жігіттің Шоқанның Сырымбет тауының баурайына жерленгенін айтқанда, сол жерде отырған майдангер Игібай Базарбаев шыдай алмай, орнынан тұрып, ұлы ғалымның Алтынемел баурайында мәңгілік қоныс тапқанын және оның басында сол өткен ғасырда қойылған құлпытас бар екенін бүкіл жиналғандарға мәлім етеді. Мұны естіген қоғам қайраткері Ильяс Омаров жұмысшы тобын жіберіп, Шоқанның жатқан жерін анықтайды. Міне, осы сәттен бастап азаматтық жауапкершілігі мол Игібай Шоқан Уәлихановтың өз қолымен жағып кеткен жұлдызының одан әрі жарқырай түсуіне еңбек сіңіре бастайды. 1958 жылы қазақтың дарынды перзенті, ғалым Шоқанның зиратының басына Қазақ ССР-інің үкіметі ескерткіш-белгі қойылды.

Алайда Игібай үшін Шоқанға деген құрмет жеткіліксіз көрініп, көңілі алаң болды. Ол кісіні ұзақ жылдары «Неге біз Шоқанның мұражайын салмаймыз? Неге Шоқанның ескерткішін орнатпаймыз?» деген ойлар мазалап жүретін. 1978 жылдың 29 қыркүйегінде «Қазақ әдебиеті» газетіне берген сұхбатында Игібай Базарбаев: «Астық пен малдан кейінгі қазіргі міндет Шоқан Уәлихановтың тоғыз метрлік биіктігі бар, салмағы он тонналық қола ескерткішін көтеру болып тұр. Қағаздарын реттеп, ұсынысымызды жоғарғы орындар бекітіп берсе болды. Жұмыс басталады. Сонда Шоқанның екі ескерткіші бар жерде тағы не істеуге болады? Біз енді осы колхоздан ұлы ғалымға арнап мұражай үйін салуды жобалап отырмыз. Мұражай болған соң келімді-кетімді кісілер, туристер болады. Олар демалатын орын, тамақтанатын асхана болуы тиіс. Бірі басталса, екіншісі жалғасын табады. Уақытпен, адам тірлігімен оның іскерлігімен, жасампаздығымен ойнау қиын. Мен осының барлығын көңілімде жобалап жүрмін», – деп ағынан жарылған.

Майдангер Игібайдың арманы орындалды. 1979 жылы сонау жер түбіндегі Ленинградтың монеталық сарайында жасатқан бұл әлемге ойлана қарап тұрған Шоқан Уәлихановтың алып ескерткіші өзен бойындағы жотаға орнатылды. 1985 жылы «Алтынемел» мемлекеттік мемориалды мұражайы ашылып, Ленинградтың, Омбының, Фрунзенің, Алматының мұражайларынан жәдігерлер алдырылып, Шоқанның жарқын өмірін айқын көрсететін құжаттармен толықтырылды. Осылайша Игібай Базарбаев өзінің азаматтық парызын орындады.

Қазақтың біртуар ұлтжанды азаматының осындай еңбегін жоғары бағалаған жазушы Әнуар Әлімжанов «Шоқан туралы сөз» деген мақаласында «Игібай ақсақалдың алдында бас иемін», – деп жазса, орыс жазушысы Валерий Поволяев «Игібай Базарбаев қазақ елінің Мересьеві», жазушы Сәуірбек Бақбергенов «Майданда да, еңбекте де ерлік көрсеткен нағыз қазақ батыры» деп жазды. Бұдан да басқа толып жатқан мақала-очерктер, шығармалар Игібай атаның отбасындағы мұрағатта сақтаулы. Ұлы Жеңістің 70 жылдың мерекесіне орай соғыс және еңбек ардагері Игібай Базарбаевтың ғұмыр жолын, туған елі мен жерінің тыныс-тіршілігін баяндайтын «Қазақтың қайсар ұлы» атты естеліктер жинағы жарық көрді. Туған ауылы Шоқанда арнайы еске алу асы беріліп, құран бағышталды.

Нағыз қазақ қандай болады деген сұраққа, дәл қазір жауап тапқандаймын. Ес біліп, етек жапқан күннен бастап туған елдің амандығы, іргесінің бүтіндігі үшін қанды шайқасқа қатысып, ерлік көрсеткен, бейбіт өмірде даралығымен, іскерлігімен, көрегендігімен жарқын болашақтың кірпішін қалаған Игібай атаны нағыз қазақ деп атауға болады. Ол кісі жасанды аяғымен жүріп, сырт көзге іліне бермейтін тектілігімен, ұлтжандылығымен, қайсарлығымен, еліне өлшеусіз еңбек сіңірген. Ел бірлігін сақтап, жастардың өнегелі болып өсуіне өзіндік үлес қосқан. Тарихи тұлға Шоқанды өз дәрежесіне сай құрмет тұтып, басы жерге жеткенше сыйлап өткенінің өзі кемеңгерлік пен кісіліктің келбеті емес пе?

Игібай ата 1986 жылы маусым айында Алматы қаласында сол кездегі ел басшысы Дінмұхамед Қонаевтың арнайы берген пәтерінде өмірден көшкен. Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдық мерекесі қарсаңында Жетісу мен Күреңбел өңірінің ел-жұрты Игібай Базарбаевтың еңбегін үлкен құрметпен есіне алып, Шоқан ауылының ортасындағы өзі іргесін қалаған Мәдениет үйіне есімін беруді ұйғарыпты. Қазіргі кезде құжаттары рәсімделіп, жоғарғы жаққа жөнелтілген. Соңында игілікті іс, өшпес із қалдырған Игібай атаның ұрпақтары бүгінде қазақ елінің болашағы үшін еңбек сіңіруде.

Нұрила БЕКТЕМІРОВА.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

«Персональный калькулятор. Планирование пенсии»

В целях улучшения качества обслуживания населения АО «ЕНПФ» разработана инновационная услуга, с помощью которой каждый вкладчик сможет самостоятельно составить свой персональный пенсионный план. Сделать это можно на сайте Фонда enpf.kz в разделе «Электронные сервисы», вкладка «Пенсионный калькулятор». Калькулятор представлен в двух видах. Текущий – это более упрощенный вариант, с помощью которого могут рассчитать размер выплаты пенсионных накоплений, сформированных за счет обязательных пенсионных взносов те, кто выходит на пенсию в ближайший год. «Прогнозный» не просто рассчитает предположительный размер будущей пенсии, но и покажет, из чего она складывается и какой может быть при различных сценариях доходности и инфляции. Кроме того, предусмотрена функция «Перевод накоплений в КСЖ» для расчета минимально достаточной суммы пенсионных накоплений для заключения договора пенсионного аннуитета с компанией по страхованию жизни.

Для того, чтобы рассчитать размер будущей пенсии в прогнозном калькуляторе, необходимо заполнить все поля: дату рождения, пол, трудовой стаж, стаж участия в накопительной пенсионной системе, ввести сумму накоплений на сегодняшний день и среднюю заработную плату за последнее время. После этого необходимо нажать на кнопку «Произвести расчет». Если вы заходите в калькулятор через личный кабинет, поля заполняются автоматически, и расчет производится более точно.

При расчете будущей пенсии онлайн-калькулятор, если вы не зарегистрированы в личном кабинете, запросит текущую сумму ваших накоплений. Получить эту информацию можно безвозмездно и несколькими способами: через сайт ЕНПФ или мобильное приложение фонда, портал электронного правительства, по электронной почте. Также вкладчик может обратиться в любой офис ЕНПФ. При себе необходимо иметь удостоверение личности либо действующую ЭЦП.

Прогнозный калькулятор рассчитает будущую пенсию по трем сценариям: пессимистичному, реалистичному и оптимистичному. Это сделано для того, чтобы показать вкладчику все возможные варианты, которые учитывают предполагаемый уровень инфляции и возможную доходность.

Как пояснил директор филиала города Алматы АО «ЕНПФ» Амренов Нурлан Слямбекович, - «Во время расчетов калькулятор использует не только данные о личных накоплениях вкладчика. Задача персонального калькулятора – рассчитать совокупный размер будущей пенсии. А она, как известно, складывается из нескольких показателей: солидарной пенсии – ее получают из государственного бюджета люди, имеющие стаж до 1998 года, базовой, которая также выплачивается государством и ее размер зависит от трудового стажа и времени участия в накопительной пенсионной системе, и выплат из ЕНПФ – то, что вы успели накопить самостоятельно. У тех, кто делает добровольные отчисления, в итоговую сумму добавится и этот пункт. Более того, калькулятор рассчитает, на сколько лет хватит ваших накоплений, какую зарплату приблизительно вы будете получать на момент выхода на заслуженный отдых и покажет коэффициент замещения этой зарплаты совокупной пенсией».

Недавно в пенсионный калькулятор на сайте enpf.kz добавлена новая опция «Перевод накоплений в КСЖ». Калькулятор производит расчет суммы пенсионных накоплений, достаточной для заключения договора

пенсионного аннуитета с учетом минимальной пенсии. Вы вводите в запрашиваемую графу пол и автоматически получаете возраст для заключения договора – для мужчин 55 лет, для женщин 51 год. Далее вы задаете гарантированный период, в течение которого хотели бы получать выплаты из страховой компании, и калькулятор подсчитает сумму пенсионных накоплений, достаточную для заключения договора пенсионного аннуитета с учетом минимальной пенсии на текущий год. На данный момент женщине необходимо к этому возрасту иметь на счету 13 млн 580 тыс. тг., чтобы начать получать выплаты, а мужчине накопить от 9 млн 710 тыс. тенге.

Полученный расчет является предварительным на текущий календарный год, а окончательный расчет будет произведен при обращении в страховую организацию. Кстати, необходимо иметь в виду, что при расчете на сайте не учитываются расходы страховой организации на ведение дела, которые могут варьироваться в пределах от 0 до 3 процентов от размера страховой премии и от каждой страховой выплаты в соответствии с Постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 20 октября 2015 года №194.

Если после всех расчетов размер будущей пенсии оказался ниже собственных ожиданий, его можно увеличить путем внесения добровольных пенсионных взносов. Сейчас в ЕНПФ открыто около 50 тысяч таких счетов. Это и есть планирование пенсии и тот, кто хочет достойной жизни после окончания трудовой деятельности, тот уже сегодня должен предполагать, сколько надо накопить до пенсии. ЕНПФ, в свою очередь, старается предоставить все возможности и стать надежным помощником, советником и консультантом в формировании пенсионного капитала.

Более детально ознакомиться с услугой «Пенсионный калькулятор» можно на сайте АО «ЕНПФ» https://www.enpf.kz/ru/elektronnye-servisy/calcs.php

Ответы на вопросы читателей

1. Что нужно сделать, чтобы открыть пенсионный счет?

С 8 января 2019 года в соответствии с внесенными изменениями в пенсионное законодательство Республики Казахстан для открытия в ЕНПФ индивидуального пенсионного счета (ИПС) по учету обязательных пенсионных взносов (ОПВ) физическому лицу не нужно обращаться в ЕНПФ с целью оформления заявления об открытии ИПС, в т.ч. посредством веб-сайта ЕНПФ. В случае отсутствия у физического лица в ЕНПФ открытого ИПС по учету обязательных пенсионных взносов счет открывается в информационной системе ЕНПФ автоматически при поступлении первого взноса.

При этом идентификация физического лица осуществляется по персональным данным (ФИО, ИИН, дате рождения), указанным в электронном формате платежного поручения при перечислении ОПВ, а все необходимые сведения о реквизитах действующего документа, удостоверяющего личность физического лица, о месте постоянного проживания ЕНПФ получает из информационных систем государственных органов.

2. Что такое инвестиционный доход и как он начисляется?

Ежедневно на счета вкладчиков и получателей ЕНПФ распределяется инвестиционный доход, который зависит от суммы накоплений, длительности периода, в течение которого производились пенсионные взносы, от размеров пенсионных взносов и их регулярности. Расчет инвестиционного дохода зависит от стоимости условной пенсионной единицы (УПЕ). Пенсионные накопления на каждом ИПС учитываются в тенге и в УПЕ.

Количество УПЕ рассчитывается при каждом поступлении пенсионных взносов путем деления суммы поступившего взноса на стоимость УПЕ в ЕНПФ. Предположим, на Ваш ИПС поступил пенсионный взнос 10 000 тенге. При стоимости УПЕ, к примеру, на 20.02.2019г. - 748 тенге, количество УПЕ, которые будут зачислены на Ваш счет, составит 10 000 тенге / 748 тенге = 13,4 УПЕ. При расчете стоимости УПЕ на 21.02.2019 г., с учетом начисленного инвестиционного дохода, стоимость УПЕ, к примеру, составляет 750 тенге. Количество УПЕ, которые были зачислены на Ваш счет, подлежат переоценке по текущей стоимости УПЕ следующим образом: 13,4 УПЕ * 750 тенге = 10 050 тенге.

Таким образом, Ваши пенсионные накопления на 21.02.2019г. составят 10 050 тенге, при этом пенсионные накопления состоят из инвестиционного дохода - 50 тенге и суммы зачисленных взносов - 10 000 тенге. Данное увеличение пенсионных накоплений связано с начислением инвестиционного дохода, которое нашло отражение в увеличении стоимости УПЕ на 2 тенге (750 тенге – 748 тенге).

Исходя из вышесказанного, следует, что размер пенсионных накоплений и инвестиционного дохода зависит от суммы и периода поступления взносов. Поэтому важно, чтобы взносы на индивидуальный пенсионный счет поступали регулярно и в полном объеме.

3. Кто может открыть добровольный пенсионный счет?

Открыть добровольный пенсионный счет (ДПВ) может любой гражданин Казахстана. Вы сами вправе определить для себя сумму, комфортную для семейного бюджета, чтобы вложить на счет эти «свободные деньги». Здесь не столько важен размер отчислений, сколько их регулярность. Ведь именно от этого в конечном счете зависит, будет наша пенсионная корзина полной или нет.

Добровольные пенсионные взносы могут отчислять и юридические лица. Отличие лишь в том, что физлица могут вносить деньги за себя и за своих близких, а юридические лица - в пользу третьих лиц, например, своих сотрудников. Заключить договор о пенсионном обеспечении за счет добровольных пенсионных взносов также могут и несовершеннолетние. Но в этом случае законный представитель должен предоставить необходимый пакет документов.

Если вкладчик заключает договор о пенсионном обеспечении в свою пользу, то достаточно только его удостоверения личности. Если же в пользу третьего лица, то потребуются документы, удостоверяющие личность обоих. Юридические лица предоставляют пакет документов, который представлен на сайте enpf.kz.

4. Как оформляются пенсионные выплаты?

9 октября 2018 года постановлением Правительства Республики Казахстан утверждены Изменения и дополнения в постановление Правительства Республики Казахстан от 2 октября 2013 года «Об утверждении Правил осуществления пенсионных выплат из пенсионных накоплений, сформированных за счет обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов из единого накопительного пенсионного фонда, и методики осуществления расчета размера пенсионных выплат». С этой даты для оформления пенсии за счет средств государственного бюджета (базовой и солидарной) и получения выплат из ЕНПФ за счет обязательных пенсионных взносов и обязательных профессиональных пенсионных взносов гражданам, достигшим пенсионного возраста, необходимо обращаться с единым заявлением и пакетом документов в Центр обслуживания населения Государственной корпорации «Правительство для граждан».

На основании указанного заявления получателю будет оказана в том числе и проактивная услуга по выплате государственной гарантии (разницы между суммой фактически внесенных обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов с учетом уровня инфляции и суммой пенсионных накоплений).

При этом расчет ежемесячных пенсионных выплат за счет обязательных пенсионных взносов и обязательных профессиональных пенсионных взносов будет производиться в ЕНПФ.

Выплаты за счет бюджетных средств и пенсионных накоплений из ЕНПФ будут осуществляться в один день и на один банковский счет, указанный в заявлении.

Прием заявлений для получения выплат пенсионных накоплений из ЕНПФ на сегодняшний день возможен в следующих случаях:

- в связи с выездом на постоянное место жительства;
- установления инвалидности I или II группы бессрочно;
- выплаты на погребение и наследование;
- выплат по добровольным пенсионным взносам;
- при заключении договора пенсионного аннуитета со страховой организацией.

5. Как гарантируется сохранность вкладов?

В Законе РК «О пенсионном обеспечении» гарантия сохранности пенсионных накоплений со стороны государства появилась в 2003 году. С этого момента государство взяло на себя обязательство сохранности средств на индивидуальных пенсионных счетах, причем не только в размере фактически сделанных обязательных взносов, но и с учетом инфляции. Другими словами, если к моменту выхода на заслуженный отдых накопления ввиду роста цен будут ниже инфляции, то эту разницу восполнят за счет республиканского бюджета. Активно заработал этот механизм с 2009 года, когда в результате финансового кризиса доходность пенсионных активов снизилась.

Государственная гарантия выплачивается вкладчикам при наступлении права на пенсионные выплаты. Это право получают: лица, достигшие пенсионного возраста, инвалиды I и II групп, если инвалидность установлена бессрочно, граждане, выехавшие на ПМЖ за пределы Казахстана, а также иностранцы и лица без гражданства, которые перечисляли обязательные пенсионные взносы и обязательные профессиональные пенсионные взносы. В случае смерти вкладчика, имеющего право на выплату госгарантии, деньги перечисляются наследникам. Для этого помимо заявления и копии удостоверения личности наследникам необходимо предоставить нотариально заверенные свидетельства о смерти и праве на наследство.

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

БӘСЕКЕ

ТОКИО ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ЖАРЫС КЕСТЕСІ ЖАРИЯЛАНДЫ

Токио Олимпиадасының ұйымдастыру комитеті төртжылдық бәсекесінің жарыс кестесін жариялады. 2020 жылдың 24 шілдесі мен 9 тамызы аралығында ұйымдастырылатын дүбірлі сында спорттың 33 түрінен 339 спорттық оқиға өтеді деп жоспарлануда. Бұл – рекордты көрсеткіш.

Олимпиада ойындарында әдеттегідей футбол додасы ерте басталады. 22 шілде күні бейсбол мен футболдан тұсаукесер матчтар өтеді. Ашылу салтанаты өтетін күні ескек есу мен садақ атушылар жарысы жоспарланған. Олимпиаданың алғашқы жүлделер жиыны 25 шілде күні өз иесін таппақ. Жергілікті уақытпен 8:30-да әйелдер арасында 10 метрге пневматикалық винтовкамен атудан жеңімпаздар анықталады.

Сондай-ақ 6 спорт түрінен қатысушылар жүлдеге таласып, садақ ату, веложарыс, семсерлесу, дзюдо, таэквондо және ауыр атлетикадан жалпы есебі 11 медаль жиынтығы сарапқа салынады.

Әйелдер мен ерлер арасындағы 3х3 баскетбол бәсекесі 25 шілде күні басталады. Скейтбординг 26 және 27 шілдеге жоспарланған.

1 және 2 тамыз күндері ең көп жүлде таратылады. Сенбі 1 тамыз күні жалпы есебі 21 спорттық бәсеке жоспарланған. Олимпиада ойындарына алғаш рет енген дзюдодан аралас командалық сын, триатлон мен атудан аралас командалық бәсекеден сол күні Олимпиада чемпиондарын анықтаймыз.

Жексенбі 2 тамыз күні жүгіруден әйелдер арасындағы марафон, 100 метрге жарысудан ерлер арасындағы финал, ерлер мен әйелдер арасындағы спорттық гимнастика бәсекесінің финалы, сондай-ақ теннистен ерлер арасындағы турнирдің ақтық сыны өтеді. Аталған жарыс күнінде семсерлесу мен жүзуден соңғы медальдар жиынтығы таратылады.

Жабылу салтанатынан бір күн бұрын, яғни 8 тамыз күні 30 финалдық бәсекенің куәгері атанамыз. Бұл Олимпиада ойындарындағы ең тартысқа толы күн болмақ. Футбол мен бейсболдан, баскетбол мен тағы да көптеген спорт түрлерінен Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері анықталады.

Олимпиаданың соңғы жарыс күні ерлер арасындағы марафоннан басталады. Тап осы күні Токио көшелерінде халық көбейіп, төртжылдық додасы мәресіне жетеді. Токио Олимпиадасының ең соңғы алтын жүлдесін су добынан ерлер командасы сарапқа салады.

Olympic.kz

ЖҮГІРУ

ПАРИЖДЕ ЕРЕКШЕ МАРАФОН ӨТІП, ОҒАН 60 МЫҢДАЙ АДАМ ҚАТЫСТЫ. ОЛАРДЫҢ ҮШТЕН БІРІ ШЕТЕЛДЕН КЕЛІПТІ. АРАСЫНДА 20-ДАН АСТАМ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БОЛҒАН.

ПАРИЖДЕГІ МАРАФОНҒА ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ҚАТЫСТЫ

«Astana» велокомандасының бас менеджері Александр Винокуров марафонды 2 сағат 55 минутта жүгіріп өтіп, жақсы нәтиже көрсетті. Тағы бір белгілі отандасымыз 42 шақырымнан асатын қашықтықта өзін сынап көрді.

Әлем бойынша өтетін марафондардың арасында Париждегісі ең танымал. Себебі ол жақсы ұйымдастырылуымен, жолдардың тегістігімен әрі қаланың ең көрікті жерлерінде өтетіндігімен ерекше.

Жыл сайын Парижде рекордтар орнату дәстүрге айналған. Биыл да француздық спортшы әйелдер арасындағы елдің үздік жетістігін жаңартты. Алайда қатысушылардың көбі рекорд үшін емес, өзін сынап көру үшін келеді. Қазақстандық актриса Айсұлу Әзімбаева өмірінде алғаш рет марафонға қатысып, 3 сағат 46 минутта жүгіріп өткен. Бұл 5 айлық дайындығының жемісі.

Айсұлу Әзімбаева, актриса:

– Спорт маған күш берумен қатар, кәсібіміде де көмектесіп жүр. Марафон тек дене шынықтыру ғана емес, ең алдымен бұл мінез қайсарлығы және эмоция жағынан өзіңді ұстау қабілеті. Марафонда жүгіре алатын адамдардың рухы мықты болады деп ойлаймын.

Қатысушылар саны бойынша Париж марафоны жаңа рекорд орнатты. Алғаш рет оған 60 мың адам тіркелген. Алматы тұрғыны Жанболат Қадыровтың пікірінше, салауатты өмір салты әлемде кеңінен таралып келеді.

Жанболат Қадыров, кәсіпкер:

– Жұрт спортсыз өмір сүруге болмайтынын түсіне бастады. Тұрмысы жақсарғандықтан шығар, адамдар дұрыс тамақтануына, өз денсаулығына көбірек көңіл бөлетін болды. Шынын айтайын, мән әуесқоймын, спортпен ешқашан айналысқан жоқпын. Тек соңғы бес жылда жүгіру, велосипед тебу және суға жүзумен белсенді айналысып жүрмін.

Қырық үшінші Париж марафонында Эфиопия және Кения спортшылары бәрінен озып шықты. Алайда шара ережесі бойынша қатысушылардың түгелі жеңімпаз саналады. Биыл олардың қатарында қазақстандықтар да бар.

Әлия СЫЗДЫҚОВА,
Бекхан ТЕПСАЕВ.

«КӨКТЕМ ЖҰЛДЫЗДАРЫ»

ҚЫЗЫЛОРДАДА ӘЛИЗАБЕТ ТҰРСЫНБАЕВАНЫҢ ЖҮЛДЕСІНЕ АРНАЛҒАН ТУРНИР БАСТАЛДЫ

ҚЫЗЫЛОРДАДА ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРІ ӘЛИЗАБЕТ ТҰРСЫНБАЕВАНЫҢ ЖҮЛДЕСІНЕ АРНАЛҒАН «КӨКТЕМ ЖҰЛДЫЗДАРЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АШЫҚ ТУРНИРІ БАСТАЛДЫ.

Мәнерлеп сырғанаушылардың сайысына еліміздің әр өңірінен 150-ге жуық өрен қатысуда.

Тартысты турнирдің тағылымды тұсы да аз болған жоқ. Төрт айналымдық сальхов жасап әлемді аузына қаратқан Элизабет Тұрсынбаеваны дүбірлі додаға қатысушы балғындар асыға күтті.

Мұз ханшайымы әсемдікпен астасқан сүйікті қойылымдарының бірін мүдірмей билеп шықты. Оның өнеріне деген құрмет пен ыстық ықыласты қаумалаған жанкүйердің жылы лебізінен байқадық.

Элизабет Тұрсынбаева, әлем чемпионатының күміс жүлдегері:

– Менің бүгінгі сезімімді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Бүгінгі жарысқа қатысушы, мәнерлеп сырғанауға қызығушы балалар өте көп. Мен дәл мұндай жоғары деңгейде өтеді деп ойламадым. Осындай қолдаудың арқасында алдағы халықаралық жарыстарда жеңіске жетуге тырысатын боламын. Елімнің намысы мен абыройын асқақтату – басты арманым.

Жарысқа 6 мен 17 жас аралығындағы жасөспірімдер қатысуда.

Мұзда өрнек салған өрендердің өнеріне қарап, өр биіктерді бағындыруға шын бел буғанын байқауға болады. Мәселен, 8 жастағы Нариман Молдабектің мәнерлеп сырғанауды үйреніп жүргеніне бір жылдай ғана болса да, аймақтық жарыстарда бірнеше рет жеңіс тұғырының ең биік сатысынан көрінген.

Лариса Давыдова, мәнерлеп сырғанаудан жаттықтырушы:

– Қазақстан үшін, қызылордалық жастар үшін Элизабет алға жетелуші, жол сілтеуші жұлдыз дер едім. Біз оны мақтан тұтамыз, әрқашан қолдаймыз. Бұл турнир балалардың шеберлігін шыңдауға, мәнерлеп сырғанауды дамытуға мүмкіндік береді.

Пышақтың жүзіндей конькимен мұз үстінде ойнай салу оңай емес. Алайда мына балғындар күрделі элементтерден де жүрексінбейді. Есімі тарихта алтын әріптермен қашалған Элизабет Тұрсынбаеваның жүлдесіне арналған турнирдің түпкі мақсаты да жаңа дарындарға жол ашу. Және олардың арасынан нағыз чемпиондар шығады деп сенеміз.

Нұрлан ЖАҚЫПБЕКОВ.

ТИТУЛДЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК

ӘЛІМХАНҰЛЫ ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГТЕ ЖОҒАРЛАДЫ

Орта салмақта өнер көрсететін қазақстандық боксшы Жәнібек Әлімханұлы (6-0, 2 КО) алғашқы титулды жекпе-жегінде жеңіске жеткеннен кейін өз дивизионының рейтингінде жоғарлады. Бұл – оның титул үшін алғаш жұдырықтасуы.

25 жастағы Әлімханұлы 12 сәуір Лос-Анджелестегі Staples Center аренасында жұдырықтасты. Бұл кештің басты оқиғасында жеңіл салмақта WBA (Super) және WBO чемпионы украиналық Василий Ломаченко (12-1, 9 КО) британиялық Энтони Кролланы (34-6-3, 13 КО) нокаутқа түсірді.

Қазақстандықтың қарсыласы 27 жастағы мексикалық Кристиан Оливас (16-4, 13 КО) болды. Жекпе-жек толық он раунда өтіп, Әлімханұлы төрешілер шешімімен жеңді. Осылайша, жерлесіміз WBO Global және WBC Continental Americas белбеуін иеленді.

Бұл жетістік арқасында Жәнібек Әлімханұлына орта салмақта BoxRec рейтингінде 52-ші орынға көтерілді.

Әлімханұлы осымен алтыншы жекпе-жегінің барлығында жеңіске жетіп отыр. АҚШ-та ол 2018 жылдың сәуірінде жұдырықтаса бастап, бұл елде төрт кездесу өткізді. Ал Оливас бесінші рет жеңіліп отыр, сонымен бірге, оның 16 жеңісі бар.

Айта кетейік, Әлімханұлы мен Ломаченконың ісін де Top Rank компаниясы жүргізеді.

vesti.kz

ТАЛҚЫ

ТҮЛЕКТЕР ГРАНТТАН ҚҰР ҚАЛУДА

Сенат депутаттары үкіметтен халықаралық деңгейде жоғары жетістікке жеткен спортшыларды кешенді тестілеуден босатуды сұрап отыр. Сенаторлар депутаттық сауалын премьер-министрдің орынбасары Гүлшара Әбдіқалықоваға жолдады. Депутат Мұрат Бақтиярұлының айтуынша, өнер және спорт саласындағы колледждерде оқып жүріп, биік белестерден көрінген түлектер кешенді тестілеуден сүрініп, жоғары оқу орнына грантқа түсе алмай қалады.

«Қазір еліміздегі өнер саласындағы 7 колледжде жыл сайын 600-ден астам түлек бітірсе, ал спорт саласында маман дайындайтын 5 арнайы колледжді 200-ге жуық түлек тәмамдайды. Жыл сайын түлектердің 70%-ы жоғары оқу орындарына құжат тапсырады. Алайда соңғы жылдары колледж түлектерінің жоғары білім алуына белгілі бір кедергілер туындауда», – деді Бақтиярұлы сенаттың жалпы отырысында.

Мәселен, оның айтуынша, былтыр «дене шынықтыру және спорт» мамандығына бөлінген 450 грантқа 2 353 өтініш берілген, оның ішінде 1222 спортшы бар. Алайда байқау қорытындысы бойынша олардың тек 107-сі ғана білім грантына ие болыпты.

«Нәтижесінде жүздеген спортшы, әр түрлі жарыстардың чемпиондары мен жүлдегерлері, халықаралық дәрежедегі 11 спорт шебері, 50 спорт шебері және 300-ден астам спорт шеберіне үміткер мемлекеттік гранттан тыс қалды», – деді сенатор.

Гранттан құр қалғандар қатарында фристайлдан Еуропа чемпионы Аяулым Әмренова, дзюдодан әлем чемпионы Айболат Ыстыбай, каратэден әлем чемпионатының қола жүлдегері Иоанна Белых, қол күрестен Нәрік Динара, каратэден Азия чемпионы Гүлдана Оспанова және тағы басқалары бар.

«Құрметті Гүлшара Наушақызы, жоғарыда аталғандарды негізге ала отырып, арнайы колледждердің түлектерін өнер мен спорт саласындағы жеткен табыстарына сәйкес кешенді тестілеуден босатудың тетіктерін қарастыруыңызды сұраймыз», – деді Мұрат Бақтиярұлы.

sputniknews.kz

Алатау
Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел : 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau_offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

САНДЫҚТАҒЫ СӨЗ

Бағлан – марқадан жетілген, кепеге жетпеген қойдың төлі.
Бадал – ұйысып өскен қалың бұта, ағаш шоғыры; жүзі, сырты; өгізге, атқа жегіп, жер жыртатын соқаның тісі, тіс темірі.
Баданша – ұсақ дәндер, түйіршіктер.
Бадашы – сиыр бағушы.
Бажы – таңба, белгі.
Баз – қаршыға; дымқыл, ылғал жер.
Байғат – тағзым, құрмет; ант, келісім.
Байрам – мереке, мейрам; бет-пішін, әлпет.
Бақадар – батыл, еркін.
Балаған – қабырғалары ағаштан құрастырылып, шөппен жабылған уақытша баспана; театр, цирк және эстрадалық ойын-сауық көрсету үшін уақытша тұрғызылған үй-жай.



НАҚЫЛ СӨЗДЕР

Балалықтың қанына ойын азық.

Өлең айтушы әнпаз адамдарды жүртқа есерсоқ деп көрсетпей, есті деп қадірлі етіп көрсетуге тырысу керек.

Өлең-жыр – көңілді түзететін машина.

Ақыр түбінде қара бұлт ашылып, қазақ жастарының да әлеуметтік теңдікке жететініне, өз елін бақытқа бастар азамат боларына, бүкіл қазақ қауымының қапастан құтыларына сенімім бар.

Білеміз ынтымақсыз іс оңбайды,
Тартынып шу-шулеткен кісі оңбайды.

Ана тілі қайнаған қанның, қиналған жанның, толғантқан көңілдің, лүпілдеген жүректің сығындысы, онда дәм де, мән де болу керек.

Тілден – зікір, көңілден – пікір.

Сұлтанмахмұт ТОРАЙҒЫРОВ.

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚОНАҚТАРЫ!

25 сәуір күні Талдықорған қаласындағы І. Жансүгіров атындағы мәдениет үйінде айтыс өнерінің дүлдүлдері Балғынбек Имашев, Сара Тоқтамысова, Айнұр Тұрсынбаева және Жандарбек Бұлғақовтың «Ұлы дала ән мен жыры» атты рухани кеші өтеді. Билеттер мәдениет үйі кассасында сатылады.

25% жеңілдікпен жазыл!



Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек. Қазір елімізде мемлекеттік мерзімді баспасөздерге жазылу аяқталды. Десек те, біздің «Алатау» газетіміз халықтың сұрауы бойынша, бағасы 25% жеңілдікпен «Өз сүйікті газетіңе жазыл» акциясын ұйымдастырып отыр. Сіздің енді кез келген «Қазпошта» бөлімшесінде еш кедергісіз «Алатауға» жыл соңына дейін жазылып, ұтысқа ие болу мүмкіндігіңіз бар.

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

Қазақы күн райын болжау тәсілі

ҚЫЗЫР ҚАМШЫСЫ

Сәуір айының орта кезінен аса бере алғаш найзағай ойнайды, жаңбыр жауады, жер бусанады, оңтүстікте жаздың жайлы күндері басталады. Осы сәттердегі найзағайдың жарқылын халық: "қызырдың қамшысы шартылдады, қыс кетті" деп есептейді.

ТОБЫЛҒЫ ЖАРҒАН

Сәуірдің соңғы күндерінде 2-3 күнге созылатын суық жел соғады. Бұл— тобылғы бүршік жарды, яғни өсімдіктер тамыр жайды, алғашқы көк шыға бастады деген сөз.

ҚЫЗЫЛ ЖҰМЫРТҚА

Мамыр айының алғашқы онкүндігінде дала(су) құстары балапанын шығара бастайды. Ел аузында қызыл жұмыртқа деп аталатын осы кездерде 1-2 күнге созылатын суық болады.

ҚҰРАЛАЙДЫҢ САЛҚЫНЫ

Мамыр айының аяғында болатын суық жел. Осы желге қарсы киік өз құралайларын (лағын) аяқтандырып, жүгіртіп, өргізеді. Киіктің жаппай төлдеуі 2-3 күннен арыға созылмайды. Киіктің тағы бір айта кетерлік ерекше қасиеті— оның ешкісі кез келген құралайды емізіп, бауырына ала береді. Киік құралайының далада жетім, жалғыз қалмауы осыдан. Алла тағаланың құдіретімен киік төлдеген уақытта, қасқырлар ет жемейді.

ҮРКЕРДІҢ БАТУЫ

Маусым айының басында үркердің мүлде көрінбей кетуі. Кейде мұны үркердің жерге түсуі дейді. Осыдан кейін 40 күн шілде басталады. «Үркер жерге түспей жер қызбайды» дейді халық жұлдызшылары мен есепшілері.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

Құрметті оқырмандар! Акция мерзімі редакция алқасының шешімі бойынша мамыр айына дейін ұзартылғандығын хабарлаймыз. Әлі де газетке жазылып, ұтыс иеленуге мүмкіндіктеріңіз бар.

«АЛАТАУ» – ХАЛЫҚҚА ЕҢ ЖАҚЫН БАСЫЛЫМ

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:	ЦЕНА ПОДПИСКИ:
РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ	**С РЕДАКЦИИ**
3 айға – 600 теңге.	3 месяца – 600 тенге.
6 айға – 1200 теңге.	6 месяцев – 1200 тенге.
ОБЛЫСТЫҚ БАҒЫНЫСТАҒЫ ҚАЛАЛАР ҮШІН	**ДЛЯ ГОРОДА НЕОБЛАСТНОГО ЗНАЧЕНИЯ**
3 айға – 858, 63 теңге.	3 месяца – 858, 63 тенге.
6 айға – 1717, 26	6 месяцев – 1717, 26 тенге.
АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНА	**ДЛЯ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ**
3 айға – 914, 49 теңге.	3 месяца – 914, 49 тенге.
6 айға – 1828, 98 теңге.	6 месяцев – 1828, 98 тенге.

Индексі: 16534

Құрылтайшы "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор Айтақын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:
Шынар ЖЕҢІСҚЫЗЫ — редактордың орынбасары
Гүлназ ЕРДАУЛЕТОВА — тілші
Данагүл БЕРЕКЕТ — тілші
Ақбаян АҚЫБАЕВА — тілші

Кезекші редактор: Г. ЕРДАУЛЕТОВА.

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42; факс: 41-09-29
E-mail: alatau_offset@mail. ru
E-mail: www. alatau. kz@mail. ru

Газет 07. 08. 2001 жылдан бастап шығады.

Таралымы 8098
Тапсырыс № 539
Индекс 15534